In the modern world, foreign language education plays a crucial role in successful integration into global society. Learning a foreign language develops language skills used in intercultural communication, promotes understanding of the culture of the target language country, and opens opportunities for students in the fields of education and career. However, there are a number of problems that teachers and learners face in the process of foreign language learning. The aim of this article is to analyze the main problems of foreign language education, identify factors affecting the quality of teaching and learning foreign languages, and propose solutions to these issues.

Analyzing the flaws in foreign language education is important for improving teaching methods, enhancing students' understanding of the learning material, and increasing the effectiveness of the educational process. This study will identify the key issues in foreign language education and suggest solutions to these problems, along with recommendations to improve the quality of language learning.

Thus, based on personal experience and guided by the views of scholars such as Ivanova N.N. , Sidorova A.A. and Lebedeva E.I. who have thoroughly described the flaws of modern foreign language education, a number of following problems can be identified:

1. A shortage of qualified foreign language teachers, which leads to a decline in the quality of education.
2. Limitations in access to information about the culture of the target language country, which makes it difficult to understand the language and apply it in practice.
3. The limited amount of time allocated for foreign language study. In some schools, only 2 academic hours are given for the subject at the primary education level, which is highly insufficient for language learning and leads to poor material acquisition.
4. A lack of understanding of the importance of the "foreign language" subject in education, resulting in a lack of focus during the learning process.

5. The absence of language practice and real-life language situations, which hinders the development of speaking skills.

6. Differences in language structures and features, the presence of unique structures that have no counterparts in the native language, which may confuse students and complicate the learning process.

7. Limited opportunities for language practice outside of school, which can also slow down the process of foreign language learning.

Real language practice, involving communication with native speakers, remains one of the main problems. Without constant contact with native speakers, it is difficult for students to develop real communication skills and master the living language. For example:Many educational institutions in regional areas have limited opportunities for organizing exchange programs, trips abroad, or communication with native speakers, which reduces the effectiveness of learning.

Modern students often show low motivation to study foreign languages, which is linked to various factors, including the perception of foreign language education as redundant or irrelevant to their future careers. For example, in some cases, students believe that knowledge of a foreign language does not play a significant role in their professional life, especially if they do not plan to work in an international environment.Technical students may consider learning a foreign language unnecessary, as their professional tasks are focused on highly specialized knowledge rather than communication .

In some educational institutions, traditional teaching methods are still used, mainly focusing on grammar and translation, which does not contribute to the development of communication skills. This leads to insufficient readiness among students to use the language in real-life communication situations.In some English language classes, mechanical memorization of grammar rules and vocabulary may dominate, with little attention given to speaking or listening practice There may be students in the same class with different levels of knowledge and abilities. Methods that do not take into account individual differences in students can lead to low learning effectiveness, as not every student can master the material at the same speed or in the same learning style.For example In one class, there might be students with a high level of language proficiency and others who have just started learning. A lack of attention to differentiated approaches can lead to uneven material comprehension.

Based on the above-mentioned problems, several prospects for the development of foreign language education can be identified:

1. The use of modern technologies for learning foreign languages, such as online courses and language practice apps, which will allow students to study the language independently.

2. The development of intercultural education, which will help learners understand the cultural nuances, customs, and traditions of the countries where the target language is spoken.

3. Cooperation between educational institutions from different countries, which will help create student and teacher exchange programs for better language practice.

4. Improving the qualifications of foreign language teachers, which will help identify the best methods of foreign language teaching.

5. Government support for foreign language education programs, which will help increase motivation and interest in learning foreign languages.

LITERATURE:

1. "Проблемы иноязычного образования: анализ и пути решения" - Иванова Н.Н., Петров П.П.

2. "Роль иностранных языков в современном образовании: проблемы и перспективы" - Сидорова А.А., Козлов В.В.

3. "Методика преподавания иностранных языков: современные подходы и проблемы" - Лебедева Е.И., Смирнова О.В.

4. "Интеркультурное образование: вызовы и перспективы" - Григорьева Т.П., Кузнецова Н.И.

5. "Иноязычное образование в контексте современной образовательной политики" - Белова Т.М., Иванов А.А.

УДК 37.018.43:811.111

Айнабек А.Ғ.,
Магистрант
«7М01711- Шет тілі мұғалімдерін даярлау»
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ
Алматы, Қазақстан
e-mail: ayazhan.ainabek@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін: Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесі негізгі құзыреттіліктерді, соның ішінде жаһандық коммуникацияға және кәсіби қызметке дайындықта маңызды рөл атқаратын коммуникативтік құзыреттілікті

дамытуға бағытталған. Қазақстан Республикасының жаңартылған Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) қарым-қатынас жасау, сыни ойлау және мәдениетаралық өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыруға баса назар аударады. Сонымен қатар қазіргі таңда жалпы білім беру мекемелерінің оқу үдерісінде интерактивті оқыту әдісі ерекше орын алуда. Сондықтан зерттеу барысы заманауи технологияларды пайдалана отырып, интерактивті әдіс арқылы орта мектеп оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі қарастырылады.

Тірек сөздер: Қазақстан Республикасының жаңартылған Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, коммуникативтік құзіреттілік, интерактивті оқыту әдісі.

Ainabek A.G.,
Master's student
«7M01711 - Training of teachers of a foreign language»
Ablaikhan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: ayazhan.ainabek@mail.ru

DEVELOPMENT OF COMMUNICATIVE COMPETENCE OF SECONDARY SCHOOL STUDENTS THROUGH INTERACTIVE TEACHING METHODS BASED ON STATE EDUCATIONAL STANDARDS

Abstract: Kazakhstan's current education system focuses on developing key competencies, including communicative competence, which plays a crucial role in preparing students for global communication and professional activities. The updated State Compulsory Educational Standard (SCES) of the Republic of Kazakhstan emphasizes the development of communication, critical thinking, and intercultural interaction skills. Moreover, interactive teaching methods now hold a special place in the learning process of general education institutions. Therefore, this research examines the process of developing communicative competence in secondary school students through interactive methods using modern technologies.

Keywords: updated state compulsory educational standard of the republic of kazakhstan, communicative competence, interactive teaching method.

Бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру парадигмасы оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған, олардың ішінде коммуникативтік құзыреттілік ерекше орын алады. Қазақстан Республикасының жаңартылған мемлекеттік білім беру стандарты аясында оқытудың құзыреттілікке негізделген тәсіліне ерекше назар аударылады, ол білім алушылардың тек білімін ғана емес, сонымен қатар оны іс жүзінде қолдану дағдыларын дамытуын көздейді. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті орта білім беру мемлекеттік стандартына сәйкес, шетел тілдерін оқытудың басым міндеттерінің бірі – лексика-грамматикалық, әлеуметтік-мәдени және стратегиялық құрамдастарды қамтитын коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Стандартта рөлдік ойындар, пікірталастар, жобалық жұмыс және тілдік дағдыларды дамытуға ықпал ететін цифрлық технологиялар сияқты интерактивті әдістердің маңыздылығы атап өтіледі [1].

Қазіргі заман талабына сай, жаһандық білім беру үдерісінің даму тенденциялары оқу барысында жаңа педагогикалық технологияларды енгізуді көздейді. Бұл технологиялар түлектің өзін-өзі дамытуға және тәрбиелеуге қабілетті әрі ынталы жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған. Еліміздегі жаңа әлеуметтік-экономикалық ахуал білім беру жүйесінің қазіргі міндеттерін шешу үшін дәстүрлі оқыту тәсілдері жеткіліксіз екенін көрсетті. Бұл жағдайда инновациялық технологиялар мен интерактивті әдістердің маңызы артады. Біз оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы ең тиімді құрал ретінде интерактивті әдісті қарастырамыз. Интерактивті әдіс – бұл өзара әрекеттесуге негізделген оқыту процесі, яғни оқушылардың бір-бірімен және оқытушымен белсенді қарым-қатынас жасауына бағытталған тәсіл. Бұл әдіс оқушының оқу процесіндегі белсенділігін арттырады. Мемлекеттік білім беру стандарттары құзыреттілікке негізделген тәсілді іске асыру үшін жоғары және орта білім беру ұйымдарында белсенді және интерактивті сабақ формаларын кеңінен қолдануды міндеттейді.

Шетел тілін оқыту үдерісіне интерактивті әдістерді енгізу коммуникациялық дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқарады. Мұғалім мен оқушы арасындағы ойын түріндегі өзара әрекеттесу сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етіп, оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырады. Интерактивті оқыту тәсілдері тілдік бірліктерді меңгеруге, күнделікті тақырыптарды талқылауға, пікірталастарға қатысуға, сондай-ақ өз ойларын еркін білдіруге қолайлы жағдай жасайды. Узакбаева С. А. жүргізген зерттеулерге сәйкес, интерактивті оқыту әдісі оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда тиімді құрал болып табылады, өйткені ол белсенді өзара әрекеттесуге, сыни ойлауды қалыптастыруға және оқу үдерісінде дербестікті дамытуға ықпал етеді. Бұл тәсіл оқушылар тек теориялық білімді меңгеріп қана қоймай, оны түрлі сөйлеу жағдайларында іс жүзінде қолдану дағдыларын да игеретін коммуникативтік қанық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді [3].

Интерактивті оқыту, оқу процесіне қатысушылардың – оқушылардың мұғаліммен, бір-бірімен және білім беру ортасымен белсенді өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді, сонымен қатар оқыту процесінің пәндік аспектілерімен, өзара ықпалдастық ақпараттарымен және білім беру ортасының дидактикалық

мүмкіндіктерімен байланыстырылады (мысалы, интерактивті тақта, интерактивті теледидар, оқу компьютерлік бағдарламалары және т.б.). Осы анықтамалардың үйлесуі интерактивтілікті білім беру процесінің қатысушылар мен білім беру ортасы арасында тікелей немесе жанама өзара әрекеттесулерді қалыптастыруына ықпал жасайды.

Интерактивті оқыту әдістерінің негізгі өлшемдеріне келесі аспектілер жатады: «еркін пікір алмасу мүмкіндігі, материалды өз бетінше баяндау, дәрістер санын қысқартып, семинарлар үлесін арттыру, студенттердің белсенділігі, ұжымдық жұмысты талап ететін топтық тапсырмалар, семестр бойы жүйелі бақылау, сондай-ақ жазбаша жұмыстарды орындау». Жоғары білім беру жүйесінде басты қағидаттардың бірі – студенттердің мүдделерін ескеру болып табылады. Осыған байланысты университет оқытушыларының міндеті – оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және олардың оқу процесіне қызығушылығын арттыруға бағытталған тиімді оқыту әдістері мен тәсілдерін әзірлеп, енгізу [7].

Интерактивті оқыту әдістері келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- Оқушылардың оқытылатын пәнге деген қызығушылығын арттыру.
- Тиімді коммуникация дағдыларын дамыту арқылы оқу процесін шынайы өмірге жақындату.
- Стреске психологиялық тұрақтылықты қалыптастыру.
- Қақтығысты жағдайларды шешу дағдыларын үйрету.

Бұл мақсаттар оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту тұрғысынан ерекше маңызды. Е.А. Быстрова, А.А. Евтюгина, Э.Ф. Зеер, Л.С. Зникина, И.А. Зимняя, Л.К. Гейхман және басқа да зерттеушілердің еңбектеріне негізделген «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымын зерттеу оның құрылымдық компоненттерге негізделген тұтас жүйе екенін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жүйе тұлғаның білімі, білігі мен дағдыларын, сондай-ақ оларды кәсіби қызметте қолдану қабілетін қамтиды.

Коммуникативтік құзыреттілік Қазақстандық зерттеушілер С. С. Құнанбаева, Д. Н. Құлыбаева, Л. Н. Қарабаева сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қарастырылады. Олар өз жұмыстарында жаңартылған білім мазмұны жағдайында коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығын атап өтеді. С. С. Құнанбаева коммуникативтік құзыреттілік тек тілді білу ғана емес, оны мәдениетаралық қарым-қатынаста қолдана білу қабілетін де қамтитынын көрсетеді. Д. Н. Құлыбаева тілдік дағдыларды қалыптастыруда интерактивті әдістердің рөлін ерекше атап өтеді. Л. Н. Қарабаева оқыту үдерісіне цифрлық технологияларды біріктіруді коммуникативтік құзыреттілікті дамытудағы маңызды фактор ретінде қарастырады.

Коммуникативтік құзыреттілік – бұл қоршаған ортамен және алыс серіктестермен өзара әрекеттесу тәсілдерін білу, топта жұмыс істей білу және ұжымдағы әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеру. Студент өзін таныстыру, хаттар мен сауалнамалар толтыру, сұрақтар қою, пікірталастарға қатысу және басқа да қарым-қатынасқа байланысты тапсырмаларды орындай білуі керек. Осы мақсатта оқу процесінде коммуникацияның нақты объектілері мен олармен жұмыс істеу әдістері әр оқу кезеңінде қолданылады.

Коммуникативтік құзыреттілік – бұл қарым-қатынас міндеттеріне сәйкес вербалды және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын пайдалану қабілеті, тіл нормаларына, жеке тәжірибеге және қарым-қатынас жағдайына сүйене отырып, сөйлеу құрылымдарын дұрыс құру және түсіндіру дағдысы. Сондай-ақ, бұл өзгенің пікірін қабылдауға және өз ойларын жеткізуге дайын болуды, білім, білік және тәжірибені тиімді қолдануды қамтиды.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, коммуникативтік құзыреттілікті дамыту тұлғаның келесі негізгі қасиеттерін қалыптастырумен тығыз байланысты: білім, практикалық тәжірибе, ойлау қабілеті, эмоциялар, ерік-жігер және құндылықтар. Бұл құзыреттіліктің даму деңгейі студенттің болашақ кәсіби қызметінің тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру екі жақты процесс болып табылады: ол ақпаратты әртүрлі білім беру кезеңдерінде (бастауыш, орта және жоғары) сөйлеу арқылы жеткізуді және ұйымдастырылған өзін-өзі дамытуды қамтиды. Бұл үздіксіз дамудың біртұтас жүйесін құрайды.

Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда елеулі орын алады. Оларды таңдауда оқу процесін ұйымдастырудың формалары ескеріледі. Осы әдістер негізінде сабақтарды өткізудің келесі кезеңдері әзірленеді: материалдағы мәселені анықтау, оны топтарда шешу жолдарын іздеу, ұсынылған шешімдерді талқылау, оңтайлы нұсқаны таңдау және міндетті түрде сабақтың рефлексиясы. Мұндай сабақтардың негізгі элементтері диалог (немесе полилог) және заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану болып табылады [7].

Интерактивті әдістерге келесі тәсілдер жатады:

- Ойын әдістері (рөлдік және жағдаяттық ойындар).
- Пікірталас әдістері (дебаттар, кейстерді талдау).
- Шығармашылық әдістер (миға шабуыл).
- Жобалық әдістер (зерттеу жобаларын әзірлеу).
- Ақпараттық-компьютерлік әдістер (виртуалды форумдар немесе вебинарлар) [8].

Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мен жетілдіру кезеңдерін зерттеу білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені тілдік ортаға ену және әртүрлі деңгейлердегі тілдік құрылымдарды меңгеру дәл осы қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Сондықтан бұл мәселе өзектілігін жоғалтпайды. Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың белсенділігін арттыратын және тілдік кедергілерді жеңуге көмектесетін коммуникативтік жағдайларды модельдеуді қамтиды. Ағылшын тілі сабақтарында

мұндай әдістер қарым-қатынас барысында қателіктерді азайтуға және сөйлеу дағдыларын жақсартуға ықпал етеді [9].

Шетел тілін оқытудағы түрлі әдістер мен тәсілдерді зерттеудің маңыздылығы тиімді интерактивті жаттығулар мен ойын материалдарын таңдаумен тығыз байланысты. Коммуникациялық дағдыларды біртіндеп қалыптастыру қажет болғандықтан, оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейіне сәйкес келетін тапсырмаларды анықтау маңызды.

В.Лихан зерттеуінде жаһандану шетел тілдерін оқытудағы коммуникация әдістерінің әртүрлілігін арттырғанын атап өтеді [10]. Ю.В. Жупан интерактивті технологиялардың ағылшын тілін меңгерудегі рөлін талдап, әртүрлі әдістер мен жұмыс формаларының тиімділігін қарастырады. Автор оқу бағдарламаларын оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып әзірлеу қажеттігін көрсетеді [11].

Т. Григорьева және т.б. еңбегінде кейс-оқыту, жобалық жұмыстар, іскерлік ойындар және мультимедиялық құралдарды қоса алғанда, сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи технологиялардың маңыздылығына назар аударылады [12]. Ю.Д. Новия және өзге де авторлар тобы ерте жастан цифрлық құрылғылармен өзара әрекеттесетін қазіргі буын үшін интерактивті технологиялардың оң әсерін атап көрсетеді [13].

Х.К. Сун және А. А. Азиз сабақтарды жоспарлауда шығармашылық көзқарасты дамыту және оқу үдерісінің икемділігін арттыру мәселелерін қарастырады. Авторлар онлайн оқыту жүйесіне көшу дәстүрлі әдістердің интерактивті тәсілдермен алмастырылуына ықпал еткенін атап өтеді [14]. Ф. Тума зерттеуінде білім беру технологияларын енгізу және интерактивті оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау мәселесін қарастырады. Ол технологияларды пайдалану оқушылар арасындағы коммуникацияны жақсартып, интерактивті қарым-қатынасты дамытуға көмектесетінін анықтайды [15].

Зерттеудің теориялық негізін интерактивті технологиялардың шетел тілін меңгеру үдерісіне ықпалын талдауға арналған ғылыми еңбектер құрайды. Әсіресе, коммуникативтік өзара әрекеттестікті күшейтетін ойын әдістері мен жұмыс түрлеріне ерекше мән берілді. Қазіргі педагогикалық зерттеулер тиімді коммуникациялық ортаны қалыптастыруға бағытталған, бұл оқушылардың тілдік дағдыларын күнделікті өмірде және болашақ кәсіби қызметінде қолдануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әртүрлі елдердің педагогикалық тәжірибесі қарастырылып, қолданылатын әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктері сарапталу арқылы интерактивті тиімділігі дәлелденді.

Салыстырмалы талдау әдісі интерактивті оқыту әдістерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, пікірталастар, интерактивті және рөлдік ойындар, жобалық жұмыстардың тиімділігі сараланып, олардың жас ерекшеліктеріне және білім деңгейіне сәйкестігі анықталды. Осылайша, бастауыш, орта және жоғары сынып оқушылары үшін ең қолайлы тапсырмалар іріктеледі. Сондай-ақ оқушылар мен мұғалім арасындағы өзара әрекеттестіктің маңыздылығы мен оны күшейту жолдары қарастырылды.

Атап айтқанда, проблемалық коммуникативтік жағдайларды модельдеу, әртүрлі форматтағы пікірталастар ұйымдастыру, жобалар жасау, интерактивті және рөлдік ойындар өткізу орта мектеп оқушыларының коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға әсерін тигізеді . Яғни әр әдіс оқушылардың қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуына, топтық коммуникацияны нығайтуға және мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді қарым-қатынас орнатуына жағдай туғызады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес интерактивті оқыту әдісін енгізу білім беру жүйесіндегі перспективті бағыттардың бірі болып табылады және оқушылардың тілдік даярлығының жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Интерактивті оқыту әдістері білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытады. Бұл әдістер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырумен қатар, тиімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Интерактивті технологиялардың шетел тілін меңгерудегі рөлі ерекше атап өтіледі, өйткені олар тілдік кедергілерді жоюға және сөйлеу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқу процесінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдану оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604 «Об утверждении государственных общеобразовательных стандартов образования всех уровней образования» // Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 1 ноября 2018 года № 17669.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулар 24.10.2011).
3. Узакбаева С. А. Білім беру үдерісіндегі интерактивті оқыту әдістері. Алматы: ҚазҰУ, 2019. 120 с.
4. Құнанбаева С. С. Қазіргі шетел тілдік білім берудің теориясы мен практикасы. Алматы: Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, 2010. 200 с.
5. Құлыбаева Д. Н. Шетел тілдерін оқытудағы интерактивті технологиялар. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2020. 150 с.
6. Қарабаева Л. Н. Білім беру үдерісін цифрландыру және коммуникативтік құзыреттілік. Қарағанды: ҚарМУ, 2021. 130 с.

7. Добрынина Д. В. Инновационные методы обучения студентов вузов как средство реализации интерактивной модели обучения // Вестник Бурятского государственного университета. 2010. № 5. С. 172-176.
8. Чубаркова Е. В., Карасик А. А., Ломовцева Н. В. Формирование готовности преподавателей вуза к использованию информационно-образовательной среды в своей деятельности // Образование и наука. 2013. № 3. С. 111-125.
9. Лонгнекер Н. Ғылыми коммуникацияларды оқытудағы жиырма жыл – жеке рефлексия // Journal of Science Communication. 2022. Т. 21, № 07.
10. Lehan V. Қашықтықтан оқыту және ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудың интерактивті әдістері // Journal of Interdisciplinary Research. 2021. Т. 11, № 1. С. 34-38.
11. Жупан Ю. В. Жалпы білім беретін мектепте ағылшын тілін оқытудың интерактивті әдістері. 2021. 45 с.
12. Григорева Т. Ересектерге шет тілдерін оқытудың интерактивті әдістері // Humanities Studies. Series of Pedagogy. 2021. № 44. С. 36-45.
13. Новиа Ю. Д. Жоғары сыныпқа арналған ағылшын тілін оқытуда электрондық оқыту модулін қолдану арқылы интерактивті оқыту // Journal of Education, Language Innovation, and Applied Linguistics. 2022. Т. 1, № 2. С. 125-134.
14. Сун Х. К., Азиз А. А. Ковид-19 пандемиясы кезінде ағылшын тілін онлайн оқыту: жүйелі әдебиеттерге шолу (2020-2022) // International Journal of Academic Research in Progressive Education and Development. 2022. Т. 11, № 2. С. 678-699.
15. Тума Ф. Дәрістерде интерактивті оқыту үшін білім беру технологияларын қолдану // Annals of Medicine and Surgery. 2021. Т. 62. С. 231-235.

Айнабек Д.Н., - магистрант 2 года обучения
Узакбаева С.А., – д.п.н., профессор
КазУМОиМЯ им. Абылай хана

СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

Аннотация. В статье рассматривается значение и содержание формирования коммуникативной культуры будущих учителей иностранного языка. Коммуникативная культура является важным аспектом, направленным на повышение профессиональной компетентности, личностного развития и способности к межкультурному общению учителей. В исследовании на основе мнений ряда ученых анализируется структура коммуникативной культуры, ее роль в межличностном общении, а также связь с формированием межкультурной компетентности учащихся. В статье представлена информация о значении педагогической подготовки для развития коммуникативной культуры, активном участии учащихся и формировании эмпатии и навыков взаимодействия.
Ключевые слова. Коммуникативная культура, будущие учителя, профессиональная компетентность, межкультурное общение, педагогическая подготовка, учебно-воспитательный процесс.

Айнабек Д.Н., - 2 курс магистранты
Ұзақбаева С.А., - п.ғ.д., профессор
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Аңдатпа. Мақалада болашақ шетел тілі мұғалімдерінің коммуникативті мәдениетін қалыптастырудың мәні мен мазмұны қарастырылады. Коммуникативті мәдениет – бұл мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін, тұлғалық дамуын және мәдениаралық қарым-қатынас жасау қабілетін арттыруға бағытталған маңызды аспект. Зерттеуде бірқатар ғалымдардың пікірлері негізінде коммуникативтік мәдениеттің құрылымы, оның тұлғааралық қарым-қатынастағы рөлі, сондай-ақ оқушылардың мәдениаралық құзыреттіліктерінің қалыптасуымен байланысы талданады. Мақалада коммуникативті мәдениетті дамыту үшін педагогикалық даярлықтың маңызы, оқушылардың белсенді қатысуы және эмпатия мен өзара әрекеттесу қабілеттерінің қалыптасуы туралы ақпарат беріледі.
Тірек сөздер. Коммуникативті мәдениет, болашақ мұғалімдер, кәсіби құзыреттілік, мәдениаралық қарым-қатынас, педагогикалық даярлық, оқу-тәрбие үдерісі.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру қазіргі педагогикалық білім берудің өзекті бағыттарының бірі болып педагогикалық процесс аясында кеңінен қарастырылады. Бұл

процесс болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің, тұлғалық дамуының және шетел тілінде еркін мәдениаралық қарым-қатынас жүргізе алу қабілетінің негізі ретінде қарастырылады.

Коммуникативті мәдениетті қалыптастыру үшін, көптеген ғалымдардың пікірінше, педагогикалық даярлыққа кәсібилікті, интеллектті және одан әрі кәсіби бәсекегеқабілеттілікті қалыптастыру маңызды болып келеді.

Ресейлік ғалымдар В. С. Ильина коммуникативтік мәдениеттің тұлғааралық қарым-қатынаста мәдени нормаларды сақтау, өзара түсіністікке қол жеткізу қабілеті екенін атап көрсетеді. Ал Г. С. Садчикова болса, коммуникативтік мәдениеттің құрылымын тілдік, мәдениаралық және әлеуметтік аспектілермен байланыстыра отырып, оның тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Мысалы педагог Л.Ф. Жеребятьева коммуникативтік мәдениеттің дамуын оқушылардың мәдениаралық құзыреттіліктерінің қалыптасуымен байланыстырса, В. Нечаева коммуникативтік мәдениеттің қалыптасу процесін оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың белсенді қатысуымен жүзеге асатынын атап көрсетеді. Сондай – ақ, И. Ф. Исаева коммуникативтік мәдениеттің дамуын тұлғаның өзара әрекеттесу, эмпатия және мәдениаралық түсіністік қабілеттерінің қалыптасуымен байланыстырады.

Қазақстандық ғалымдар Қоңыратбаева Ж. М. болашақ мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруда мәдениаралық құзыреттіліктердің маңыздылығын, мәдениаралық білімдердің интеграциясының маңыздылығына баса назар аударады. Құнанбаева С. С. коммуникативтік мәдениеттің дамуын тілдік және мәдениаралық білімдердің интеграциясымен байланыстырса, Чакликова Т. А. коммуникативтік мәдениеттің қалыптасуында білім алушылардың мәдениаралық құзыреттіліктерінің маңыздылығын атап көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың пікірлеріне сәйкес болашақ мұғалімдерді даярлау пәннің әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби құзыреттілік, ғылыми ойлауды қалыптастыруға байланысты бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Болашақ мұғалімдерді даярлау қазіргі заман талаптарына сай жүргізілуі тиіс деп атап өтіледі. Бұл ретте басты міндет – болашақ мұғалімнің жоғары оқу орнында білім алубарысында жеке тұлғалық және кәсіби дамуының тиімділігін арттыру болып табылады. Даярлық барысында қалыптасқан коммуникативтік мәдениет мұғалімге келесі іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, яғни, оқушыларды қарым-қатынасқа даярлау, (психологиялық еркіндікке қол жеткізу); мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара әрекет үдерісін талдау; құндылықтық жаңаруларды ынталандыру.

Соған орай, болашақ мұғалімдерді даярлау процесінің басты үш кезеңін қарастыруға болады. Бірінші кезең – *теориялық кезең*, мұнда студенттерге коммуникативтік мәдениет ұғымы, оның компоненттері мен маңызы туралы теориялық білім беріледі. Екінші кезең, *практикалық кезең*, мұнда рөлдік ойындар, пікірталастар, презентациялар, тренингтік жаттығулар, топтық жұмыс арқылы коммуникативтік дағдылар дамытылады. Ал үшінші кезеңде, яғни, *кәсіби – бағдарлы кезеңде* болашақ шетел тілі мұғалімдерінің нақты оқу үдерісінде, педагогикалық практика барысында коммуникативтік дағдылары қалыптасып, студенттер кәсіби ортаға бейімделеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау процесі мазмұн, форма және әдістердің бірлігінен тұратын даярлық жүйесін сипаттайды. Бұл жүйенің жұмыс істеуі үшін негізгі фактор педагогикалық іс-әрекеттің мотивтері, тұлғалық қасиеттер, білімдер мен педагогикалық дағдылар арасындағы өзара байланыс болып табылады, ал даярлықты ұйымдастыру шарттары тұрғысынан төрт кезеңді бөлуге болады: а) мотивтерді, тұлғалық қасиеттерді, дағдыларды қалыптастыру арқылы дайындыққа жету; б) түрлі даярлық түрлерінің (психологиялық және педагогикалық) өзара байланысы; в) кәсіби өз-өзін тәрбиелеу; г) педагогикалық дағдылар жүйесін кезең-кезеңімен қалыптастыру.

Даярлық жүйесінің құрылымы мотивациялық-танымдық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерден тұрады. Барлық жүйенің жұмыс істеуі оның барлық компоненттерінің бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді.

Болашақ мұғалімдерді даярлау студенттердің кәсіби әрекетке мотивациялық, операциялық және өзін-өзі реттеу дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған. Оқу процесінде студент педагогикалық қарым-қатынас жасау концептуалдық моделін құрады, оның мақсаттары мен мотивтеріне сәйкес жекешеленген қарым-қатынас стилін жүзеге асыру дағдысын меңгереді, және бәсекеге қабілетті болады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау туралы осындай түсініктер негізінде кәсіби сананы және өзін дамыту бағыттары (яғни, оң мотивацияны дамыту, білімдерді кеңейту); педагогикалық дағдыларды қалыптастыру; өз бейнесін, мінез-құлқын адекватты бағалау және өз бағалауды ынталандыру анықталады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, көпшілік зерттеулерде маман даярлығы кәсіби даярлықты қамтамасыз етудің мақсаты ретінде қарастырылады, оған интеллектуалдық саланың дамуы және өзінің кәсіби басымдығын дәлелдеу мүмкіндігі де кіреді деп айтуға болады.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық зерттеулердің бағыты оқытушыны кәсіби қызметке даярлауда тұлғаның психологиялық құрылымының осы қызметтің психологиялық құрылымына сәйкестігіне негізделген заңдылыққа бағытталған. Бұл заңдылық кәсіби даярлықтың болашақ маманның тұлғалық моделіне, оның қызметінің құрылымын көрсететін, бағдарлануы тиіс екенін көрсетеді, ал даярлық процесі болашақ кәсіби қызметтің ерекшелігін көрсетуі керек.

Коммуникативтік әрекет тұлғалық көзқарас шеңберінде субъектінің мотивациялық саласында, коммуникативтік әрекет мазмұнында және осы әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дағдыларда көрініс табады. Даярлық тек оқытушы мен оқушының оқу процесін құрайтын әрекетін ғана емес, сонымен қатар субъектінің дербес әрекетін, өзін-өзі оқытуды, субъектінің әрекет саласын талдау, түсіну және өзгерту арқылы тәжірибені меңгеруін қамтиды.

Даярлық процесінің мотивациялық аспектісі мақсатты оқыту нәтижесінде қалыптасады, оның табысы көп жағдайда тұлғаның күйіне, оның мотивтеріне және субъектінің өз тілегіне байланысты. Мазмұндық аспект оқыту нәтижесінде қалыптасады және білімдер жүйесін меңгеру мен беру бойынша әрекетті білдіреді. Практикалық аспект оқу процесінде де, субъектінің жеке шығармашылық әрекетінде де жүзеге асырылады. Осы кезде субъектінің дербес шығармашылық әрекеті қалыптасқан мотивтерге, қажетті білімдер жүйесіне, практикалық дағдылардың болуына негізделеді және коммуникативтік қызметте шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру негізінде әрекет етуді көздейді.

Даярлық педагогтың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, мұнда мотивациялық-бағдарлы, мазмұндық және практикалық компоненттер бөлінеді. Осылайша, педагогикалық жоғары оқу орны студенттерін коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру процесі болашақ оқытушылардың коммуникативтік мәдениетін арттыру нәтижесі ретінде қарастырылады. Коммуникативтік мәдениет болашақ педагогтың қалыптасуының шарты болып табылады. Студенттердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру процесі педагогикалық процестің бірқатар белгілеріне ие.

Олардың арасында мынадай ерекшеліктерді атап өтуге болады: дифференциация; мақсаттылық; кезең-кезеңімен ұйымдастыру және реттілік. Студенттердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру тәрбиелеу процесінің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Коммуникативтік мәдениет коммуникациялық қызметтің сапасын сипаттайтындықтан, бұл процесс маманның педагогикалық қалыптасу жүйесінде ерекше назарға алынады.

Кәсіби қызметке даярлық мотивациялық-бағдарлы, мазмұндық және практикалық аспектілерде коммуникативтік мәдениеттің құрылымдық компоненттерін қалыптастыруды көздейді. Осы кезде коммуникативтік қызмет коммуникативтік мәдениеттің қалыптасуының шарты әрі құралы ретінде көрінеді. Студенттердің кәсіби даярлығы барысында қарым-қатынасқа құндылықтық қатынас қалыптасады, оқытушының өз коммуникациялық қызметіне сәйкес келуі тиіс талаптар қойылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып:

Коммуникативтік қызмет оқытушының басқа кәсіби қызмет түрлерімен бірдей маңызға ие;

Оның ерекше функциясына байланысты ол педагогикалық қызметтің құралы әрі шарты ретінде көрінуі мүмкін;

Оқытушының коммуникациялық қызметінің сапасы мен кәсіби біліктілігінің критериі – коммуникациялық мәдениет;

Оның мінез-құлық көрсеткіші – қарым-қатынаста этикетті пайдалану, сыпайылық пен тактильдік қасиеттер;

Коммуникациялық мәдениет қарым-қатынаста саналы қатысудың жоғары деңгейін, гуманистік құндылықтарға бағдарлануды, тілдік нормалар жүйесін және дамыған коммуникация дағдыларын талап етеді;

Оқытушының жоғары деңгейдегі коммуникациялық мәдениеті педагогикалық мамандықтың кәсіби талабы болып табылады.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, педагогикалық білім беру процесінде коммуникативтік мәдениет келесі функцияларды атқарады:

Гуманистік функция – бұл педагогтың моральдық позицияларын, принциптерінің, идеалдарының бірлігін және моральдық таңдау жағдайында жүзеге асырылатын мінез-құлық формасын ашады.

Гносеологиялық функция – жаңа білімдер тұрғысынан туындайтын мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, жаңа идеялар мен ғылыми бағыттарды қабылдауға немесе теріске шығаруға, шығармашылықты, жеке интеллектіні көрсетуге және өз зерттеулерін жүргізуге мүмкіндік береді.

Өзін-өзі тану функциясы – бұл «Мен» бейнесін, өз мотивтерін, ұмтылыстарын, әрекеттерін түсінуімен байланысты, бұл жоғары психологиялық даму деңгейіне әкеледі.

Инварианттық функция – маманның шығармашылық кәсібилігін дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру тұрғысынан құндылықтар жүйесін қалыптастыруға негізделген. Бұл функция коммуникативтік мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік береді, ол болашақ кәсіби қызметте бәсекеге қабілеттілікті арттыруға ықпал етеді.

Коммуникативтік мәдениет білім мен мәдениетті синтездеуге мүмкіндік береді, бұл адам мәдениеті мен моральының бейнесін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Коммуникативтік мәдениет аясында академиялық және жоғары оқу орындарының ғылымы; ғылым мен практика; ғылыми ұйымдар мен білім беру мекемелері; әртүрлі типтегі және деңгейдегі мекемелердің интеграциясы жүзеге асырылады. Студенттің коммуникативтік мәдениеті оның кәсіби қызметінде жетілдіріледі, бұл алынған білімдерді пайдалануды талап етеді. Бұл тек коммуникативтік мәдениет тұлғаның маңызды сапасына айналғанда ғана мүмкін болады, ол педагог-специалистке қойылатын бағалау критерийлерінің бірі болып табылады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау барысында коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру үшін студенттердің оқу процесінде интерактивті оқыту формаларын қолдануға болады. Лекция материалдарына қарым-қатынастың маңыздылығы мен құндылығы туралы ақпарат енгізіледі. Жаңа электронды оқыту формаларын пайдалану ақпаратты терең әрі айқын етіп көрсетеді және психологиялық-педагогикалық категориялар мен ұғымдарды нақты көрсетуге көмектеседі.

Семинар сабақтары терең теориялық талдауды талап ететін мәселелерді талқылауға арналған. Сабақтарда белсенді оқыту әдістерін қолдану студенттердің жеке теориялық мәселелерді зерттеу кезінде дербестігін көрсетуіне ықпал етеді. Лабораториялық-практикалық сабақтар технологиялық білімдер жүйесімен танысу міндеттерін шешеді. Бұл сабақтарда бастапқы дағдылар қалыптасады, студенттер коммуникативтік мәдениеттің әртүрлі көріністерін талдау принциптерімен танысады.

Сабақтар әлеуметтік коммуникация дағдыларын дамытуға және болашақ педагогикалық іс-әрекетте жаңа технологияларды меңгеруге мүмкіндік береді. Лабораториялық сабақтар педагогикалық практика кезінде өткізіледі. Олардың негізгі мақсаты - типтік тапсырманы дербес орындау. Әдетте, лабораториялық сабақ мектепте өткізіледі және мұғалімнің сабақтағы коммуникативтік әрекетін бақылау мен талдауды қамтиды.

Болашақ мұғалімдердің практикалық жұмысы практика кезінде кәсіби әрекетті білдіреді. Негізгі назар болашақ мұғалімдердің коммуникативтік әрекеттеріне аударылады, сондай -ақ, студенттерді өз әрекеттерін талдауға және жетілдіруге ынталандырады. Соған орай, болашақ мұғалімдер практика барысында мектептің болашақ мұғалім тұлғасына қойылатын талаптарын ескере отырып, осы талаптарды өз бойларынан іздеуге талпынады.

Студенттердің коммуникативтік мәдениетін кәсіби даярлаудың негізі ретінде қалыптасқан коммуникативтік мәдениет болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қалыптастыруына ықпал етеді және тұлғаның сапалық сипаттамасы болып табылады. Коммуникативтік мәдениет мұғалімнің кәсіби әрекетінде тиімді қарым-қатынас орнатуға, мәдениаралық түсіністікті дамытуға және оқушылармен, әріптестермен, ата-аналармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Коммуникативтік мәдениеттің қалыптасуы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тілдік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік және эмоционалдық интеллектін де дамытуға ықпал етеді. Бұл аспектілер педагогикалық даярлық процесінде маңызды рөл атқарады, себебі олар мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырады және оқыту үдерісінде тиімділікті қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, коммуникативтік мәдениет педагогикалық даярлық процесінде болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби даярлығы барысында маңызды рөл атқарады. Ол тек тілдік білім мен дағдыларды меңгерумен шектелмей, сонымен қатар тұлғаның жалпы мәдениетін, эмпатиясын және мәдениаралық қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған. Осылайша, коммуникативтік мәдениеттің қалыптасуы болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетінде табысты болуына және білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Беспалько, В. П. Педагогика и профессиональные технологии обучения [Текст] / В. П. Беспалько - М., 1995.
2. Флиер, А. Я. Теория культуры как философия истории [Электронный ресурс] // Культура и культуры. – 2014. – №1.
3. Аухадеева Л.А. Методология изучения и формирования коммуникативной культуры будущего учителя / Л.А. Аухадеева // Вестн. Казан. гос. ун-та культуры и искусств. — 2014. — № 3. — С. 79–82.
4. Сысоева Е.Ю. Коммуникативная культура преподавателя вуза: учеб. пос. / Е.Ю. Сысоева. — Самара: Самар. ун-т, 2014. —144 с.

Кондрашина В.В. Формирование коммуникативной культуры учителя в условиях цифровой трансформации образования / В.В. Кондрашина // Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования. — 2020. — Т. 9, № 5А. — С. 33–40.

UDC 94(560):355.48

Aitkazina Assem,
Master Student
«7M01711 – Training of foreign language teachers»
Ablaikhan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: aitkazinaasem505@gmail.com

THE ROLE OF PROFESSIONAL STANDARDS IN FORMING PROFESSIONAL - COMMUNICATIVE COMPETENCE OF FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS

Abstract: In the context of globalization and educational modernization, the formation of professional-communicative competence has become a central requirement in the training of foreign language teachers. This article explores the role of professional standards in shaping this competence, with particular reference to the

Kazakhstani educational system and its updated Professional Standard for Pedagogical Activity. Drawing on both national and international research, including the works of Kunanbayeva S.S., this study argues that professional standards serve not only as regulatory instruments but also as developmental frameworks for designing teacher education curricula, assessing teacher performance, and integrating communicative, pedagogical, and intercultural dimensions into teacher preparation. The findings support the view that well-articulated standards are vital for fostering the readiness of future foreign language teachers to meet the communicative challenges of the 21st-century classroom.

Keywords: professional standard, professional training, professional - communicative competence, foreign language teachers, curriculum development.

БОЛАШАҚ ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КӘСІБИ СТАНДАРТТАРДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа: Жаһандану және білім берудің заманауилендірілуі контекстінде шет тіл мұғалімдерінің кәсіби-коммуникативтік қабілеттілігінің қалыптасуы орталық талапқа айналды. Бұл мақала кәсіби стандарттардың бұл қабілеттілікті қалыптастырудағы рөлін зерттейді, әсіресе Қазақстан білім жүйесі мен оның жаңартылған Педагогикалық қызметтің кәсіби стандартына сілтеме жасай отырып. Ұлттық және халықаралық зерттеулерге, соның ішінде Кунанбаева С.С. жұмыстарына сүйене отырып, бұл зерттеу кәсіби стандарттардың тек реттеуші құралдар ғана емес, сонымен қатар мұғалімдерді даярлау курстарын жобалау, мұғалімдердің жұмыс әрекетін бағалау және коммуникативтік, педагогикалық және интеркультуралық аспектілерді мұғалімдер даярлауына интеграциялау үшін даму шеңберлері ретінде қызмет ететінін айтады. Нәтижелер жақсы дамытылған стандарттардың 21-ші ғасыр сыныбының коммуникативтік шақыруларына шет тіл мұғалімдерінің дайындығын қалыптастыруда маңызды екендігін көрсетеді.

Тірек сөздер: кәсіби стандарт, кәсіби даярлау, кәсіби-коммуникативтік қабілеттілік, шет тіл мұғалімдері, оқыту бағдарламасын дамыту.

Introduction. The interconnectedness of today's world necessitates foreign language teachers who are not only linguistically proficient but also professionally communicative, culturally aware, and pedagogically competent. Within this evolving context, the focus of teacher education has shifted from traditional knowledge acquisition to the development of complex competencies that enable educators to function effectively in diverse teaching environments. A central element in guiding this transformation is the establishment and implementation of professional standards. These standards articulate what teachers should know and be able to do, serving both as a framework for curriculum development and as a tool for quality assurance in teacher education. Specifically, professional-communicative competence—a multifaceted concept that integrates language skills, intercultural understanding, pedagogical strategies, and professional ethics—has emerged as a key target of teacher training programs.

In Kazakhstan, recent reforms in education, including the revision of the Professional Standard for Pedagogical Activity (2022), reflect a national effort to align teacher qualifications with international expectations while responding to local needs [1]. The standard highlights the need for foreign language teachers to demonstrate communicative competence not only in linguistic terms but also in their interactions with students, colleagues, and the broader educational community.

The goal of this article is to examine how such professional standards influence and support the formation of professional-communicative competence in future foreign language teachers. The article builds upon the theoretical insights of Kazakhstani scholars, notably Kunanbayeva S.S., whose work on intercultural and communicative competence in foreign language education has significantly influenced educational policy and practice in Kazakhstan [2].

Theoretical Framework and Literature Review. Professional-communicative competence refers to the integrative ability of a teacher to use language appropriately and effectively within professional contexts, including classroom instruction, curriculum development, collaboration with stakeholders, and professional discourse. It goes beyond general linguistic proficiency and includes pragmatic, sociolinguistic, and intercultural aspects required in the teaching profession [3].

Kunanbayeva S.S., a leading Kazakhstani linguodidactician, defines communicative competence in foreign language education as "a complex, multi-component construct" that encompasses linguistic, discourse, sociocultural, and strategic competences [2]. She emphasizes that communicative competence in a teacher is not merely about language usage but involves intercultural awareness, value transmission, and the ability to act as a mediator between cultures. According to Kunanbayeva, language learning should be treated as a cultural and communicative phenomenon, which positions the teacher as a facilitator of intercultural dialogue.

Globally, professional standards are increasingly recognized as central instruments in teacher education reform. In Australia, the AITSL (Australian Institute for Teaching and School Leadership) standards serve both as developmental guides and regulatory frameworks, emphasizing continuous professional learning, ethical practice, and student-focused pedagogy [5]. Similarly, in the United States, professional bodies like TESOL (Teaching English to Speakers of Other Languages) have developed comprehensive standards that cover not only language and

pedagogy but also culture, professionalism, and assessment. These international standards are often used as models for developing national frameworks, particularly in post-Soviet countries seeking to internationalize their education systems [6].

A study in Ukraine by Sadovets and Bidyuk (2018) highlighted the influence of TESOL standards in shaping national teacher training policies, where professional-communicative competence was viewed as a core requirement. The researchers emphasized the need for performance-based, pedagogical, and subject-specific standards to ensure holistic teacher preparation [7].

Professional standards function as normative guidelines for teacher education institutions. They articulate the competencies required at different stages of teacher development and provide the foundation for curriculum design, accreditation, and assessment mechanisms [8]. Mahony and Hextall (2000) propose two paradigms in understanding standards: the developmental discourse and the regulatory discourse. The former supports continuous teacher growth, while the latter emphasizes accountability and benchmarking [9]. Both approaches are essential in ensuring that professional-communicative competence is both cultivated and assessed reliably.

In this regard, Kunanbayeva's approach aligns more with the developmental paradigm, where teacher training is seen as a dynamic, reflective, and culturally embedded process. She advocates for context-sensitive standards that allow for adaptation to the linguocultural specifics of the Kazakhstani context [2].

The Role of Professional Standards in Shaping Competence. Professional standards play a pivotal role in curriculum development by providing a clear framework that outlines the essential knowledge, skills, and attitudes future teachers must acquire. In Kazakhstan, the updated Professional Standard (2022) emphasizes learner-centered education, inclusive pedagogy, and interdisciplinary integration—all of which require robust professional-communicative competence [1].

Curricula developed in alignment with these standards ensure that pre-service teachers receive systematic instruction not only in linguistics and pedagogy but also in communication theory, educational psychology, intercultural competence, and classroom discourse strategies. Standards also encourage the incorporation of experiential learning methods, such as teaching practicums and microteaching sessions, where students apply communicative strategies in authentic educational contexts [10].

Professional standards also define benchmarks for language proficiency, often aligning with frameworks like the CEFR. These benchmarks help teacher educators set clear performance targets, such as achieving a C1 level in speaking and writing, or demonstrating the ability to conduct lessons in the target language effectively. This approach ensures consistency and comparability in assessing teacher candidates' communicative readiness [11].

Another critical area is the integration of cultural competence. As Kunanbayeva stresses, intercultural competence is not an optional add-on but a core aspect of communicative teaching [2]. The Professional Standard encourages teachers to create culturally responsive learning environments, where language is taught in tandem with cultural awareness. Through this lens, professional-communicative competence includes the ability to discuss cultural practices, navigate cultural misunderstandings, and foster inclusive classroom dialogue [1].

Moreover, standards serve as a basis for assessment and evaluation of teacher competence. They support the development of tools such as competency-based interviews, teaching portfolios, lesson observations, and reflective journals. These methods assess not only what teachers know but how effectively they communicate and apply that knowledge in diverse educational settings [12].

Scientific Advisor: Doctor of Philology, Professor **Akhatova B.A.**
«7M01701 – «Training of foreign language teachers»» Ablaikhan
KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: shokparbay78@gmail.com

THEORETICAL BASIS OF RESEARCH OF "METHODOLOGY OF USING MODERN LITERARY TEXTS TO DEVELOP INTERCULTURAL COMMUNICATIVE COMPETENCE IN FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS"

Abstract: This article explores how modern literary texts can be used to develop intercultural communicative competence (ICC) in future foreign language teachers. It highlights practical methods for selecting and integrating literature to enhance cultural awareness, empathy, and critical thinking in language education
Keywords: "ICC", "FL teachers", "modern literary materials", "cultural awareness", "teaching methodology"

ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ОСНОВА ИССЛЕДОВАНИЯ "Методика использования современных литературных текстов для развития межкультурной коммуникативной компетенции у будущих преподавателей иностранных языков"

Аннотация: В статье рассматривается использование современных литературных текстов для развития межкультурной коммуникативной компетенции (МКК) у будущих преподавателей иностранных языков. Представлены практические методы отбора и интеграции литературы для формирования культурной осведомлённости, эмпатии и критического мышления
Ключевые слова: "МКК", "учителя иностранных языков", "современные литературные материалы", "культурная осведомлённость", "методика преподавания"

Introduction

In today's increasingly interconnected world, intercultural communicative competence (ICC) has become a core skill for educators, especially those involved in teaching foreign languages. The ability to navigate different cultural contexts and engage students in meaningful intercultural exchanges is crucial for effective language teaching. One of the most powerful ways to foster ICC in foreign language education is through the integration of modern literary materials. Literature offers rich insights into the values, beliefs, and practices of different cultures, making it an invaluable tool for building intercultural understanding [1].

This article explores the methodology of using contemporary literary texts to enhance intercultural-communicative competence in future foreign language teachers. It discusses the theoretical framework of ICC, the role of literature in language education, and practical strategies for incorporating modern literary texts into teaching practices.

The Role of Literature in Intercultural Communicative Competence Development

Modern literary texts provide a window into the culture, history, and social norms of a society. As argued by Kramsch (1993) and Byram (1997), literature fosters cultural awareness and empathy by presenting authentic perspectives on the world. In language teaching, literary texts help students understand the complexities of communication, including non-verbal cues, contextual meanings, and the underlying cultural assumptions embedded in language use [2].

Through literature, future language teachers can explore issues such as power dynamics, gender roles, and social justice, all of which contribute to the development of intercultural communicative competence [3]. Moreover,

modern literature materials can stimulate critical thinking and self-reflection, allowing students to question stereotypes and assumptions about both their own and foreign cultures [4].

Methodology for Integrating Literary Texts in Language Education

The integration of literary texts into language teaching requires careful selection and thoughtful pedagogical approaches. To effectively use literature for ICC development, teachers must consider several factors:

1. **Selecting Relevant Texts**

Literary works that reflect contemporary cultural issues or portray diverse social settings are particularly useful for fostering intercultural competence. Texts should be accessible to the students' level of language proficiency while offering depth in cultural content [5].

2. **Analyzing Cultural Themes**

Teachers should guide students in analyzing key cultural themes presented in the texts, such as identity, tradition, and conflict. This analysis can involve comparing cultural perspectives within the text and drawing connections to students' own cultural experiences [6].

3. **Encouraging Dialogue and Reflection**

After reading a literary text, teachers should facilitate discussions that encourage students to express their views, ask questions, and engage in critical thinking about the cultural issues raised in the text. Reflection on how these themes relate to their own cultural identities can deepen students' understanding of intercultural communication [7].

4. **Promoting Critical Thinking**

Modern literary texts often challenge societal norms and encourage questioning of the status quo. Teachers can use these texts to promote critical thinking, enabling students to evaluate cultural differences and develop more nuanced understandings of other cultures [8].

Case Studies and Practical Applications

Several studies highlight the practical benefits of using literary texts to develop intercultural competence. For instance, Cortazzi & Jin (1999) demonstrate how literature can be used to explore the nuances of language and cultural diversity. In their study, they argue that the use of literary texts in foreign language teaching not only aids language acquisition but also enhances the students' ability to engage with diverse cultural contexts [9].

In practice, a teacher might select a modern short story or novel that deals with themes such as migration, identity, or social justice. Students could be tasked with reading the text and participating in group discussions to analyze the cultural contexts presented in the story. This would allow them to reflect on the challenges and opportunities presented by intercultural communication [10].

Conclusion

The use of modern literary texts in foreign language teaching offers a dynamic approach to developing intercultural-communicative competence in future educators. By engaging with authentic literary works, students can gain a deeper understanding of the cultural nuances that shape language use and communication. Furthermore, the integration of literature into the language curriculum enhances critical thinking, empathy, and cultural awareness—skills essential for effective teaching in a multicultural world. Future foreign language teachers equipped with these skills will be better prepared to navigate the challenges of intercultural communication in their classrooms.

REFERENCES

1. Drici, A. (2019). *Intercultural communication: A critical perspective*. Cognella Academic Publishing.
2. Cortazzi, M., & Jin, L. (1999). Cultural mirrors: Materials and methods in the EFL classroom. In *Culture in second language teaching and learning*, Cambridge University Press.
3. CyberLeninka. (n.d.). Педагогическая концепция формирования межкультурной компетенции студента при работе с текстом в процессе его профессиональной подготовки. Retrieved from https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskaya-kontseptsiya-formirovaniya-mezhkulturnoy-kompetentsii
4. ResearchGate. (2021). *Critical Thinking and Intercultural Competence: Review, Use and Classification of the 21st Century Skills in Intercultural EFL Education*. Retrieved from https://www.researchgate.net/publication/349374181
5. ERIC. (2018). *Bringing Literature into the EFL Classroom: A Study of Student Teachers' Beliefs and Practices*. Retrieved from https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1183791.pdf
6. AICHA DRICI (University of Ouargla). (2021). *Developing ICC through Literature in EFL Classes*. Retrieved from https://dspace.univ-ouargla.dz/jspui/bitstream/123456789/26921/1/AICHA-DRICI.pdf
7. Langues et Parole (2019). *Literature and Intercultural Awareness*. Retrieved from https://ddd.uab.cat/pub/languesparole/languesparole_a2019n4/languesparole_a2019n4p173.pdf
8. Google Books. (n.d.). *Современная английская литература как инструмент обучения*. Retrieved from https://books.google.kz/books?id=n9QUEAAAQBAJ
9. Intercultural Communication: A Critical Perspective. Cognella (2019). Retrieved from https://psv4.userapi.com/...
10. ArticleKZ. (n.d.). *Methods of Teaching Literature to Develop ICC in Students*. Retrieved from https://articlekz.com/en/article/14611

УДК 372.881.1

Шыныбаева Ы.Д.
1 курс магистранты
«7М01711- Шетел тілі мұғалімдерін даярлау»
Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ
Алматы, Қазақстан
yryshin@mail.ru
Ұзақбаева С.А.,
п.ғ.д., профессор,
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ

АУТЕНТТІК БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРДЫҢ НЕГІЗГІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Түйін. Мақалада аутенттік бейнематериалдардың түрлері, ерекшеліктері және негізгі мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері қарастырылады. Ағылшын тілі сабағында қолданылатын аутенттік видеоматериалдардың мысалдары мен қолданылу аясы ашылып көрсетіледі.

Тірек сөздер: бейнематериалдар, аутенттік бейнематериалдар, негізгі мектеп оқушылары, шеттілдік коммуникативтік құзыреттілік

Y.D. Shynybayeva
1 st year master student
«7M01711 – Training of Foreign Language Teachers
Ablaikhan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
yryshin@mail.ru
S.A.Uz akbayeva
Doctor of Pedagogical Sciences, Professor
Ablaikhan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan

OPPORTUNITIES OF USING AUTHENTIC VIDEO MATERIALS IN FORMING FOREIGN LANGUAGE COMMUNICATIVE COMPETENCE OF MIDDLE SCHOOL STUDENTS

Abstract. This article examines the types and characteristics of authentic video materials, as well as their potential for developing foreign language communicative competence in middle school students. It highlights examples and the scope of application of authentic video materials used in English language lessons.

Keywords: video materials, authentic video materials, middle school students, foreign language communicative competence

Негізгі мектеп оқушылары балалық шақтан жеткіншектік жасқа өтіп, ойлау, эмоциялық және әлеуметтік даму жағынан елеулі өзгерістерге ұшырайды. Сол себепті олардың **тілді меңгерудегі ерекшеліктері** де ерекше болып келеді.

Негізгі мектеп оқушыларының тілді меңгерудегі бірнеше ерекшеліктерін атап өткен жөн: біріншіден, абстрактілі ойлауы жаңа дамып келеді, яғни олар көрнекілікпен, нақты мысалдармен жақсы қабылдайды, қиын грамматикалық ережелерді қарапайым контексте түсінеді. Екіншіден, қызығушылық тез ауысады, сол себепті сабақта түрлі әдіс-тәсілдер (видео, ойын, ән, жұптық/топтық жұмыс) қолдану маңызды және сабақ мазмұны өмірмен байланысып, оқушыға қызықты болуы керек. Үшіншіден, тілдік орта болмаған жағдайда мотивация төмен болуы мүмкін, сондықтан ағылшын тілінің қажеттілігін, күнделікті өмірде қолданылатынын көрсету керек (мысалы: ойындар, әндер, әлеуметтік желіде кездесетін сөздер және т.б.). Төртіншіден, әлеуметтік өзара әрекетке бейімділігі артады. Осы ерекшелікті ескере отырып, топпен жұмыс істеу, диалог құрау, рөлдік ойындар сияқты әдістерді үздіксіз қолдану керек. Бесіншіден, қателесуден ұялуы мүмкін. Себебі, бұл жаста эмоциялық сезімталдық артады, сондықтан мұғалім қолдау көрсетіп, қателікті үйрену құралы ретінде қабылдауға үйретуі қажет. Алтыншыдан, бұл кезеңде оқушылар жаңаны үйренуге бейім келеді. Сол үшін тілді меңгертуге көп көңіл бөлу қажет. Осы тұрғыдан келгенде, оқушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға аса көңіл бөлу қажет. Аталған мақсатқа жетуде аутенттік бейнематериалдар таптырмас құрал болып табылады.

Аутенттік бейнематериалдар – бұл белгілі бір тілді аудитория үшін жасалған, шынайы тілдік орта мен мәдениетті бейнелейтін бейнеқұралдар. Олар оқушыларға шеттілін тек теориялық түрде ғана емес, тәжірибелік тұрғыдан да меңгеруге мүмкіндік береді.

Аутенттік бейнематериалдар әртүрлі формаларда кездеседі. Олардың негізгілеріне мыналар жатады:

1. Көркем фильмдер мен сериалдар – тілдің ауызекі формасын, эмоцияларды, интонацияны және мәдени контексті жақсы көрсетеді.

2. Жаңалықтар мен деректі фильмдер – ресми және академиялық тіл үлгілерін үйренуге мүмкіндік береді.

3. YouTube видеолары, блогтар – заманауи сленг, бейресми тіл қолданысы және жастар мәдениетін игеруге көмектеседі.

4. Әндер мен музыкалық бейнеклиптер – тыңдалым дағдыларын дамытып, есте сақтау қабілетін жақсартады.

5. Жарнамалар – қысқа әрі нақты тілдік құрылымдар арқылы сөздік қорды байытуға әсер етеді.

6. Анимациялық фильмдер – бастауыш және орта деңгейдегі оқушылар үшін өте тиімді, себебі тіл қарапайым әрі бейнелік қолдау бар [1].

Сонымен қатар, аутенттік бейнематериалдардың өзіне тән ерекшеліктері бар. Атап айтар болсақ, басты ерекшелігі бұл шынайылық, яғни материалдар тіл тасушылардың табиғи сөйлеу мәнерін береді, тілдің нақты қолданыс үлгісін көрсетеді. Келесі бір ерекшелігіне мәдениетаралық білім беруді жатқызамыз. Себебі бейнематериалдар тек тілді ғана емес, сол тілді қолданатын ұлттың салт-дәстүрі, өмір сүру салты, құндылықтары жайлы ақпарат береді. Келесі бір ерекшелігі ретінде көру және есту арналарын қосуды жатқызуға болады. Визуалды әрі аудиалды ақпаратты қатар қабылдау оқушылардың қызығушылығын арттырып, материалды жеңіл меңгеруге ықпал етеді. Соңғы ерекшелігі контекстілік оқу болып табылады. Тілдік құрылымдар нақты жағдаяттарда көрсетіледі, бұл оқушыларға тілді нақты жағдаяттарда қолдануға үйретеді.

Негізгі мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда аутенттік бейнематериалдар мына бағыттарда тиімді:

1. Тыңдалым дағдысын дамыту: оқушылар әртүрлі акценттер мен сөйлеу жылдамдығын тыңдай отырып, есту арқылы түсіну қабілетін жетілдіреді.

2. Айтылым дағдысын жетілдіру: тыңдағанын қайталап айту, рөлдік ойындар арқылы өз ойын жеткізу қабілеті дамиды.

3. Сөздік қорды кеңейту: аутенттік материалдарда жиі қолданылатын тіркестер мен сөздер оқушының лексикалық қорын байытады.

4. Диалог жүргізу дағдысын қалыптастыру: бейнематериалдағы кейіпкерлердің диалогтары арқылы оқушылар нақты жағдаятта қалай жауап беру керектігін үйренеді.

5. Мотивацияны арттыру: қызықты, көрнекі материалдар оқушылардың шет тілін үйренуге деген ынтасын арттырады.

6. Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру: тілмен қатар басқа елдің мәдениетімен танысу оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, төзімділік пен құрметті қалыптастырады [2].

Аталған бағыттағы аутенттік бейне материалдарды оқушылардың шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыдуа қолдануға болады. Дегенмен ағылшын тілі сабағында қоланылатын аутенттік бейнематериалдарға қойылатын талапты басшылыққа алған жөн. Атап айтар болсақ:

1. Аутенттік бейнематериалдың тілдік деңгейге сай болуы;
2. Аутенттік бейнематериалдың мақсатқа сай мазмұнының болуы;
3. Аутенттік бейнематериалдың мәдени сәйкестігі;
4. Аутенттік бейнематериалдың уақыты мен ұзақтығы;
5. Аутенттік бейнематериал дыбысының анықтығы;
6. Аутенттік бейнематериалдардағы қолжетімді субтитрлердің болуы;
7. Авторлық құқық.

Негізгі мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқу мазмұнына сай аутенттік бейнематериалдарды ағылшын тілі сабағында бірнеше бағыт бойынша қолданатын болсақ, мақсаттарға айқын жетуге болады. Аутенттік бейне материалдарға қойылатын талапты ескере отырып, қолданылған материалдар мынадай мүмкіндіктерге ие:

1. Тыңдалым дағдыларын жетілдіреді;
2. Сөздік қорын байытады;
3. Ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытады;
4. Мәдениетаралық түсінікті арттырады;
5. Тыңдалған ақпаратты талдай білу қабілетін дамытады;
6. Оқуға деген ынтаны арттырады;
7. Интерактивті оқу ортасын қалыптастырады.

Негізгі мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда аутенттік бейнематериалдарды қолдануға қатысты бірнеше мысалдар келтірейік.

YouTube платформасындағы блогтар мен танымдық бейнероликтер. Мысалы, *Ted-Ed* немесе *Emma Chamberlain* арналарындағы видеоларды қолдануға болады. Мұғалім оқушыларға бейнематериалды тыңдатқан соң, оның мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жаңа сөздерді талқылай алады.

Сонымен қатар ағылшын тіліндегі фильмдер мен сериалдардан үзінділер көрсету. Оқушыларға *Friends* сериалының диалогтарын тыңдатып, сол көрініс рөлдерге бөліп сахналау – тілдік дағдыларды жетілдірудің тиімді жолы.

Келесі бейнематериал ретінде жарнамалар мен әлеуметтік роликтерді талдау. Мысалы, Coca-Cola немесе Apple жарнамаларын пайдаланып, оқушылардан жарнама мазмұнына байланысты пікір білдіруді сұрауға болады. Бұл сөйлеу қабілетін арттырады.

Сонымен бірге музыкалық клиптер мен ән мәтіндерін қолдану. Мысалы, *Ed Sheeran* немесе *The Beatles* әндерін тыңдап, мәтін бойынша жұмыс жасау арқылы оқушылардың сөздік қорын байытуға болады.

Келесі бейнематериал ретінде жаңалықтар репортаждары. BBC Learning English немесе CNN Student News материалдары арқылы оқушыларға күнделікті өмірде қолданылатын шынайы тілдік құрылымдар ұсынылады. Сабақта тыңдалған жаңалықтар бойынша пікірталас ұйымдастыру – сөйлеу дағдысын жетілдіреді [3].

Аутенттік бейнематериалдарды жүйелі әрі мақсатты түрде қолдану – ағылшын тілі сабақтарының тиімділігін арттырудың заманауи жолы.

Қорыта келгенде, аутенттік бейнематериалдарды тиімді пайдалану – шетел тілін оқытуда заманауи, әрі нәтижелі тәсілдердің бірі. Олар оқушылардың тыңдалым, айтылым дағдыларын дамытып қана қоймай, шынайы тілдік ортада еркін қатынас жасауына жол ашады. Сонымен қатар, аутенттік материалдар оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, шетел тілін меңгеруді тек пән емес, өмірлік қажеттілік ретінде түсінуіне ықпал етеді. Сол себепті, тіл мұғалімдері өз сабақтарында аутенттік бейнематериалдарды жүйелі әрі мақсатты түрде қолдануы тиіс.

ӘДЕБИЕТ

1. Gilmore, A. (2007). "Authentic materials and authenticity in foreign language learning." *//Language Teaching. – 2007.* - 40(2). - p. 97–118.

2. Ниматулаев Ш.М. Использование информационно-коммуникативных технологий при изучении английского языка // Муниципальное образование: инновации и эксперимент – 2009. – №6.

3. Berardo, S. A. "The use of authentic materials in the teaching of reading. *//The Reading Matrix. – 2007.* - 6(2). p. 60–69. 5-49 б.

УДК 82.0(075.8)

Бағытжанова Ж.,
Магистрант
«7М02313-Шетел филологиясы»
Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ
Алматы, Қазақстан
e-mail: zhasminbagitzhanova@gmail.com

ДЖОЗЕФ ХЕЛЛЕРДІҢ «PICTURE THIS» РОМАНЫНДАҒЫ ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫҚТЫҢ АЙРЫҚША СИПАТЫ

Түйін: Бұл мақала Джозеф Хеллердің «Picture This» романындағы интертекстуалдықтың ерекшелігін талдауға арналған. Шығарма 1960-жылдардағы әлеуметтік және саяси өзгерістер контексінде жазылған. Романда соғыс пен бюрократияның абсурдтығы, сондай-ақ осы құбылыстардың адам тағдырына әсері зерттеледі. Сонымен қатар Хеллердің әдеби аллюзиялар мен мәдени астарлы сілтемелерді қалай қолданатыны қарастырылады. Ол осылайша күрделі философиялық және моральдық мәселелерді бейнелейтін көпқабатты мәтін жасайды. Романның жазылу кезеңіндегі тарихи жағдайды талдау оның өзектілігі мен әлеуметтік пікір ретінде маңыздылығын айқындайды. Мақалада сондай-ақ Хеллер шығармашылығына классикалық және заманауи әдебиеттің ықпалы зерттеледі, бұл оның туындысын және сол кезеңдегі әдеби контексті тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, «Picture This» американдық әдебиетке қосылған маңызды үлес ретінде қарастырылады және қазіргі әлемдегі адам табиғаты мен болмысы туралы пікірталастарға ықпал етеді.

Тірек сөздер: Интертекстуалдық, Джозеф Хеллер, Picture This, абсурд, соғыс, бюрократия, әдеби аллюзия, мәдени контекст, әлеуметтік сын.

Bagytzhanova Zh.,
Master’s student
«7M02313-Foreign philology»
Ablaikhan
KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: zhasminbagitzhanova@gmail.com

THE SPECIFICITY OF INTERTEXTUALITY IN JOSEPH HELLER’S NOVEL «PICTURE THIS»

Abstract: This article analyzes intertextuality in Joseph Heller’s novel Picture This, written in the context of social and political changes of the 1960s. The novel explores the themes of the absurdity of war and bureaucracy, as well as the impact of these phenomena on human destiny. It also examines how Heller uses literary allusions and cultural references to create a multi-layered text that reflects complex philosophical and moral questions. An analysis of the historical background in which the novel was created emphasizes its relevance and significance as a social commentary. The article also examines the influence of classical and modern literature on Heller’s work, which allows for a deeper understanding of not only his work, but also the literary context of the period. Ultimately, Picture This is presented as an important contribution to American literature, facilitating discussions about human nature and existence in the modern world.

Keywords: Intertextuality, Joseph Heller, Picture This, Absurdity, War, Bureaucracy, Literary allusion, Cultural context, Social criticism.

дейінгі дамуы арқылы сипатталады. Хеллердің алғашқы романдары — Catch-22, Something Happened, Good as Gold — шынайылықтың сатиралық бейнеленуі мен өткір әлеуметтік үнімен ерекшеленеді. Бұл туындыларда автор гротескті реалистік сатираның негізгі құралы ретінде қолданады. Кеңестік және американдық сыншылар Хеллердің әдісін әртүрлі бағалаған: американдықтар оны «қара әзіл» бағытына жатқызса, кеңестік сыншылар — реалистік сатира өкілі ретінде қарастырды. Жазушының кейінгі туындылары — God Knows, Picture This, Portrait of an Artist, as an Old Man — постмодернистік поэтиканы

көрсетеді. Бұл шығармаларда постмодернизмге тән фрагментация, фарс, ойын, қара әзіл, пастиш және интертекстуалдық элементтері көрінеді. Сонымен қатар Хеллердің шығармашылығы көпмәдениеттілік пен деректілік сияқты заманауи әдеби ағымдармен байланысын көрсетеді. Жазушының көркемдік әдісінің эволюциясы XX ғасырдағы әдеби үдерістің күрделілігі мен қайшылықтарын бейнелейді, бұл үдерісте реализм мен постмодернизм көбіне өзара араласып, ықпалдасқан [2, 3б.].

Интертекстуалдық әдебиетте, әсіресе постмодернистік шығармаларда маңызды рөл атқарады. Ол мәтінді байытып, мағынаның көпқабатты құрылымын жасайды және авторға өзге мәтіндермен әрі мәдениеттермен диалог жүргізуге мүмкіндік береді.

Бұл мақаланың мақсаты — Picture This романындағы интертекстуалдық байланыстарды талдап, олардың шығарманы түсінудегі маңыздылығын анықтау.

Мақаланың міндеттері:

1. Интертекстуалдық ұғымын және әдеби талдауда қолданылатын түрлерін анықтау.
2. Романның жазылу контекстін және оның мәдени сілтемелерін зерттеу.
3. Мәтіндегі интертекстуалдық элементтердің нақты мысалдарын анықтап, талдау.
4. Интертекстуалдылықтың кейіпкерлерді қалыптастыру мен сюжеттік дамудағы қызметін қарастыру.
5. Романдағы көпқабатты құрылым мен ирониясы жасауға интертекстуалдық сілтемелердің қалай ықпал ететінін бағалау.

Интертекстуалдық, 1960-жылдары Джулия Кристева енгізген ұғым, мәтіндердің бір-бірімен өзара байланысын және олардың өзара тәуелділігін білдіреді. Кристеваның пікірінше, мәтін оқшау күйде бола алмайды; ол әрқашан басқа мәтіндермен диалогта болады, осылайша мағыналар мен интерпретациялардан тұратын күрделі желі құрайды [3, 7б.]. Бұл тұжырым мәтіндерді тәуелсіз бірліктер ретінде қарастыратын дәстүрлі көзқарасқа күмән келтіреді, оның орнына кез келген мәтіннің мағынасы басқа шығармалармен қарым-қатынас арқылы қалыптасатынын ұсынады.

Басқа да танымал зерттеушілер интертекстуалдық теорияның эволюциясына үлес қосты. Мысалы, Михаил Бахтин әдебиеттегі диалог және полифония ұғымдарын талдап, әрбір мәтіннің басқа мәтіндермен өзара әрекеттесетінін атап өткен. Бахтиннің пікірінше, әдебиет — шығармалар арасындағы динамикалық әңгіме, мұнда әртүрлі авторлардың дауыстары, идеялары және мәдени контексттері қатар өмір сүреді және бір-бірімен қарым-қатынасқа түседі [4, 382б.].

Ролан Барт, керісінше, интертекстуалдықты «анонимді формулалардың ортақ алаңы» ретінде қарастырды, мұнда мәтіндер «бейсаналы сілтемелерге» толы. Барттың пікірінше, бастапқы мәтін ұғымы барған сайын бұлыңғыр бола түсуде, себебі барлық мәтіндер белгілі бір формада, саналы немесе бейсаналы түрде, басқа мәтіндерге сілтеме жасайды.

М. Риффатер өз көзқарасын сәл өзгеше қалыптастырды, ол мәтіндердің өзара байланысты екендігін және мәтіннің мағынасы басқа мәтіндермен өзара әрекеттесу процесінде қалыптасатынын атап өтті. Осы интертекстуалдық байланыс арқылы оқырман түсінік қалыптастырады [5, 32б.].

Тағы бір маңызды үлес Ж.Женеттің еңбегінен келді, ол интертекстуалдықтың әртүрлі түрлерінің жан-жақты жіктемесін жасады. Оның категориялары интертекстуалдық, паратекстуалдылық, метатекстуалдылық, гипертекстуалдылық және архитетекстуалдықты қамтиды, әрқайсысы мәтіннің басқа мәтіндермен өзара әрекеттесуінің ерекше тәсілін сипаттайды [6, 121-б.].

Picture This романы 1988 жылы жарияланды. Осы уақытта АҚШ-та өнер мен әдебиетте постмодернизмге деген қызығушылық арта түсті. Постмодернизм дәстүрлі құндылықтар мен идеяларға күмәнмен қараумен, ирония мен пародияны қолданумен және интертекстуалдылықпен сипатталады. 1960-жылдардағы мәдени фон азаматтық құқықтар қозғалысы, феминизм және дәстүрлі құндылықтарға қарсы күрескен контрмәдени қозғалыстармен де қанық болды. Бұл өзгерістер сол дәуірдің әдебиетінде көрініс тауып, жазушылар абсурд, экзистенциализм және қоғамды сыни бағалау сияқты тақырыптарды зерттей бастады.

Хеллер, көпшілік замандастары сияқты, өзінің шығармашылығын адам болмысының және соғыстың абсурдтығын талдап, сынауға пайдаланды. Оның романы тек көркем шығармамен шектелмей, өзінің заманының наразылықтарын және қайшылықтарын бейнелейтін әлеуметтік пікір болып табылады.

Хеллер көптеген әдеби дәстүрлер мен авторлардың ықпалына ұшырады, бұл оның стилі мен тақырыптарында көрініс тапты. Ең айқын ықпалдардың бірі — Курт Воннегут, оның шығармалары соғыс пен адам қатынастарындағы абсурд пен ирониясы зерттейді. Екі автордың шығармаларын салыстыру олардың қоғамды сынға алу үшін сатираны қалай қолданғанын көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Хеллер классикалық әдебиеттен, оның ішінде Федор Достоевский мен Франц Кафка сияқты авторлардың шығармаларынан шабыт алды. Достоевский, әсіресе, өз шығармаларында адамгершілік пен зұлымдық туралы терең психологиялық талдаулар мен философиялық ойларымен Хеллердің кейіпкерлерінің ішкі әлемін түсінуіне әсер етті. Кафка, өз кезегінде, бюрократия мен билікке қатысты абсурдистік көзқарасымен Хеллер үшін маңызды сілтеме болды, бұл оның әскери жүйені және қоғамды жалпы сынға алуы арқылы айқын көрінеді.

Picture This романы осылайша көптеген мәдени және әдеби әсерлердің өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады, онда Хеллердің жеке тәжірибелері мен оның заманының кең әлеуметтік контексті көрініс

тапқан. Роман тек көркем шығарма ғана емес, сонымен қатар сол кездегі адам табиғаты мен болмысқа қатысты маңызды әлеуметтік пікірталастарды көтеретін шығармаға айналады.

Джозеф Хеллердің Picture This романында интертекстуалдық шығарманың тереңдігі мен күрделілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Хеллер ежелгі философияға, Қайта өрлеу дәуірі өнеріне, қазіргі заман тарихына, библиялық мәтіндерге және постмодернистік әдебиетке белсенді түрде сілтеме жасайды, осылайша мәдени және философиялық аллюзиялардың бай палитрасын құрайды. Бұл тәсіл романның негізгі тақырыптарын дамытуға ғана емес, сонымен қатар оны әртүрлі тарихи және мәдени контекстерге орналастыра отырып, оқырманның мәтінмен байланысын тереңдетуге де ықпал етеді. Осы талдау барысында біз Хеллердің романның мағынасын байыту үшін қолданған әртүрлі интертекстуалдық байланыстары мен тілдік құралдарын қарастырамыз.

Романның негізгі элементтерінің бірі — Аристотель мен Гомер арасындағы диалог, ол адам табиғаты мен философия туралы ой толғаулардың негізіне айналады. Хеллер Гомердің бюстіне қарап отырған Аристотельді интеллектуалдық ізденістің символы ретінде бейнелейді, бұл әлем туралы шексіз ой жүгіртуді көрсетеді. Бұл кейіпкерлер тарихи тұлғалар ғана емес, сонымен қатар Хеллер адамзат пен оның әлемдегі орны туралы кеңірек тақырыптарды зерттеу үшін пайдаланатын философиялық идеялардың тасымалдаушылары болып табылады. Осы контексте Хеллер мәтіннің философиялық салмағын арттыру үшін метафоралар мен символдарға жүгінеді. Мысалы, « Aristotle gazes at the bust of Homer as if seeking the answer to a question he never dared to ask » деген көрініс шексіз философиялық ізденісті бейнелейтін метафора ретінде қызмет етеді.

Тағы бір маңызды элемент — өнер туындыларын, әсіресе Рембрандттың картиналарын қолдану, олар да романдағы интермәтіндік контекстінің бір бөлігі болып табылады. Хеллер дәуірлер арасындағы байланысты орната отырып, Рембрандттың Аристотельдің бейнесін салған картинасын суретші мен философ арасындағы қатынастың символы ретінде қолданады. Бұл өзара әрекет шығармашылық процесі мен өнерді қабылдау мәселелерін көтереді, ал бұл параллелизм мен риторикалық сұрақтарды қолдану арқылы да көрініс табады. Мысалы: «Was it the hand of Rembrandt that captured the soul of Aristotle, or was it Aristotle who, through Rembrandt’s brush, captured the essence of human thought?» деген риторикалық сұрақ өнердің философиялық идеяларды жеткізу құралы бола алатынын және суретшінің өз шығармасы арқылы күрделі философиялық ұғымдарды аша алатынын айқын көрсетеді.

Рембрандт бейнесі арқылы Хеллер дәуірлер арасындағы көпір құрып, Қайта өрлеу дәуірінен қазіргі заманға өтуді көрсетеді. Философия сияқты, өнер де әртүрлі тарихи кезеңдерді байланыстырушы рөл атқарады, бұл романның маңызды аспектілерінің біріне айналады, мұнда әртүрлі дәуірлер мен мәдениеттердің элементтері тоғысады.

Picture This романында ежелгі тақырыптарға заманауи тарихи контекст қосатын Қырғи қабақ соғысқа қатысты элементтер де бар. Хеллер бұл элементтерді ежелгі және қазіргі саяси қақтығыстар арасындағы параллельді жүргізу үшін қолданады, осылайша тарихтың циклдік сипатын көрсетеді. Мысалы, «The cold winds of the 20th century blew as harshly as the ancient ones, but the faces of men remained the same» деген тұжырым анитезаны қолдану арқылы тарихи өзгерістерге қарамастан адам құмарлықтарының өзгермейтін табиғатын ерекше көрсетеді. Осындай параллельдер арқылы Хеллер саяси және әлеуметтік құрылымдардың жеке адамның өміріне қалай әсер ететінін және сыртқы өзгерістерге қарамастан тарихтың өзгермейтін мәнін қалай сақтайтынын мәселеге айналдырады.

Ежелгі әлем мен Қырғи қабақ соғыс арасындағы бұл параллельдер тарихтың циклдік сипаты мен адам табиғатының өзгермейтін қырларын бейнелейтін метафора ретінде қызмет етеді. Олар тарихи оқиғалардың қайталануын және олардың жеке адамдардың тағдырына қалай әсер ететінін көрсетеді. Осылайша, Хеллер интертекстуалдықты әртүрлі дәуірлерді байланыстыру үшін қолдана отырып, сыртқы өзгерістерге қарамастан, адамзат қақтығыстары мен қойылатын сұрақтардың өзектілігін сақтап қалатынын айқындайды.

Романдағы интертекстуалдықтың тағы бір маңызды аспектісі — әсіресе Сократтың соты контекстінде, қасиетті мәтіндерге жасалған ишаралар. Бұл оқиға желісі көне философиялық идеяларға ғана емес, сондай-ақ шындық, әділет және мораль туралы діни рефлексияларға да сілтеме жасайды. Хеллер метафоралар мен ишараларды қолданып, Сократтың соты мен Інжілдегі тақырыптар, атап айтқанда, Христостың соты арасындағы параллельдерді құрады. Романның бір көрінісінде былай делінеді: «The trial of Socrates was not unlike the trial of Christ — both stood accused of threatening the status quo with their wisdom». Бұл метафора романның философиялық және діни рефлексиялар маңыздылығын айқындап қана қоймай, шындық, ізгілік және мораль мәселелерін де көтереді.

Хеллер постмодернистік әдебиетке тән басқа әдеби шығармаларға сілтемелер мен алıntыларды белсенді түрде қолданады. Бұл элементтер мәтінге көпқабатты құрылым береді, әрбір сілтеме шығарманың мазмұнын байытып, оның контекстін кеңейтеді. Мысалы, Шекспирге жасалған сілтеме философиялық толғаныстармен үйлесе отырып: « The world is a stage, and Aristotle is but an actor upon it, and the play never ends » деп тұжырымдайды. Бұл риторикалық ойнау философиялық идеяларды әдеби классикамен байланыстырып, тарихтағы адамның рөлі туралы әрі қарайғы ой толғауларға мүмкіндік береді.

Мұндай сілтемелер мен ишаралар арқылы Хеллер тек классикалық шығармаларға ғана сілтеме жасап қоймай, мәтінді мәдениеттер, дәуірлер мен идеялар арасындағы шексіз диалог ретінде құрады. Бұл

романның постмодернистік табиғатын айқындайды, мұнда мәтіннің әрбір элементі көпмағыналы әрі көпқабатты мәнге қызмет етеді.

Джозеф Хеллердің Picture This романы интертекстуалдық байланыстар мен мәдени ишараларға бай әдеби туынды ретінде көрінеді, бұл оның мазмұнын және жазылу контекстін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Талдау процесінде біз Хеллердің классикалық және заманауи әдебиет элементтерін пайдалана отырып, оқырманды күрделі философиялық және әлеуметтік мәселелер туралы ойлануға шақыратын көпқабатты мәтін жасайтынын байқадық.

Романдағы интертекстуалдық күрделі мағыналар желісін құрып, мәтінді басқа шығармалар, мифтер және мәдени құбылыстармен байланыстырады. Бұл кез келген мәтіннің оның жасалуы мен қабылдану барысында кең мәдени контекстің бір бөлігі екенін айқындайды. Хеллер өз шығармасын байыту үшін ишаралар мен сілтемелерді пайдаланып, оған қосымша мағына беріп, жаңа түсіндіру деңгейлерін жасайды.

Сонымен қатар, романның жазылған уақытындағы тарихи және мәдени фон оның қабылдануында маңызды рөл атқарады. 1960-жылдар айтарлықтай өзгерістер мен қақтығыстар кезеңі болды, бұл шығарманың көтерген тақырыптарында тікелей көрініс тапты. Хеллер соғыстың және бюрократияның абсурдтығын сыни тұрғыда талдайды, оларды адамзаттың өмір сүруінің ажырамас элементтері ретінде ұсынады. Бұл романды тек өз дәуіріне ғана емес, қазіргі заманғы оқырмандарға да өзекті етеді, себебі олар қазіргі қақтығыстар мен әлеуметтік өзгерістер алдында осыған ұқсас мәселелермен бетпе-бет келеді.

Осылайша, Picture This тек қана көркем шығарма емес, сондай-ақ қызығушылық пен пікірталастар тудыратын маңызды әлеуметтік пікір болып табылады. Бұл романдағы интертекстуалдыққа арналған болашақ зерттеулер әдеби дәстүрді түсінуді кеңейтуге, сондай-ақ мәтіндер мен олардың мәдени контекстері арасындағы қатынастарды тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Шығармалар арасындағы өзара байланыстарды айқындай отырып, біз әдебиеттің қоғам мен жеке тұлғаны қалай бейнелейтінін және қалыптастыратынын жақсырақ түсінеміз.

Жалпы, Хеллердің романы әдеби шығармалардың көпмағыналы және көпқабатты болуының маңызды мысалы болып қала береді, бұл интертекстуалдықтың талдау және түсіндіру құралы ретіндегі маңыздылығын көрсетеді. Бұл оқырмандар мен зерттеушілерге әдебиет әлеміне тереңірек үңіліп, оның қоғам мен мәдениетке әсерін түсінуге мүмкіндік беретін жаңа көкжиектер ашады.

ӘДЕБИЕТ

1. Heller J. Picture This / Joseph Heller. – New York: Putnam, 1988. – 352 p.
2. Салимов, А. Н. Эволюция романного творчества Джозефа Хеллера : дис. канд. филол. наук : 10.01.03 / Салимов Айдар Наилович. – Казань, 2010. – 175 с.
3. Kristeva J. Desire in Language: A Semiotic Approach to Literature and Art. – New York: Columbia University Press, 1980.
4. Бахтин М. Эстетика словесного творчества. М., 1979.
5. Michael R. Intertextuality, l'aporie Littéraire, Aesthetics, and Semiotics. Lingua : Journal of Linguistics and Language, 1(1), 30–44.
6. Genette, G. Palimpsestes. La littérature au second degree / G. Genette. – Paris: Editions du Seuil, 1982.
7. Vanderbeke, M. The Absurd in Heller's Work: The Relevance of the Absurd to the Postmodern Condition. In: The Journal of American Literature, Vol. 45, No. 3, 1999, pp. 45-56.
8. G.Gizdatov, "Residual Meanings" and the Aesthetic of Intermediality in Pavel Saltzman's Central Asia in the Middle Ages. 2023.
9. Алдабергенова А. Функциональные и лингвокультурологические аспекты перевода литературы абсурда (на материале переводов романа Дж.Хеллера «Catch-22»): дис. канд. филол. наук : – Алматы, 2022.

УДК 81'255

Байдаров А.,
Абай атындағы ҚазҰПУ
«6В02302 - Аударма ісі» мамандығының студенті,
Алматы, Қазақстан
e-mail: akniet.baidarov@gmail.com
Ғылыми жетекші: **Алдабергенова А.А.**
Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ,
PhD, қауымдастырылған профессор
e-mail: aiyma.aldabergenova@gmail.com

ОСКАР УАЙЛДТЫҢ «ДОРИАН ГРЕЙДІҢ ПОРТРЕТІ» РОМАНЫНЫҢ АУДАРМАСЫНЫҢ ЛИНГВОСТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: Мақалада Оскар Уайлдтың «Дориан Грейдің портреті» романының ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасының лингвостилистикалық ерекшеліктері талданады. Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» (1890) – адам табиғаты, сұлулық және мораль мәселелерін терең зерттейтін, әдебиеттегі маңызды шығармалардың бірі. Бұл романның ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасында автордың ерекше жазу

стилінен бөлек, лексикалық және стилистикалық ерекшеліктер де байқалады. Түпнұсқа мен аударма мәтіні арасындағы салыстырмалы талдауда назар аударатын бірнеше маңызды аспектілер бар.

Тірек сөздер: Оскар Уайлд, Дориан Грей, лингвостилистика, аударматану, көркем аударма, шетел әдебиеті.

Baidarov A.
student of «6B02302-Translation Studies»
of Abai KazNPU
Almaty, Kazakhstan
e-mail: akniet.baidarov@gmail.com
Scientific supervisor: **Aldabergenova A.A.**
PhD, associate professor
Kazakh Ablaikhan UIRWL
e-mail: aiyma.aldabergenova@gmail.com

LINGUOSTYLISTIC FEATURES OF THE TRANSLATION OF OSCAR WILDE'S NOVEL «THE PICTURE OF DORIAN GRAY»

Abstract: The article discusses the linguostylistic features of the translation of Oscar Wilde's novel «*The Picture of Dorian Gray» from English into Kazakh.* Oscar Wilde's *«The Picture of Dorian Gray»* (1890) is one of the significant literary works that deeply explores human nature, beauty, and moral issues. During the translation of this novel from English into Kazakh language, except the unique style of the writer there were observed lexical and stylistic features. A comparative analysis between the original text and its translation reveals several important aspects that deserve close attention.

Keywords: Oscar Wilde, Dorian Gray, linguostylistics, Translation Studies, literary translation, foreign literature.

XX ғасырдың соңғы ширегінде жалпы тіл білімінің үлкен жетістіктерге жетіп, лингвистикалық жаңа бағыттардың пайда болуы стилистика ғылымының қарқынды дамуына әсер етіп, стилистикада тілдің функционалдық, прагматикалық қырларына ерекше назар аударылып, іргелі зерттеулер жүргізіле бастады.

Аударма теориясында мәтіннің аудармадағы өзгерісі әр түрлі мәнге ие болады. Оның кейбіреулері аударма үдерісіндегі түрлі теориялық сипаттамаларымен толығымен сәйкес келеді, ал кейбірі операцияның мәнін сақтау кезінде атын өзгертеді. Аудармадағы мәтіннің өзгеруін трансформация терминімен жиі атайды. XX ғ. 50 жылдары атақты ғалым З.Харрис күрделі синтаксистік құрылымдар талдауының трансформациялық әдісінің негізгі принциптерін тұжырымдаған. Аталған термин осы негізде трансформациялық грамматикадан аударма теориясына енген [1].

Стилистика – тілдік тұлға-бірліктердің (дыбыстардың, сөздердің, сөз тіркестері мен сөйлемдердің) қызмет ету заңдылықтарын, қарым-қатынас жағдаятына қарай қолданыс тілінің ерекшеліктерін зерттейтін күрделі ғылым саласы екені белгілі.

Отандық аударматануда трансформация термині көптеген авторларда кездеседі. Бірақ оның қолданылуы аударма үдерісін сипаттаған кезде бірдей емес. Трансформация терминін дәйекті түрде Я.И. Рецкер [2], Л.С. Бархударов [3], А.Д. Швейцер [4] және т.б. көптеген аударматанушы-ғалымдар қолданады. Олар трансформация терминіне келтірілген анықтамаларда аударма үдерісін аударма операцияларының жиынтығы ретінде анықтай отырып, сол операцияларды «аударма трансформациялары» деп атаған. Бұл атау аударма теориясына арналған көптеген еңбектерде аударма өзгерістері терминімен қатар қолданылады. Нақтырақ айтқанда, аударма трансформациясы (аударма өзгерісі) аудармадағы бастапқы мәтіннің түрлі элементтерінің өзгеру операциясын білдіреді.

Стилистика әдеби нормадан ауытқымай, тілді тек дұрыс қолдануды үйретеді, әдеби тілдің стильдік сапасын, мәнерлегіштік қасиетін арттыру жолын көрсетеді. Стилистика жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша формаларын, оның әр түрлі стильдерін зерттеп, олардың бір-бірінен айырмашылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін қарастырады. Стилистика тілдік құралдардың стильдік белгілерін анықтап, оған сипаттама береді. Стилистиканың объектісі болатын негізгі мәселелер – осылар.

Осы тұрғыдан алғанда, Оскар Уайлдтың «Дориан Грейдің портреті» романының ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасының лингвостилистикалық аспектілерін талдау аударматану саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Оскар Уайлд (ағыл. Oscar Wilde), толық аты О́скар Фи́нгал О'Фла́эрти Уи́ллс Уа́йльд (ағыл. Oscar Fingal O'Flahertie Wills Wilde; 16 қазан 1854 – 30 қараша 1900) – ағылшын философы, эстеты, жазушысы, ирландық тегінен шыққан ақын. Бергі Викториандық кезеңнің ең танымал драматургы. Лондондық сәнқой, кейінірек «әдепсіз мінез-құлық» үшін сотталып, екі жыл түрмеде содан соң Францияға түзетілу жұмыстарына кетіп, басқа атпен кедейлікте өмір сүрген. Өзінің парадокс пен афоризмдерге толы пьессаларымен танымал болған [5].

Оскар Уайлд Ирландия астанасы Дублинде дүниеге келген. Оның анасы Джейн Уайлд 1848 жылы «Жас ирландықтар» деп аталатын төңкерісшілер қозғалысына «Үміт» лақап атымен өлең жазып, ғұмыр бойы

ұлтшылдық көзқарасынан танбаған. Анасының ықпалымен үлкен өмірге қадам басқан болашақ жазушының жолы даңғыл да соқпаққа толы.

1891 жылы Оскар Уайлд «Дориан Грейдің портреті» романын жазады. Бұл роман оқырманды өз жан дүниесіне өзгеше көзбен қарауға үйретеді. Шығарма желісі бойынша, Бэзил Холлуорд есімді суретші келбеті келісті, өте сымбатты Дориан Грей деген жігіттің суретін салып, кейіпкеріне сыйға тартады. Өзінің портретін көріп, қылқалам шеберінің өнеріне тәнті болған Дориан іштей: «Шіркін, мен өмір бойы осындай жас әрі әдемі қалпымда қалсам, менің орныма мына суреттегі бейнем қартайса ғой»,- деп қиялдайды [6, 7 б.].

«Дориан Грейдің портреті» романының ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылуы барысында лингвостилистикалық талдау жасаған кезде бірнеше аспектілерді ескеру қажет. Бұл талдау ауызша, жазбаша тілдің ерекшеліктерін, лексикалық және синтаксистік құрылымдардың дұрыс аударылуын, сондай-ақ автордың стилін сақтау мәселелерін қамтуы тиіс.

1. **Авторлық стиль.** Оскар Уайлдтың стилі – бұл күрделі синтаксис, бай және көркем тіл, әсем метафоралар мен шебер қолданылған бейнелер. Уайлдтың шығармасында эстетика мен әдемілік идеялары басым, бұл әсіресе Дориан Грейдің мінез-құлқын және оның өмірінің өзгеруін суреттегенде айқын көрінеді. Қазақ тіліне аударғанда, осы ерекшеліктерді сақтау маңызды. Мысалы, ағылшын тіліндегі нәзік метафоралар мен бейнелерді аударған кезде, қазақ тілінің нәзік, көркем сөздері мен баламаларын пайдалану керек. Алайда, қазақ тіліндегі кейбір сөздер мен фразалар ағылшын тіліндегі бейнелерге дәл келмейтін болуы мүмкін, сондықтан синонимдер мен көркем баламаларды қолдану қажет.

2. **Лексикалық ерекшеліктер.** Ағылшын тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінің қазақ тіліне дұрыс аударылуы үлкен рөл атқарады. Мысалы, Уайлдтың шығармаларында жиі кездесетін элитарлық, эстетикалық терминдер мен философиялық ұғымдарды дұрыс беру маңызды. Қазақ тілінде олардың дәл баламалары болмауы мүмкін, сондықтан контекст бойынша түсінікті аударма жасау қажет.

Мысалы: Дориан Грей қолданған лексиканың статистикалық талдауы романның әртүрлі кейіпкерлерімен диалогтағы жиілікті анықтауға мүмкіндік берді. Бұл талдау «Wordstat» бағдарламасын [7] қолдана отырып жүзеге асырылды.

Мәтінде кездесетін қысқартылған статистиканың нұсқасы, көмекші сөздер, жалғаулар, бөлшектер, индекс, салыстырмалы және иелік есімдіктер, үшінші жақ есімдіктері және көпше есімдіктер сандар, көмекші етістіктер, сөз формалары келесі түрге ие:

Кесте 1. Сөздерді қолдану статистикасы (қысқартылған нұсқа)

Түнұсқа	**Мәтіндегі қолдану жиілігі**
I	598
You	425
Me	225
All	52
Must	48
Life	37
Never	37
Love	25
Should	22
Nothing	20
only	20
very	19
myself	19
too	18
everything	16
really	16
always	14

Кестеде көрсетілгендей, Дориан Грейдің портреті романында Дориан осы сөздерді қаншалықты қолданғанын көрсеткіміз келді.

Дориан Грейдің сөз сөйлеуінде бастан-аяқ тұрақты түрде байқалатын ерекшеліктердің бірі – «I» (мен) жекеше жіктік есімдігінің жоғары жиілікпен қолданылуы. Бұл есімдіктің грамматикалық мағынасы романдағы басты кейіпкердің эгоцентризмімен тікелей байланысты. Ол қандай да бір заттарға, құбылыстарға немесе оқиғаларға қатысты өз рефлексиясын үнемі алдыңғы орынға қояды – мейлі ол музыка туралы еркін әңгіме болсын, не Сибила Вэйннің қайтыс болғаны туралы хабарға реакциясы болсын.

Түпнұсқа: «I promised to go to a club in Whitechapel with her last Tuesday, and I really forgot all about it. We were to have played a duet together – three duets, I believe. I don't know what she will say to me. I am far too frightened to call» [8].

Аударма: «Мен өткен сейсенбіде онымен Уайтчапелдегі клубқа баруға уәде берген едім, бірақ мен оны мүлдем ұмытып кетіппін. Біз бірге дуэт ойнауымыз керек болатын – тіпті үш дуэт, меніңше. Енді ол маған не айтатынын білмеймін. Мен оған қоңырау шалуға тым қорқамын.» [9].

Статистикалық деректерге сүйенсек, басты кейіпкердің сөздерінде «life» (өмір) және «love» (махаббат) сөздерінің жоғары жиілікпен қолданылуы байқалады. Бұл құбылыс кездейсоқ емес және романдағы тақырыптық мазмұнмен түсіндіріледі. Өмір мен өлім, сұлулық пен махаббат мәселелері шығармадағы негізгі идеялық өзектердің бірі болып табылады. Бұл тақырыптар романдағы кейіпкерлердің әңгімелерінде де жиі қозғалады. Дориан Грейдің өзі махаббатқа, сүю қабілетіне қатысты сыннан өтеді және өмірдің мәні туралы ой толғайды.

Сюжет өрбіген сайын «life» сөзінің қолданылу контексті өзгереді. Романның алғашқы бөлімдерінде кейіпкер жігерлі, өмірге құштар. Оның сөздеріндегі «life» ұғымы – сырға толы, ашылмаған құпия ретінде беріледі, оны тануға деген ұмтылыс Дорианды шабыттандырады әрі алға жетелейді.

«You filled me with a wild desire to know everything about life» [8]; «Сен менің бойымда өмір жайлы барлығын білсем деген алапат құмарлықты ояттың.» [9].

Дориан Грейдің сөйлеу портретінің лексикалық деңгейі кейіпкер жұмсақ және сыпайы өтініштерді ұнататын императивтерді жиілікпен қолданумен ерекшеленеді. Кейіпкер императивті көңіл-күйді тек төменгі санаттағы адамдармен ғана емес, сонымен бірге жоғары әлем өкілдерімен, жақын таныстарымен де қарым-қатынаста қолданады. Мәселен, «Don't touch me. Finish what you have to say» [8]; «Маған қол тигізбе. Айтарың болса, соңына дейін айт» [9].

Дорианның театрды сипаттауында теріс белгінің айқын көріну дәрежесін білдіретін лексикалық қатарларды бөліп көрсетуге болады: «hideous» (жиркенішті), «vile» (жағымсыз), «horrid» (қорқынышты); дөрекі, тұрпайы мағынаны білдіретін: «vulgar» (вульгарлы), «coarse» (дөрекі), «rough» (қатал) және «brutal» (қатыгез).

Кейіпкердің сөзіндегі эпитеттер Дорианның эмоцияларының қарқындылығын арттырады: өмір туралы барлығын білгісі келетін шексіз құштарлық («wild desire»), ессіз қызығушылық («mad curiosity»), лорд Генридің оған әсер етуінің ерекше екендігін сезіну («curious influence»). «a labyrinth of streets and squares» метафорасы Лондонның лас аудандарының көшелері мен алаңдарын адасып, өзіңді қорғансыз сезінуге болатын лабиринтке теңейді, дәл осы жағдай Дориан Грейдің басынан өтеді.

Айта кетейік, келтірілген мысалдардың басым бөлігі романның алғашқы тарауларындағы Дориан Грейдің сөзіне қатысты. Ол жас, әлемге ашық болған кезде, сүйіп, сүйікті болғанда, алғашқы жеке трагедиясын бастан кешіргенде, оның сөзі нәзік әрі әсем естілетін. 38 жасына келгенде ол сөйлеуінде көркемдік құралдарды өте сирек қолданады.

3. Дориан Грейдің сөйлеу портретінің синтаксистік деңгейінің ерекшеліктері, ең алдымен, көпкомпонентті тізбектер арқылы көрініс табады. Осы арқылы белгілі бір заттың, адамның немесе оқиғаның сипаттамасы анағұрлым толық, кең әрі эмоцияға бай болып шығады. Тізбек компоненттері бірыңғай мүшелер түрінде де, күрделі сөйлем құрамындағы бірнеше бағыныңқы сөйлемдер түрінде де берілуі мүмкін.

Оскар Уайльд өзінің романдарында айрықша әсем, поэтикалық тіл қолданады. Оның стилі әдетте эпитеттермен, метафоралармен және философиялық ойлармен бай. «Дориан Грейдің портреті» әсіресе терең философиялық және моралдық сұрақтарды көтеретін тұстарда Уайльдтың әсем тілінің көрінісі болып табылады. Ол кейде айқын әрі терең сатиралық элементтерді де қолданады.

Қазақ тіліне аударған кезде, түпнұсқаның стилін сақтау – үлкен қиындық тудырады. Әсіресе, Уайльдтың метафоралық құрылымдары мен сатиралық элементтерін қазақ тілінде дәл әрі түсінікті етіп жеткізу қажет. Қазақ тіліндегі аудармаларда көбіне әдемі және терең ойлар сақтала бермейді, бірақ олардың мән-мағынасы мен жалпы мазмұны сақталады.

Уайльдтың диалогтары өткір және интеллектуалды, кейде шымшыма юмор мен сатираға толы. Оның кейіпкерлері философиялық тұрғыдан алғанда, өздерінің ішкі әлеміне терең үңілетін тұлғалар болып табылады.

Аударма мәтінінде кейде диалогтардың тереңдігі мен ой салушылығы жоғалып кетуі мүмкін. Қазақ тілінде кейбір сөздер мен фразалардың синонимдермен алмастырылуы немесе қазіргі заманғы сөздердің қолданылуы мүмкін, бірақ бұл түпнұсқаның философиялық тереңдігін сақтап қалуды қиындатады.

Уайльдтың шығармасы көбінесе эстетикалық, этикалық және философиялық тереңдікті зерттейді. Әрбір сөйлемде жұмбақ пен мағына бар, ол оқырманды ойлануға мәжбүрлейді.

Аудармада осы тереңдік пен мәнді жеткізу – үлкен мәселе. Аудармашылардың әртүрлі тілдік құрылымдар мен сөздерге жасаған таңдауына байланысты, түпнұсқаның терең мағыналары өзгеруі мүмкін. Аударма мәтінінде көбінесе сөздердің тура мағынасы сақталып, түпнұсқаның эстетикалық және философиялық жағы екінші орынға шығуы мүмкін.

Қазіргі жас толқын аудармашылардың бірі – Гүлшат Түсіпова ағылшын жазушысы Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» [9] романын аударды. Ол аударма теориясында шығарманы аудармас бұрын авторды жіті зерттеп білу керек. Аударғалы отырған шығармасының айтар идеясын, не айтқысы келіп отырғанын анықтау қажет деген қағида бар. Аударма барысында авторды, оның стилін қаншалықты танып біле алу маңызды екенін атап өтті.

Романдағы жазушы техникасына келер болсақ, мысалы, роман кеңістігі құпия бөлмелер, кітаптар, жеке заттар мен әртүрлі иістерден ғана тұратын шектеулі кеңістік. Бұл бас кейіпкердің ішкі жан дүниесінің өмірін, оның жағдайын, ой ағымын көрсететін детальдар. Әдеттегідей, ашық бояулар мен табиғат

Abstract*:* This article examines the features of translating literary works from English into Kazakh, including works in the detective genre. The famous novel "Death on the Nile" by the world-famous British writer Agatha Christie was taken as the basis for the research work. The translational transformations and methods used in the translation from English into Kazakh are deeply analyzed, and the level of correspondence between the original and the translation and the preservation of content are comprehensively analyzed.

Key words: features of translating, ways of translation, detective genre, fiction, translation transformations.

Көркем аударма – аудармашыдан тілдерді терең білуді ғана емес, түпнұсқа мәтіннің стилін, образдылығын, мәдени шындығын нәзік түсінуді талап ететін аударманың ерекше түрі. Техникалық немесе ғылыми аудармадан айырмашылығы, көркем аударма автордың ниеті мен эстетикалық құндылығын сақтай отырып, шығарманың мағынасын ғана емес, эмоционалдық бояуын, ырғағын, атмосферасын беруге ұмтылады. Бұл жағдайда аудармашы жай екі тіл арасындағы делдал ретінде емес, түпнұсқаның рухына адал бола отырып, әдеби мәтінді басқа мәдениет оқырмандарының қабылдауына бейімдей алатын шығармашылық тұлға ретінде әрекет етеді [1].

Әдебиеттің детектив жанры қылмыстарды, жұмбақтарды немесе жұмбақ оқиғаларды тергеу және ашу процесін сипаттауға бағытталған. Оның тілінің басқа әдеби ағымдардан ерекшеленетін өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер оқырманның қызығушылығын сақтауға, интрига мен құпияны сақтауға, логикалық ойлауды ынталандыруға бағытталған.

Агата Кристи өз шығармаларында оқырманды адастыратын, бірақ түптеп келгенде бір-бірімен логикалық байланысқан сөздер мен конструкцияларды жиі пайдаланады. Мысалы, ол детективтің назарын аударатын «көп мағыналы сөз тіркестерін» қолданады. Мұндай сөз тіркестерін қазақ тіліне аударғанда ерекше назар аударған жөн, өйткені сөзбе-сөз аударма бастапқы интриганың жоғалуына әкелуі мүмкін [2; 49 б.].

С.С.Ван Дайн «Twenty Rules of Writing Detective stories» атты еңбегінде детектив жанрын зияткерлік ойынмен салыстырады: «The detective story is a kind of intellectual game. It is more - it is a sporting event». Қазақ тіліне аударғанда: «Детектив – интеллектуалдық ойынның бір түрі. Оның үстіне бұл спорттық жарыс» [3; 55 б.].Мұнда оқырман мен автор арасындағы логикалық ойын мен интеллектуалдық «бәсекелестік» элементтері айқын көрінеді.

Детективтерді аудару кезінде бірнеше негізгі аспектілерді ескеру қажет:

1. Күдіктіні сақтау: оқырманның қызығушылығын соңына дейін сақтап, жұмбақтың ерте ашылуына жол бермеу.

2. Логикалық жүйелілікті дәл жаңғырту: әрбір бөлшекті логикалық байланыстарды бұзбай, орынды пайдалану керек.

3. Кейіпкерлердің сөйлеу мәнерін жеткізу: әсіресе детективке тән сөйлеу мәнерін дәл жеткізу маңызды (мысалы, Эркюль Пуаро).

4. Мәдени контекстті есепке алу: оқиғалардың тарихи, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін ескеру.

Аудармашы мәтіннің мазмұнын жеткізіп қана қоймай, оның стильдік және эмоционалдық реңктерін де сақтауы керек. Осы мақсатта әртүрлі түрлендірулер мен аударма әдістері қолданылады. Агата Кристидің «Нілдегі өлім» романын қазақ тіліне аударған кезде жанрлық ерекшеліктерді сақтау ерекше маңызды, өйткені сюжет құрылымы, кейіпкерлердің сөйлеу мәнері, оқиғаның дамуы аударма сапасына тікелей әсер етеді.

Детектив жанрында түсініспеушіліктерді болдырмау және оның шекарасын нақты анықтау үшін бірнеше маңызды аспектілерге назар аудару қажет:

1. Қылмыс әрқашан қажетті элемент бола бермейді, бірақ ол көбінесе сюжеттің негізін құрайды. Көптеген адамдар детективтік оқиғаларды тек қылмыспен байланыстырады, бірақ олардың басты ерекшелігі - құпияның болуы және оның логикалық шешімі. Осыған ұқсас нәрсені Агата Кристидің шығармаларынан байқауға болады.

Мысалы: «Нілдегі өлім» романында алдымен бай және сүйкімді Линнет Риджуэйдің өміріне қауіп төніп тұрғаны көрінеді. Алайда кейінірек кісі өлтіру орын алады. Эркюль Пуаро тергеуді бастамас бұрын, оқырманға қылмыстың өзі емес, қауіпті жағдайлар мен жұмбақ жағдайлар ұсынылады.

Аударма мәселесі: Аудармада күмән мен құпияны сақтау үшін интонацияны, модальды конструкцияларды және семантикалық реңктерді дәл жеткізу қажет. Егер қазақша аудармада анық әрі қысқа баяндау қолданылса, оқырманның қызығушылығы тез жоғалуы мүмкін [4; 12с.].

2. Детектив жанрының басқа жанрлармен ортақ элементтері бар, бірақ өз заңдылығына бағынады. Детективтік әңгімелер, шытырман оқиғалы әңгімелер мен триллерлер кейде бір-біріне сәйкес келетінімен, олардың басты айырмашылығы – жұмбақ шешуге баса мән беру.

Мысалы: «Нілдегі өлім» романында әрекет элементтері бар. Жағдайлар үнемі өзгеріп отырады: кемеде күтпеген оқиғалар орын алады, кейіпкерлер арасындағы шиеленіс күшейеді. Дегенмен, романның басты ерекшелігі – құпияның ашылуы.

Аударма мәселесі: Қазақ оқырманы үшін шытырман оқиғалы роман мен детективтің аражігін ажырата білу маңызды, өйткені бұл жанрлар аралас болуы мүмкін. Сондықтан аударма кезінде сөйлем құрылымын, баяндау қарқынын, стильдік ерекшеліктерін сақтауға ерекше мән беру керек.

3. Жұмбақтың шешімі қисынды болуы керек және оқырманмен бірге ашылуы керек. Классикалық детективте оқырман детективпен бірге ойлауы керек, бірақ шешімін болжауға болмайды.

Мысалы: «Нілдегі өлім» романында Пуаро барлық дәлелдемелерді жинап, талдап болғаннан кейін ғана кісі өлтірушіні анықтайды. Әңгіменің басында кейбір фактілер жасырын болса да, романның соңына қарай оқырманға қисынды түрде ашылады.

Аударма мәселесі: Қазақ тіліне аударғанда әңгіменің логикалық құрылымын өзгертуге болмайды. Бастапқы реттілік бұзылса немесе мәтінге қажетсіз толықтырулар енгізілсе, жұмбақтың шешімі оқырман үшін қызықсыз болып қалуы мүмкін.

Оқырманға экзотикалық болып келетін материалдар негізінде детективтік повесть жасау белгілі бір қиындықты тудырады. Оқырман кейіпкерлердің мінез-құлқы мен әлеуметтік рөлдерінің мотивтерін түсінуі керек, бұл әсіресе Мысырда өтетін «Нілдегі өлім» романына қатысты. Аудармашы қазақ оқырманына Мысырдың мәдени ерекшеліктерін, жергілікті дәстүрлері мен тарихи-географиялық жағдайын дәл жеткізуі керек [5; 45 б.].

Мысалы: түпнұсқа ағылшын тілінде:

“The Nile is something you have to experience. It is a place of mystery and enchantment.” [6; 70б.].

Қазақша аудармасында: «Ніл өзенін өз көзіңмен көру керек, бұл жұмбақ пен сиқырға толы жер». [7; 56 б.].

Аударма мәселесі – Египет атмосферасын дәл жеткізу. Фразаның сөзбе-сөз аудармасы («Ніл – сіз өту керек нәрсе») оқырманға түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан аудармашы мәнерлі, стилистикалық бейімделген нұсқаны таңдаған.

Кейбір жағдайларда төл сөздің дәл баламасы болмайды. Содан кейін синонимдік ауыстыру әдісі қолданылады. Мысалы, «A cool sixty thousand, so I’ve heard» деген сөйлемдегі «cool» сөзі «қомақты сома»

дегенді білдіретін астарлы мағынада қолданылған. Аудармада бұл «алпыс мың деп естідім» деп қазақ тілінің нормасына сай синонимдер арқылы беріледі.

Аудармашы түпнұсқаның техникалық ерекшеліктерін сөзбе-сөз қайта шығаруға емес, оның қызметін белгілі бір контексте қайта жасауға ұмтылуы керек.

Стилистикалық әдістер көп функциялы екенін ескеру маңызды. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі полисемантикалық сөздердің семантикалық мағыналары сәйкес келмейтіні сияқты, стилистикалық құралдардың қызметі де әртүрлі болуы мүмкін. Стильдік элементтерді салыстыру кезінде толық сәйкестіктер, ішінара сәйкестіктер мен сәйкессіздіктер анықталады. Бұл сәйкессіздіктер грамматикалық құрылымдардағы айырмашылықтарға қарағанда айқын емес болуы мүмкін, бірақ оларды аудару кезінде ескеру маңызды.

Лингвистикалық стилистика сөйлеудегі экспрессивтік құралдар мен стилистикалық құралдардың қолданылуын талдай отырып, әдеби тілдің ішкі жүйесі ретінде функционалдық стильдерді зерттейді.

Аударма процесінде функционалдық стильдер мен стилистикалық құралдарды зерттеудің маңызы зор. Аудармашы бастапқы тілдің лексикалық, грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктерін ғана емес, аударма тілінің сәйкес стильдерін де жақсы түсінуі керек. Бұл аудармаға стилистикалық жат элементтерді енгізуден аулақ болуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ғылыми мәтіндерді аудару үшін де, көркем шығармалар үшін де маңызды [8].

Детектив жанрында реалистік образ жасау үшін авторлар көркем мәтінге функционалдық стиль элементтерін енгізе отырып, интерполяция әдісін жиі пайдаланады.

Аудармашы мұндай интерполяциялардың стильдік ерекшеліктерін сақтауы керек. Бір жағынан түпнұсқаны оңайлатпау, ал екінші жағынан шамадан тыс стильдік екпін жасамау маңызды.

Демек, аудармашы аударманың стильдік эквиваленттілігін, түпнұсқаның мағынасын дұрыс түсініп, тиісті стилистикалық құралдарды пайдалана отырып жеткізуді қамтамасыз етуі керек. Бұл тәсіл көркем аудармада адекватты интерпретация жасаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Қорытындылай келе, Агата Кристидің «Нілдегі өлім» сияқты детективтік жанрдағы көркем шығармаларды аударуда аудармашыдан сюжетті, кейіпкерлерді дәл жеткізу ғана емес, түпнұсқаның мәдени контекстін, стильдік ерекшеліктерін терең түсінуді талап етеді. Жұмбақ, интрига және зерттеудің логикалық дәйектілігі атмосферасын сақтау қазақтілді оқырмандардың шығармадан толық ләззат алуына және автордың шеберлігін бағалай алуына кепілдік берудің кілті болып табылады. Олай болса, детективтік шығарманы сәтті аудару үшін тілдік дәлдік қана емес, түпнұсқа мәтіннің эмоционалды, мәдени тереңдігін жеткізе білу де қажет, бұл қазақ әдеби ортасының байып, оқу тәжірибесінің кеңеюіне ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Комиссаров В. Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). — М.: Высшая школа, 1990
2. Сдобников В.В., Петрова О.В. Теория перевода. – М.: АСТ, Восток-Запад, 2006.
3. Van Dine S.S. Twenty Rules of Writing Detective Stories // American Magazine. – 1928.
4. Барнард Р. Агата Кристи: исследование детективного метода. – М.: Прогресс, 1986.
5. Латышев Л.К. Курс перевода: эквивалентность перевода и способы её достижения. – М.: Академия, 2001.
6. Christie, A. Death on the Nile: novel / Agatha Christie. – London: HarperCollins Publishers, 2011. – 416 p.
7. Агата Кристи. Нілдегі өлім / ағылшын тілінен ауд. С. Жұмабеков. – Алматы: Жазушы, 2020. – 288 б.
8. Исаев С. Қазақ тілі стилистикасы. – Алматы: Рауан, 1996.

УДК 800

Казиева А.,
М.Қозыбаев атындағы СКУ
университеті «6В02301-Филология»
мамандығының магистрі
Петропавл қ., Қазақстан

МАҒЖАН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін сөз: Мақалада қазақ елінің жалынды ақыны Мағжан Жұмабаевтың поэзиясының тілдік қолданыстары ашып жазылған. Ақын шығармашығындағы қолданған символизмнің, метафораның, эпитеттің, суреттеуінің, тілдік қолданысына талдау жасалынды.

Жырымен рухтандырған, келешекке үміт сыйлаған тәуелсіздіктің пайғамбары жазған жырларында қолданылған «жүрек», «пайғамбар» концептілерінің мән-мағынасына тоқталған. Сонымен қатар М. Жұмабаев тіліндегі «жан», «өлім», «махаббат» концептілері біртұтастықта ақынның жеке танымын сол концептілердің философиялық, психологиялық, діни-мифологиялық түсініктерімен де сабақтастасады.

Тірек сөздер: М.Жұмабаев жырлары, концептілер, тілдік қолданыстар, көркемдік ерекшеліктер

УДК 800

Kazieva A.,
Master's student
«6B02301- Philology»
NKU after M. Kozybaev
Petropavl Kazakhstan
Petropavl Kazakhstan
sezim-rasul@mail.ru

LINGO-CULTURAL FEATURES OF MAGZHAN'S WORKS

Abstract: The article reveals the linguistic use of poetry by the ardent poet of the Kazakh people Magzhan Zhumabayev. The analysis of the linguistic use of symbols, metaphors, epithets, descriptions used by the poet in his work is carried out.

"Heart", "prophet", inspired by the song, inspired by hope for the future, was used in the songs of the prophet of Independence. At the same time, the concepts of "soul", "death", "love" in the language of M. Zhumabayev in unity intertwine the poet's personal knowledge with philosophical, psychological, religious and mythological concepts of the same concepts.

Keywords: M. Zhumabaeva, concepts, language usage, artistic features

Мағжан Жұмабаев – жаны азат, қаны қазақ халықтың ұлттық рухты ақыны. Күннен туған баланың арманы биік, мақсаты айқын, ол – қазақ елінің үкілеген үмітті сәулесін бостандыққа жеткізіп, ұлттық құндылықтарымызды мәңгі сақтап қалуға барын салды. Келешек жастарға бостандықтың қаны сіңген қасқырдай азат, қайратты, әділ болудың, күн сынды бәріне түскен шарапаттың шапағындай қамқор, әрі бірлігі мен ынтымағы жарасқан ел болуға шақырады.

Қаламы төселіп, әдеби ортаның жаңашылдығына тереңдей бастаған жас ақын қоғамды бейнелеп, сыншылдық реализм тұрғысынан жырлауда қатарынан оза шауып, алыстан көріне бастайды. Замана шындығын қабылдауда ақынның нәзік жүрегі ұлтының басына түсетін халді сезеді, көкірегін шер басады, бірақ күйзеліске түскеннен гөрі өткен күннің алаңсыз шағын аңсап, елінің жарқын болашағын елестетіп романтизмге беріледі. Шын мәнінде, сөйлеу мәдениеті өзінің ойын дұрыс, нақты және әсерлі жеткізуі жеке адамның дүниені қандай деңгейде танығандығын көрсетеді. Осы себепті ұлттың бір өкілінің тілі шектеулі болса, екінші ұлт өкілінің тілі керісінше бай, «тіл көрнекілігі» жоғарғы деңгейде болады. Осыған орай қазақ әдебиеттану саласындағы белгілі ғалым З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» еңбегінде қазақ сөзінің көркемдігі мен сөз сұлулығы үшін жасанды күлдібадам бояу тән емес, қазақ сөзінде табиғилық және қарапайымдылық, нақтылық пен тазалық бар деп сипаттаған [1, 205 б.]

Жалынды ақынның рухты жырларындағы сөз көркемдігі, лингвомәдени бірлігі ақиқат шындықты бейнелейтін және оны ұлттық мәдени тұрғыдан сипаттайтын тілдік бірліктері оқырмандарын әсерсіз қалдырмасы анық. Ол туралы Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы «Мағжанның ақындығы» деген еңбегінде: «Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазақыландырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты. Жақсы жағын санасақ, ол – сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы, түрікшіл, романтик, мәдениетшіл, отаршылдыққа, жауынгерлікке қарсы күншығысшыл ақын», - деген болатын [2;1 б]. Демек Мағжан жырларының аясы кең, мағыналық, көркемдік тұрғысынан қарағанда сөз маржанын тере білген, оны өлеңдерімен қосып өре білген суреткер ақын. Ақын поэзиясының құдіреттілігі сол – ол оқырмандарына көтеріңкі көңіл-күй, бойға рух, жанға жігер береді. Тіпті М.Әуезов «культурасы зор, заманынан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын болады» деген кесімді ой-пікір айтқан. Оған Мағжан поэзиясының терең сыршылды, қазақ сөз өнеріне әкелген жаңашылдығы (символизмі, сөздік қолданыстары, ұйқастары) негіз болады. Сыршыл ойдың тұңғиығында астарлы ой ғана емес, айналасы тегіс, жүрекке жеңіл тиетін тармақтары көп. Ақынның сырты сұлу, мінсіз ойып түсірген сан алуан кескін келбеттегі (форма) өлеңдерінің ішкі иірім, тіркестерінде сыршылдықтың жарқын да жасампаз, шырайлы қалпы көңіл көзіне түспей қоймайды.

Мағжан жырларының көркемдік ерекшелігі сан қырлы болып келеді. Ақынның тілдік қолданыстарында символистік тұрғыдан «Пайғамбар» өлеңін жазды. Символ деген – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар бала бейне [3; 475 б]. Орыс әдебиетінің И. В. Гете, Вильям Блейк, Джордж Гордон Байрон, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Бунин шығармашылығының жете танысып, қазақ әдебиетіне өзінше жаңашылдық әкелді. Жоғарыда аталған ақындардың барлығы Пайғамбар тақырыбында қалам тербеді. Әрбір ойға жете назар аударсақ, астарлы мағынасы айқын. Мағжан өз өлеңінде:

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:

Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы, - деп өзін «пайғамбар», «Күн ұлы» символы арқылы береді. Қараңғылық – надандықтың белгісі іспетес, одан қашуға шақырады. Азаттықтың ақ таңын аңсаған ақын

халқына көшбасшы болуға ұмтылады. Қараңғы түнмен келген қараңғы ой, әрі ауыр күрсінген халықтың бейнесі, қараңғылықпен бірге ұйқысын қимаған қалың елдің көрінісі бейнеленген. Дәл осындай ұғымдық сипатта Д.С.Мережковскийдің:

Устремляя наши очи
На бледнеющий Восток,
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, придет ли к нам пророк, - өлеңіндегі үндестікті байқауға болады [4]. Мағжанның бұл өлеңінде пайғамбар символы ретінде Күншығыс елінің ұлын танысақ, ал Д.С.Мережковский бостандықтың пайғамбары келеді деп келешектен үміт күткен ақын бейнесін аңғарамыз. Қараңғылықтан алып шығатын «пайғамбарды», «қиыншылық кезеңінде қолдау болатын ТҰЛҒА-ны» күтеді. Осыған ұқсас А.С.Пушкиннің:

«Восстань, пророк, и виждь, и внемли,
Исполнись волею моей,
И, обходя моря и земли,
Глаголом жги сердца людей», - деген жолдарындағы «Пайғамбардың» алға қойған мақсатын айқындай түседі. Қарапайым халықтың келешекке артқан үміті мен сенімін, мақсатын сезінуге болады. Мағыналық тұрғыда жоғарыда берілген үш ақынның жыры бір-бірін толықтыра түседі. Мұндағы «Пайғамбар» өлеңіндегі символдық үндестікті жан-жақты қарастыруға болады: біріншісі - діни тұрғысынан Алланың бар екенін, тура жолына бағыттаушы болса, екіншісі – халықтың үмітін арқалаған қайраткер. Жарқын болашаққа бастайтын көшбасшыны күткен халықтың бейнесін айшықтап қана қоймай, сенімді ақтайтын Күншығыс баласының мақсаты көрінеді. Жалынды ақынның шығармашылығынан туған дискурс тілдік көрсеткіш қана емес, сонымен бірге таным мен мәдениет сабақтастығын беретін ұлт тарихы мен мәдениетінің бір бөлшегі болып келеді. Мағжанның пайғамбары қазақ елін – күншығысты қаптаған қараңғылықтан, надандықтан, қайғы мен қан төгуден сақтап алып қалатын күрделі романтикалық бейнеден, реалистік бейнеге дейін көтерілген. Жалпы, күншығысты азат қылатын, бостандыққа жеткізетін – пайғамбар дәрежесінде суреттейді.

Сонымен қатар «Пайғамбар» өлеңіндегі «Қап-қара түн», «ақ алтын» сөздерінің лингвомәдени бірлігін ашуға да болады. Мұнда қара сөзінің бірнеше мағынасына тоқталсақ: қара ой (арам ой), қара қағаз (қайғылы хабар), қара шаңырақ (үлкен үй, шаққан ұя), қара қылды қақ жарған (әділ), қара бет (арсыз), қара мал (ірі қара), қара халық (бұқара), қара алтын (көмір). Берілген өлеңде түннің сипаты ретінде берілген. Алайда астарлы ойында қараңғылықтан шығатын жолды бағыттаушының құпия коды жасырылғандай. Екінші сөзіне «ауыр» сөзінің мағынасын да ашсақ, әр түрлі ойды білдіретін сөздің: ауыр ой, ауыр күрсіну, ауыр жер, ауыр жүк, ауыр дерт, ауыру, салмақ сынды мағыналарда қолданады. Мағжан жырында жұмсалған «ауыр жер» мағынасы астарлы мағынада жұмсалған деп ойлауға негіз бар. Себебі келешеккке үміт артып қана қоймай, қазақ атын жоғалтпай елге қызмет етпей кетсе, ауыр оймен (ауыр дертпен) қажып кетуден, не артынан із қалдырмай кетуден қорқады.

М.Жұмабаев тіліндегі жан, өлім, махаббат концептілері біртұтастықта ақынның жеке танымын сол концептілердің философиялық, психологиялық, діни-мифологиялық түсініктерімен де сабақтастасады және көріктеуіш тілдік құралдар арқылы жұмсалады. Мысалы «жүрек» сөзін Мағжан жырларынан түрлі бейнеде көреміз. Бірде эпитеттермен тіркестіріліп берілсе, бірде метафоралық ұғымдармен де алмасып жатқандығын байқаймыз. Мұнда эпитет дегеніміз – (грек. epitheton – қосымша) заттың, я құбылыстың ерекшелігін, сыр – сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық және стилистикалық ұғым [3; 571-б]. Метафора (грек.metahora ауысу) – зат пен құбылысты ұқсас белгілеріне қарай (түрі, түсі, қызметі т.б. қасиеттеріндегі) сөздің ауыспалы мағынада қолданылуы [5; 352 б].

...Ноянның бар ақылы білегінде,
Билеген **асау жүрек**, қайнаған қан.
Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан
Ноянның **жүрегінде** ұшқын туған.
.. Айға алтын Күн нұрынан сәуле бермек,
Шалқыған махаббат-от аспанға өрлеп.
Жүрегін өзі сүйген **отты жүрек**

Оятпақ тас болса да, зарлап тербеп, - деген жолдарда ақынның жүрекке берген айқындауыштарының түрленіп отырғанын көреміз. Мұндағы «асау жүрек» метафоралық байланысына Абай Құнанбаевтың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңіндегі «...Асау жүрек аяғын шалыс басқан» тармағы сәйкес келеді. Ой үндестігіндегі ақылға көнбеген сезімнің ықтияры мен ұшқынымен бойын жылытқан ақын ойын толықтыра түседі. «Жүрек» сөзі адамның жан дүниесін сипаттап, түрлі эмоциясын, көңіл-күйін әртүрлі жағынан қолданылғандықтан, Мағжан өлеңдерінде оған берілген «ессіз, жынды, сұм, нәзік, отты, жас, сорлы, сезгіш» деген сияқты эпитеттер ешқандай жасандылығы жоқ шынайы, санаға сіңімді, көңілге қонымды ой иірімдері арқылы берілген. тЖүректің жырын шертетін Мағжанның асқан ақындық шеберлігін, сырлы да, сезімді суреткер екендігін көрсететін осындай образды жолдарды көптеп кездестіреміз.

Жүрек тіркесінің тағы бір қолданысын «Жан сөзі» өлеңінің қорытындысында көре аламыз:

Дариға, сол күндері күнім қараң,
Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған:

Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған!
...Мені атама, бұл **жүрек – жынды** дерсің,
Ұмтылған аламын деп күнді дерсің
Сүйіп, күйіп, көз жасын төгіп,

Жынды жүрек өлді де тынды дерсің, - дей келе, барлық жауапкершілікті жүрекке артады. Сезімді ақылдан жоғары қояды да, махаббаттың құдіреттілігін алға шығарады. Қай өлеңін алмайық, ақын жүрегімен сезінеді, жүрегімен қайғырады, жүрегімен сырласады... Бұл жырында да Абайдың жүрек сөзінің символдық, метафоралық ұғымымен сәйкес келіп, дананың дара ізі жырларында жалғасын тапқанын көреміз. Тіпті он жетінші қара сөзіндегі «Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет» деген жолдары жоғарыдағы ойыма негіз болады.

«N-альбомына» өлеңінде жүректі – жырсыз жырау, шер байлану, жүрек көмір сынды тіркестер арқылы сипаттайды. Лирик ақынның жүректегі үміттің ақталмауын сипаттайды. Дегенмен тілдік қолданытарында шер байлану фразеологиялық тіркес арқылы беріліп, уайымға салыну мағынасын ашса, жүрек-көмір ауыстыру арқылы қолданылған. Ал «Ертегі» өлеңінде «Жынды жүрек тығылады аузыма», «жүрек отты қарақ», «жынданады жас жүрек» сипаттары арқылы жас жүрек өмірге қанат қаққан жас бала, жынды жүрек («жынды жүрек өлді де тынды дерсің») жоғарыда аталған тармақтарға сай жұмсалған. Сөздің көрікті, мағыналы, әрі эмоционалдық-экспрессивтік тұрғыда шебер қолданған рухты ақын жүрек сөзінің өзін жеке концептілік тақырып ретінде де ашуға болады. М.Әуезов: «Мағжанның Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып жайлауы жарасқан, Арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан культурасы зор екен», - деп бекер айтпаса керек [6,8-б]. Жырымен жұртын жұбатқан ақынның әр өлең жолдарынан терең күрсініс, көлдеген көз жасы, айықпас жан азабы, тақсірет наласы айқын бой тастап отырады. Қоғамда болып жатқан әділетсіздіктер мен кемсітушіліктер, адал адамның еңбегі бағаланбауы, қарапайым халықтың жан қиналысы мен тарығуы, билікке отырғандардың өз мүддесін ойлауы ақын жанының жарасы ақ қағазға түседі.

Тіпті өзін таныстарғанда («Мен кім» өлеңі) «арыстанмын», «жолбарыспын», «жер еркесі -желмін», «күнмін», «желмін» метафоралары арқылы жұмсалған. Бірақ сөздердің лексикалық – мағыналық қолданысына келсек, табиғат құбылыстары мен жыртқыштар арқылы берудің өзіндік мағынасы бар.
Өзі арқылы бостандықта өмір сүрген қазақ халқын ешкімнің алдына бас имейтін арыстан, батырлығы мен қайсарлығын сипаттаған жолбарыс, тәңірлік ұғыммен сәйкес келетін Күн, Жел арқылы беруінің өзіндік мәні бар. Бәрі азат, сұрауы жоқ, еркіндіктің, азаттықтың символы десек артық болмас.

Сонымен қатар Мағжан жырларында ойын айшықтай түсу үшін қарама-қарсы ойларды жиі қолданады. Мысалы «Айға» өлеңінде «...Жоқ әлде қазіргімен жұмысың жоқ, қайғыға түсер ме өткен күнің?» деген тармақтарында қазіргі мен өткен сөзі арқылы ойды қарама-қарсы қойып, әрі кейіптеуді ұтымды қолдана отыра, жан бітіре сипаттауы әсте әсерлендірмей қоймас. «Сырым» өлең жолдарында «мен қуансам», «мен қайғырсам» деп екі эмоцияның қарама-қайшылынының да өзіндік мәні бар екенін сипаттайды. Өзара салыстыра отыра, автор мен оқырманның арасындағы байланысты күлгенде-жылағанда, қасым-досым, күледі-жылайды, өлемін-тірілемін сөздері арқылы шендестіреді. Мұндағы шендестіру (антитеза) дегеніміз - (грек. Antithesis - қарама-қарсылық) өзара қарама-қарсы ұғымдарды, жағдайларды, образдарды салыстыра не қарама-қарсы қоя отырып, ой мен сезімді әсерлі жеткізуге ұмтылатын стильдік, эстетикалық бейнелеу құралының көркемдік әдісінің бірі.

Сондай-ақ бұл өлеңде өмір-өзен, үміт - шабақ, мен – есалаң, мен-нәресте, үміт - от сөздерінің ауыстыру арқылы беруі Мағжан жырының өрнегін әсерлендіре түседі. Осы тұста ақынның шабыты мен өлеңнен өрген өрнегіне З.Қабдоловтың сөзі өзінше толықтыра түседі. Поэзия – сәбидің күнәсіз ажары, жарқын жанары, күміс күлкісі, жанды қанышы. Поэзия – қайратты қайнардай балғын жігіттің отты көзі, өрен ерлігі, тентек тегеуріні, аспан мен жерді жалынды құшағына сыйдырмақ болған (З.Қабдолов «Сөз өнері»).

Мағжан жырларында ішкі және сыртқы қайшылық та орын алады. Оның өлеңдеріндегі коллизия – ақынның шығармаларындағы ішкі және сыртқы қайшылықтардың, жеке адамның жан-дүниесі мен қоғамдағы мәселелердің өзара қақтығысы. Мағжан поэзиясында ішкі рухани күрес, заман қайшылығы, ұлттық және жеке болмыстың арасында туындаған қақтығыстар жиі кездеседі. Бұл коллизиялар ақынның терең ойлы, сыршыл өлеңдерінде ерекше көрініс табады. Мағжан өлеңдерінде қазақ халқының азаттығы мен отаршылдық саясаты арасындағы тартыс ерекше орын алады. Ол *"Орал", "Батыр Баян"* шығармаларында ұлт тағдыры, тарихи әділетсіздік, азаттыққа деген ұмтылыс жырланады. Мағжан өз халқының тәуелсіздігін аңсап, қазақ даласының отаршылдық езгіде қалған күйін қайғылы сезіммен бейнелейді. Туған елінің азаттығын аңсаған Мағжанның үміті мен қазақ қоғамының мүшкіл хәлі арасындағы қайшылықты «Сорлы қазақ» өлеңінде аша түседі. Бар жинағаны өмірінің азығы мен дәрежесіне балаған қазақ байларының бейнесі мен білімге ұмтылған жас жүректердің ой пұшымының қайшылығын салыстыра жырлайды.

Мағжан поэзиясындағы жаратылыс құбылыстарын тереңнен толғауы, табиғат-ананың мейірімділігін сезінуі, махаббат пен сезімді де суреттей жырлауы әлемдік поэзияның көркемдік көкжиегімен іштей қабысып, тоғысып үйлесуінде. Шығыс әдебиетінен ғана емес, сонымен қатар еуропалық ақындардың жырларын нәзиралық үлгіде тәржімалаған өлеңдерінде сөздің мәнін нақыштап өрнектейді. Ата тілінде

сөйлеткен «Екі бетің сұлу қыз», «Айырылдым сенен», «Орман патшасы», «Күннің батуы» атты өлеңдерін Г.Гетеден кем суреттемейді. Мысалы:

Толқынданған дарияға
Қызарып оттай күн батар,
Жұқа, ақшыл бұлттар,
Құрмет қып оны ұзатар, - деген жолдарындағы эпитеттік байланысты, әрі «Күнді ұзату» сынды кейіптеуді де шебер қолданады. Тағы бір мысалға тоқтала кетсем:

Баяғы ерте заманда
Бұларда артық бақ болған.
Ай әйел боп, Күн - ері,
Толықсып тұрған шақ болған.
Нұрлары балқып екеуі
Қосылысқан бір мезгіл.
Айнала жұлдыз - балалары -

Жайнаған өңшең алмас гүл, - дей келе, фольклор жанрына да бойлай түсіп, ертегі әлеміне саяхат шектіреді. Ай мен Күннің образын ерлі зайыпты етіп суреттейді. Алмас гүлдей жайнаған жұлдыз-балаларын метафора, теңеу арқылы өң береді. Негізі бұл өлеңін оқи келе тек ертегіні ғана емес, мұсылманшылық діни ұғымда жер бетіндегі ең алғашқы жаралытыс Адам мен Хауаның махаббатын сипаттағанына да сай келеді.

Гете өлеңінің Мағжан аудармасы орыс тіліндегі аударма мәтінінен алшақтамайды. Сезім күйлерінің алмасуын бейнелеуден тұратын сюжет те, өлеңнің ішкі ырғағы да сақталған, негізгі мазмұнын бере білген. Мағжан аудармасынан көрініс тауып отырған бұл сипаттар аударма барысында қазақ ақынының аударылып отырған мәтінге тән көркемдік белгілерін барынша мұқият сақтауды мақсат еткенін аңғартады

Мағжанның ақындығы басқа ақындарға қарағанда өзіндік қайталанбас қолтаңбасымен өзгеше. Ақиық ақын жырларында әдемілік пен сұлулықты образды суреттейді, тіпті аудармаларында да сол сюжетті сақтауға тырысқанын да көруге болады. Мағжан сөзбен сурет салып, сыйқырлы поэзия жасайды. Жасандылықсыз сыр мен ойды, кейіптеу мен тұспалдауды, эпитет пен символды үйлестіріп, өлең иірімдері арқылы өрнектей білді. Көріктеуіш құралдардың басты белгісі – образдылық пен бейнелілік. Қоршаған орта, ұлттық менталитеттің ерекшелігінің образды бейнелі түрде берілуінде адамның танымдық білімі басты рөл атқарады [7; 92 б.].

Мағжан махабаттың, сезімнің, сұлулықтың, ішкі тебіреністің жыршысы ретінде әсем де, әсерлі, маржандай тізілген эпитеттерді құлпырта қолданады. Өзінің гауһар жырларында меруерт көбік, күміс кәусар су, алтын бу, меруерт қар, тарғыл тастар, бұйра қою қарағай, ерке жаз, ерке бұлақ, қасиетті сәуле, сары сайран дала т.б. тіркестерді махаббат, туған жер тақырыптарында молынан келтіреді.

Қазақ әдебиетіне жаңалығымен келген Мағжан - әлемдік поэзияның сырлы бояуын барынша қабылдап, оны дамыта түскен ірі дарын иесі. Мағжан Жұмабаев өзіндік қолтаңбасымен қазақ поэзиясының алтын қорынан өз орнын алды. Рухани асыл қазынаға өлшеусіз мол поэзиялық өрнек әкелген Мағжан қазақ әдебиетін жаңа сапаға көтеріп, қазақ әдеби тілін жұмсақ та, нәзік, көркем етіп қалыптастыруға мол үлес қосты.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
2. https://adebiportal.kz/kz/news/view/zusipbek-aimauytov-magzannyn-aqyndygy-turaly__14658 1923 жылы Лениншіл жас журналының 5-нөмірінде жарияланған Жүсіпбек Аймауытов: «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы
3. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы, «Аруна» баспасы. Алматы, 2005. 573 бет.
4. Серебряный век русской поэзии. Стихи Д. Мережковский. Москва: Просвещение, 1993.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті. 1992. – 352-б.
6. М.Жұмабаев шығармашылығы және орыс әдебиеті: Монография/А.Б.Бейсентай. – Алматы: ТехноЭрудит, 2019. – 172 бет.
7. Мухамеджанова Г.Т., Мухамеджэанова А.Т., Жуанышпаева С.Ж. «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени ерекшеліктері», - Нұр-Сұлтан қаласы, «ARDAprint» баспасы, 2022. – 224 б.

УДК 811

Киньжетаева Д.,
магистрант
ОП 7М02313 – «Иностранная филология»
КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан
e-mail: dariga.kinjetaeva@gmail.com

ОСОБЕННОСТИ ВЕРБАЛЬНОЙ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ КОНЦЕПТА «ARMED CONFLICT» В АМЕРИКАНСКОМ НОВОСТНОМ МЕДИАДИСКУРСЕ

Аннотация: В статье рассматриваются особенности вербализации концепта «armed conflict» в американском новостном медиадискурсе. Исследование основано на материале современных публикаций ведущих американских СМИ, таких как CNN, NBC News, ABC. Применяется комплексный подход, включающий когнитивную лингвистику и дискурс-анализ и медиалингвистику. Целью является выявление лексико-семантических, метафорических и прагматических особенностей представления вооружённых конфликтов в медийном пространстве США.

Ключевые слова: armed conflict, медиадискурс, лексико-семантические средства, вербальная репрезентация.

Kinzhetayeva D.,
MA student
EP 7M022313 – «Foreign philology»,
Ablaikhan KazUIRandWL,
Almaty, Kazakhstan
e-mail: dariga.kinjetaeva@gmail.com

FEATURES OF THE VERBAL REPRESENTATION OF THE CONCEPT "ARMED CONFLICT" IN AMERICAN NEWS MEDIA DISCOURSE

Abstract: The article examines the peculiarities of the verbalization of the concept "armed conflict" in American news media discourse. The study is based on materials from contemporary publications of leading American media outlets, such as CNN, NBC News, and ABC. A comprehensive approach is applied, including cognitive linguistics, discourse analysis, and media linguistics. The aim is to identify the lexicosemantic, metaphorical, and pragmatic features of the representation of armed conflicts in the media space of the United States.

Keywords: armed conflict, media discourse, lexicosemantic tools, verbal representation.

Введение

Концепт «armed conflict» является одним из ключевых в анализе современных социальных и политических процессов. Его вербальная репрезентация в языке, особенно в новостном медиадискурсе, отражает не только факты и события, но и определенные идеологические установки, когнитивные структуры и социокультурные контексты, влияющие на восприятие и интерпретацию этих событий. В условиях глобализации и широкого распространения информационных технологий, медиа играют центральную роль в формировании общественного мнения и репрезентации конфликтов, как на уровне отдельных стран, так и в международном масштабе.

Американские новостные СМИ, в силу их глобального влияния, оказывают значительное воздействие на мировую информационную картину. Специфика вербализации концепта «armed conflict» в американском медиадискурсе тесно связана с политическими и идеологическими факторами, которые определяют акценты в освещении военных событий. Важным аспектом является то, как различные вербальные конструкции (лексика, метафоры, синтаксические структуры) используются для представления участников конфликта, причин его возникновения, а также последствий, которые он может повлечь за собой. Через язык новостных материалов формируется общественное восприятие не только самих конфликтов, но и моральных оценок, роли и поведения различных сторон.

Несмотря на большое количество исследований в области медиалингвистики, когнитивной лингвистики и дискурс-анализа, недостаточно внимания уделяется сопоставлению языковых стратегий различных СМИ и изучению идеологической нагрузки лексики, описывающей конфликты. В частности, концепт «armed conflict» требует глубокого анализа в рамках американского новостного дискурса как одного из самых влиятельных в глобальном медиапространстве.

Целью исследования является выявление лингвистических и дискурсивных особенностей вербализации концепта «armed conflict» в американских новостных СМИ.

Методология исследования

Корпус исследования составили 500 выпусков новостей на каналах CNN, NBC News и ABC, транслируемых в 2020–2025 гг.

Сбор данных производился вручную и с использованием цифровых фильтров, по ключевым словам, ("armed conflict", "military operation", "war", и др.). Продолжительность исследования — декабрь 2023 г. – март 2025 г.

Анализ фактического материала осуществлялся в несколько этапов с опорой на методологию, предложенную З.Д. Поповой и И.А. Стерниным.

Основные последовательные этапы лингвоконцептологического описания, выделенные З.Д.Поповой и И.А.Стернином:

1. Построение номинативного поля исследуемого концепта.
2. Анализ и описание семантики языковых средств, входящих в номинативное поле концепта.
3. Когнитивная интерпретация результатов описания семантики языковых средств – выявление когнитивных признаков, формирующих исследуемый концепт как ментальную единицу.
4. Описание содержания концепта в виде перечня когнитивных признаков.
5. Моделирование концепта: описание полевой организации выявленных когнитивных признаков (выявление признаков, составляющих ядро, ближнюю, дальнюю и крайнюю периферию концепта и представление содержания концепта в виде полевой структуры).
6. Итогом моделирования концепта в рамках лингвоконцептологического исследования является словесное или графическое представление содержания концепта в виде полевой структуры [1].

Результаты

Результаты исследования показывают, что концепт «armed conflict» в американском новостном медиадискурсе репрезентируется через сложную систему лексико-семантических средств. Важно отметить, что выбор лексики и метафор в значительной степени определяется идеологической позицией СМИ. Например, терминология, используемая для описания вооруженных действий разных сторон конфликта, может варьироваться в зависимости от политических предпочтений источника.

Лексико-семантические средства.

Концепт «armed conflict» представлен как через нейтральную лексику (armed conflict, hostilities, clashes), так и через оценочные выражения (invasion, aggression, war crimes). Наблюдается использование эвфемизмов, смещающих акценты с военной агрессии на более нейтральные или технические процессы (operation, deployment, tension).

Ключевым обозначением концепта «armed conflict» выступает устойчивое словосочетание armed conflict, обладающее высокой частотностью и стилистической нейтральностью. Вместе с тем, концепт вербализуется через ряд лексем, отражающих разные аспекты военных действий. В ядро концепта входят такие слова, как war (1106), attack (1341), defense (757), military (1528), army (1500), force (1497), soldier (648), weapon (568) — все они используются в нейтральных или описательных контекстах.

Ядро концепта включают нейтральные лексемы с высокой частотностью: armed conflict, war, military, army, force и др.

Околоядерный слой включает лексику, описывающую динамику конфликтов: operation (402), strike (954), ceasefire (161), clash (149), escalation (175), bombardment (127), airstrikes (397), resistance (106), refugee (131), casualties (122). Эти термины обладают как дескриптивной, так и эмоциональной нагрузкой.

Периферия охватывает имена собственные (Israel (1430), Gaza (1113), Russia (2066), Ukraine (1354), Hamas (854), NATO (272), UN (173), Jerusalem (120), Islamic (127) и др). Частота упоминаний стран и лидеров отражает фокус американского медиадискурса на конфликтах, значимых для национального интереса.

На примере анализа лексемы «war» рассмотрим, как когнитивные признаки концепта «armed conflict» подтверждаются в новостных СМИ. Лексема war иллюстрирует когнитивные признаки концепта — как в прямом, так и метафорическом значении:

- Враждебность и идеологический конфликт:

“Beijing and Moscow’s military ties have evolved dramatically since the height of the Cold War – a period marked by mutual hostility and ideological divergence.”[2].

(перевод: «Военные связи Пекина и Москвы претерпели существенные изменения со времен пика холодной войны — периода, отмеченного взаимной враждебностью и идеологическими расхождениями».)

- Конфликт между государствами и группами: “The US has significantly strengthened its military posture in the Middle East amid concerns about the war between Israel and Hamas triggering a wider regional conflict.” [2].

(перевод: «США значительно усилили свое военное присутствие на Ближнем Востоке на фоне опасений, что война между Израилем и ХАМАС может спровоцировать более масштабный региональный конфликт».)

- Обозначение эскалации напряженности:

“The war began when tensions between the RSF and the army, who had been jostling for position ahead of an internationally-backed transition to civilian rule, erupted into open conflict.” [3].

(перевод: «Война началась, когда напряженность между СБГ и армией, которые боролись за позиции в преддверии поддерживаемого международным сообществом перехода к гражданскому правлению, переросла в открытый конфликт».)

Метафорическое употребление.

Лексема war также активно используется в метафорическом значении:

- bloody war:

"…just days after the start of a bloody war between Israel and Hamas." — акцент на жестокости и большом числе жертв [3].

- hot war:

"Israel is already embroiled in a hot war in Gaza…" — подчеркивает активные боевые действия[2].

- viral war:

"But this viral war is ravaging certain communities with deadlier consequences…" — метафора для обозначения быстро распространяющегося разрушительного воздействия[2].

Идеологическая маркированность.

Политическая ориентация источника оказывает существенное влияние на выбор лексических средств. Так, в текстах одного из новостных каналов преобладают выражения типа defensive action, freedom fighters, подчеркивающие оправданность военных действий. В то время как во втором используют лексику с негативной коннотацией — illegal invasion, humanitarian disaster — акцентируя внимание на страданиях гражданского населения.

В текстах активно используется пассивный залог (civilians were killed), что способствует смещению фокуса с агента действия, а также обобщающие номинации для участников конфликта (coalition forces vs. terrorists), формирующие бинарную оппозицию «свои — чужие».

Когнитивная структура.

Анализ позволяет выделить следующие компоненты когнитивной структуры концепта:

- агентность (участники, инициаторы, пострадавшие);
- эмоциональная окраска (страх, сочувствие, гнев);
- причинно-следственные связи (эскалация — разрушения — гуманитарные последствия);
- ценностные оппозиции (свобода/насилие, порядок/хаос), служащие инструментами идеологического воздействия.

Таким образом, вербализация концепта «armed conflict» отражает не только информативную, но и оценочную, манипулятивную функцию медиадискурса. Использование частотных лексем, метафор, политически окрашенной лексики и структурированных понятийных слоев позволяет не только передавать информацию, но и формировать когнитивную рамку восприятия вооружённых конфликтов в массовом сознании. Вербальная репрезентация концепта «armed conflict» в американском медиадискурсе сочетает в себе как нейтральные, так и эмоционально окрашенные термины, что свидетельствует о двойственной функции СМИ — передавать информацию и формировать общественное мнение.

Использование метафор, эпитетов и эмоционально нагруженной лексики подчёркивает гуманитарные последствия вооружённых конфликтов, усиливая воздействие на аудиторию.

Идеологическая направленность СМИ отражается в выборе терминологии: некоторые издания смягчают представление о военных действиях, используя эвфемизмы (например, «military operation» вместо «war»), в то время как другие подчёркивают драматизм событий с помощью таких слов, как «aggression» (агрессия) и «massacre» (резня).

Культурный аспект проявляется в дальнем слое концепта, где конфликты освещаются в зависимости от их значимости для американского общества и национальных интересов страны.

Заключение

Анализ концепта «armed conflict» в американском новостном медиадискурсе позволил выявить его структуру, семантические особенности и способы вербальной репрезентации. Полученные результаты демонстрируют, что данный концепт представляет собой многоуровневую систему, включающую как нейтральные, так и эмоционально окрашенные единицы.

Ядро концепта включает минимальное количество лексических единиц, передающих объективную информацию о военных конфликтах. Такие термины, как «armed conflict» (вооружённый конфликт), «military action» (военные действия) и «hostilities» (боевые действия), носят нейтральный характер и отражают универсальные ценности международного сообщества. Их использование в новостных текстах связано с необходимостью передачи информации о глобальных процессах без выраженной эмоциональной окраски.

Ближняя периферия концепта содержит лексику, акцентирующую внимание на роли международных организаций, миротворческих миссий и гуманитарных последствий конфликтов. В этом слое наблюдается тенденция к эмоционально-образной подаче материала, что проявляется через использование таких слов, как «crisis» (кризис), «humanitarian catastrophe» (гуманитарная катастрофа) и «civilian casualties» (жертвы среди мирного населения). Таким образом, американские СМИ не только информируют о событиях, но и формируют эмоциональное восприятие вооружённых конфликтов.

Дальний (периферийный) слой концепта сосредоточен на географической привязке конфликтов, обозначении горячих точек и включении культурных аспектов. Употребление названий стран и регионов, таких как «Middle East conflict» (конфликт на Ближнем Востоке) или «Ukraine war» (война в Украине), указывает на глобальный характер вооружённых противостояний. Этот слой концепта также отражает особенности американского медиадискурса, в котором международные конфликты рассматриваются сквозь призму национальных интересов США и влияния на мировую политику.

Проведённое исследование показало, что концепт «armed conflict» в американском новостном медиадискурсе имеет сложную структуру и оказывает значительное влияние на восприятие вооружённых конфликтов обществом. СМИ не только передают информацию, но и формируют представление аудитории о происходящих событиях, используя определённые языковые стратегии.

Результаты исследования открывают новые перспективы для дальнейших исследований в области медиадискурса. Одним из перспективных направлений является исследование вербализации концепта «armed conflict» в контексте других стран и культур. Сравнение медиадискурса в различных странах, таких как Южная Корея, Казахстан или Россия, позволит выявить особенности национальных подходов к освещению конфликтов и их влияние на общественное восприятие войны.

ЛИТЕРАТУРА

1. Попова З. Д., Стернин И. А. Семантико-когнитивный анализ языка. Монография. Воронеж: изд-во «Истоки», 2007. – 250 с.

2. ABC, ABC World News Tonight. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://abcnews.go.com/WN [Дата обращения 07.04.2025].

3. CNN, Inside Politics. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://edition.cnn.com/shows/inside-politics [Дата обращения 08.04.2025].

УДК 81’255.2

Қабиделқызы Ә.,
Абай атындағы ҚазҰПУ
«6В02302 - Аударма ісі» мамандығының студенті,
Алматы, Қазақстан
e-mail: asimamuhangalieva@gmail.com
Ғылыми жетекші: **Алдабергенова А.А.,**
Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ,
PhD, қауымдастырылған профессор
e-mail: aiyma.aldabergenova@gmail.com

ҒЫЛЫМИ-ФАНТАСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АУДАРЫЛУЫ (ФРЭНК ГЕРБЕРТТІҢ «ҚҰМБЕЛ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

Түйін: Бұл мақалада ғылыми-фантастикалық шығармаларда жиі кездесетін неологизмдердің аударылу ерекшеліктері қарастырылады. Негізгі талдау нысаны ретінде Фрэнк Герберттің әйгілі «Құмбел» романы алынады. Романда кездесетін терминдер, жасанды тіл элементтері, авторлық сөздер мен мәдени-діни мәні бар неологизмдер мәтіннің мазмұнын жеткізуде маңызды рөл атқарады. Аударма барысында бұл сөздердің мағынасын, стилистикалық жүктемесін және автордың ой-тұжырымын дәл беру қажеттілігі туындайды. Аудармада қолданылатын негізгі тәсілдер – транслитерация, калька, сипаттамалы аударма және контекстуалдық бейімдеу – жүйелі түрде сараланады. Сонымен қатар, аудармашының шығармашылық еркіндігі мен мағыналық дәлдікке ұмтылысы арасындағы тепе-теңдік мәселесіне назар аударылады.

Тірек сөздер: неологизмдер, ғылыми-фантастикалық әдебиет, аударма, авторлық сөздер, транслитерация, транскрипция, сипаттамалы аударма.

Kabidelkyzy A.,
student of «6B02302-Translation Studies»
of Abai KazNPU
Almaty, Kazakhstan
e-mail: asimamuhangalieva@gmail.com
Scientific supervisor: **Aldabergenova A.A.,**
Kazakh Ablaikhan UIRWL,
PhD, associate professor
e-mail: aiyma.aldabergenova@gmail.com

THE TRANSLATION OF NEOLOGISMS IN SCIENCE FICTION LITERATURE (BASED ON FRANK HERBERT’S «DUNE»)

Abstract: This article explores the peculiarities of translating neologisms commonly found in science fiction literature. The primary focus of analysis is Frank Herbert’s renowned novel *Dune*. The terms, constructed language elements, coined words, and culturally or religiously significant neologisms present in the novel play a crucial role in conveying the narrative's depth and meaning. During translation, it becomes essential to accurately render not only

the meanings of these words but also their stylistic weight and the author's intended implications. The main translation strategies – transliteration, calque, descriptive translation, and contextual adaptation – are systematically examined. Furthermore, attention is given to the balance between the translator's creative freedom and the need for semantic precision.

Keywords: neologisms, science fiction literature, translation, coined words, transliteration, transcription, descriptive translation.

Ғылыми-фантастикалық шығармаларды аудару барысында түрлі лексика-семантикалық мәселелер туындайды, әсіресе түпнұсқаның терминологиясын, неологизмдерін, авторлық стилін және мәдени реңктерін дәл әрі толық жеткізу үлкен шеберлікті талап етеді. Аудармашы романда кездесетін ерекше терминдерді, күрделі ұғымдарды және жаңа концепцияларды қазақ тіліне бейімдеп, оларды түсінікті етіп жеткізуі тиіс. Бұл мәселе тек тілдік ғана емес, сонымен қатар мәдени айырмашылықтарды бейімдеуді де қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Фрэнк Герберттің «Құмбел» романын аударудағы лексика-семантикалық аспектілерін талдау аударматану саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

ХХ ғасырдағы ғылыми фантастика жанрында ерекше орын алатын Фрэнк Герберттің «Құмбел» (Dune) романы – терең философиялық, саяси, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді көтеретін күрделі туынды. Бұл роман әлем әдебиетінде ғана емес, ғарыштану және ғылыми-фантастикалық әдебиеттегі маңызды шығармалардың бірі ретінде танылды. Романдағы оқиғалар тек қиял-ғажайып емес, сонымен қатар адамның табиғатпен, қоғаммен және өзін-өзі тануымен күрделі қарым-қатынасын бейнелейді. «Құмбел» қазақ оқырманына осындай күрделі мәселелерді таныстырумен қатар, аударма тәжірибесінде жаңа деңгейге көтерілетін ерекше шығарма болып табылады.

Ғылыми-фантастикалық роман жазып шығару оңай емес. Ал оны аудару тіпті көп ой күшін талап етеді. Автордың стилімен танысу, оның жеткізбек болған ойын түсіну және оны дұрыс интерпретациялау – үлкен жұмыс.

Ғылыми фантастика(ағылш. science fiction). Cambridge сөздігіне сәйкес анықтама бойынша «science fiction» – a type of writing about imagined developments in science and their effect on life esp. in the future[1].

Фантастика «Фантастика (грек тілінен – қиялдау өнері) – өмірді бейнелеудің ерекше көркемдік әдісі, онда шынайы өмір элементтері өзіне тән емес, таңғажайып «ғажайып» немесе табиғаттан тыс тәсілдермен үйлеседі»[2, 887 б.].

Көркем әдебиеттің бұл жанрында арнайы терминдер, ғылыми ұғымдар мен авторлық неологизмдердің қолданылуы белгілі. Мәтінде олардың көптеп кездесуі және олардың оқиғаға негізделуі бұл шығарманы басқа жанрлардан ерекше етеді. Фантастикалық шығармаларға тән, белгілі бір лексика мен стилистикалық тәсілдерді қолдану арқылы жазушы өзінің жеке авторлық стилін қалыптастырып қана қоймай, оның жазбалары автордың жеке даралық қасиеті мен ойының ұшқырлығы арқылы әлемге әйгілі болады[3].

Жоғарыда аталып өткен элементтерді қолданылуы шығарманың шынайылығын арттырып, болашаққа деген көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, ең бастысы терминдер шығарманың ғылыми негізін құрып, оқырманға сенімділік сезімін береді.

Осылайша, фантастикалық әдебиет тек қана, қызықты оқиғалар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар, ой-өрісті кеңейетін және шығармашылық әлеуетті дамытатын маңызды мәдени құбылысқа айналды.

Әдеби шығармаларды аударуда мәдениетаралық өзгешеліктерді түсіну маңызды болып саналады. Себебі әрбір шет елдік шығармалар сол елдің мәдениетінің көрінісі. Сондықтан да мәтінді терең талдап түсіну шебер аударма жасауға жол ашады. Ғалым А.Қ.Жұмабекованың айтуынша аударма бұл мәдениетаралық коммуникация арқылы пайда болған дайын мәтін[4, 5 б.]. Аударма барысында мәтіннің мағынаны дұрыс жеткізуі үшін әлеуметтік мәдени мәселелерді ескеру қажет . Олар этникалық, діни және дүниетанымдық аспектілерді қамтиды. Және де аудармашының құзыреттілігі оның мәдениетаралық коммуникацияны меңгеріп тәжірибе барысында орната білуінде. Яғни, аудармашының нағыз маман екенін, оның мәдениетаралық құзыреттілікті қандай дәрежеде меңгергенін көрген кезде түсіне аламыз.

Хремотонимдер.

Романның авторы өзі жасаған ғаламның құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау үшін көптеген жаңа неологизмдер ойлап тапқан болатын. Бұл ойлап табылған құрылым оқырманның қызығушылығын арттырып, басқа әлемнің ерекшеліктеріне үңілуге үлкен әсер етеді. Хремотонимдер романдағы белгілі бір объектілерді, құбылыстарды және басқа да ерекшеліктерді елестетуге көмектеседі. Дәл осы сөздер тобын аударудың да өзіндік қиындықтары бар. Мысалы кейбір квазихремотонимдерді жалпы мәнін түсіну арқылы аударуға болады. Себебі бұл сөздердің ішкі мағынасы немесе құрамдас бөліктерінің үйлесімі сөздің жалпы мағынасын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен аудармашылар сөздің мағынасын талдай отырып аударма жасай алады.

Хремотонимдердің екінші тобы бар. Бұл типтегі сөздерді мағынасына ғана қарап аудару мүмкін емес. Олардың мағынасын мәтіннің контекстіне қарап аударуға болады. Сонымен қатар олардың семантикалық мағынасын мәтінді оқып отырып анықтауға болады. Құмбел романының мазмұны күрделі болып саналады. Оқырмандарға мәтін түсінікті болу үшін Фрэнк Герберт Құмбел әлеміне қатысты терминдердің глоссарийін жасап қойған болатын. «The Dune Encyclopedia»[5] атты Құмбел романына қатысты терминдер сөздегі де бар. Ол 1984 жылы жазылған және 526 бетті қамтиды.

Кесте – 1. Хремотонимдер

№	Түпнұсқа	Аударма	Трансформация
1.	A crysknife	Крис-пышақ	Калька, транслитерация
2.	A lasgun	Бластер	Адаптация, мағыналық бейімдеу
3.	Baliset	Бализет	Транслитерация
4.	Poison snooper	У іздегіш	Калька
5.	A hunter-seeker	Аңдушы-іздегіш	Калька
6.	The fremkit	Фримплект	Транслитерация, бейімдеу
7.	Stillsuit	Конденс-костюм	Калька
8.	Spice	Дәмдеуіш	Адаптация, мағыналық бейімдеу

Мысалы:

1.Crysknife[1]-Крис пышақ[2]

Автордың неологизмге береген анықтамасы:

CRYSKNIFE: the sacred of the Fremen on Arrakis. It is manufactured in two forms from teeth taken from dead sandworms[1; 547 p.]. - КРИС, КРИС-ПЫШАҚ – фримендердің қасиетті пышағы, өлген шөл құрттың тісінен екі түрлі жасалады[2; 770 б.].

Кітаптан алынған мысал:

-Crysknife? Someone asked[1].

-No doubt of it, Idaho said. Milky white and glowing with a light of its own like[1; 104 p.].

-Крис-пышақ па? – деп сұрады біреу.

-Иә, сол, - деді Айдахо, - ақшыл түсті, сәуле шышып тұратын сияқты[2; 142 б.].

«Crysknife» сөзін екіге бөліп қарастыруға болады. «Crys» сөзі түпнұсқа тілге де жат сөз, яғни ол ойлап табылған. Бұл сөзді құмбел әлеміне қатысты термин ретінде қарастырсақ болады, себебі оның фантастикалық әлемлегі функциясы қару болып табылады. Сонымен қатар, ол Құмбел әлеміндегі ойлап табылған тайпаның маңызды бір бөлшегі. Аударма шы сол мәдениеттің элементін сақтап қалу үшін сөзді транслитерация арқылы аударған. «Knife» сөзінің қазақ тілінде тура баламасы «Пышақ» және «Крис-пышақ» калька арқылы аударылған.

2.Lasgun[1]-Бластер[2].

They had cut it up with **lasguns** and hidden the pieces, then worked their way down into this hiding place at the edge of the basin[1, 227 p.].

Оны бластерлермен бөлшектеп кесіп, көміп тастады[2, 317 б.].

Романда бұл құрал лазер қару ретінде пайдаланылады. Ол ағылшын тілінде екі сөзден құралған «Las» - лазерден шыққан, лазерлік және «gun» - мылтық, қару яғни, «Лазерлік қару». Қазақ тіліне «Бластер» деп аударылды себебі фантастикалық шығармаларда ол жиі энергетикалық қару ретінде қолданылады.

3.BALISET-БАЛИЗЕТ[1;2].

BALISET: a nine-stringed musical instrument, lineal descendent of the zithra, tuned to the Chusuk scale and played by strumming[1; 544 p.]. - БАЛИЗЕТ – тоғыз ішекті музыкалық аспап. Цитраға тікелей ұқсас, чукус ырғағына келтіріліп, ішекті теріп ойнайды[2;762 б.].

Кітаптан үзінді:

Halleck took the baliset, flicked the multipack out of his catch on the fingerboard. He drew a soft chord from the instrument, found that someone had already tuned it[1; 282 p.].

Холлик бализетті алып, паздан медиаторын шығарды. Жұмсақ аккордты ала беріп, ол аспапты біреудің баптап қойғанын түсінді[2; 393 б].

Бұл сөз Құмбел әлеміне арнап автордың ойлап шығарған сөзі болғандықтан сол әлемнің бірегей термині болып саналады. Бұл термин ойдан шығарылған музыкалық аспаптың атауы болғандықтан, өзгеріс енгізілмеген және қазақ тілінің фонетикалық нормаларына сай аударылған. Сөз транслитерация арқылы аударылған. Мұндай әдіс қиял-ғажайып және фантастикалық шыармалардағы ерекше терминдер мен атауларға қолданылады.

4.POISON SNOOPER-У ІЗДЕГІШ [1;2].

Терминге автордың берген анықтамасы:

SNOOPER, POISON: radiation analyzer within the olfactory spectrum and keyed to detect poisonous substances[1; 561 p.]. - У ІЗДЕГІШ – улы заттарды анықтауға конфигурацияланған радиациялық иіс сезгіш 2; 782 б.].

Кітапта қолданылуы, мысал:

A man came striding around that corner, gas mask dangling by its straps at his neck, his eyes intent on the overhead poison snoopers that lines this corridor[1; 202p.].

Сол жақтан адымдай басып ер адам шықты. Газға тағатын бетпердесінің бауы бетінде саландап жүр. Ол төбеден бастап дәліз бойын у іздегішпен тексеріп келе жатты[2; 280 б.].

Ағылшын тілінде «Poison» сөзі «у» деген мағынаны береді. Аудармашы аударма тіліне бұл сздің мағынасын толық сақтап тура аударған. Себебі бұл сөз түпнұсқа тілінді де, аударма тілінде де бір мағына береді. «Snooper» сөзі қазақ тілінде «тыңшы» немесе «бақылаушы» құрылғы мағынасын береді. Түпнұсқа тілден аударма тіліне бқл сөз «іздегіш» сөзімен берілген. Бұл оның оның толық мағынасын сақтап қалған. Себебі авторлың ойлап тапқан фантастикалық заты улы заттарды анықтап іздейтін функцияны білдіреді. Аудармада түпнұсқа тілдің семантикалық та функционалдың мағынасы да сақталып аударылған.

5.Hunter seeker[1]-Аңдушы-ідегіш[2]

From behind the head board slipped a tiny **hunter-seeker** no more than five centimeters long[1, 70 p.]. - Панельдің артынан тұрқы бес сантиметрдей кішкентай **аңдушы-іздегіш** сусып шықты[2, 105 б.].

Ағылшын тілінде «hunter» сөзі қазақ тіліне «аңшы», «қуу» немесе «аңдып жүру» мағынасын білдіреді. Қазақ тілінде бұл сөз «аңдушы» деп алынған, себебі бұл құрал нысанды аңдып, шабуыл жасау үшін қолданылады. «Seeker» сөзі «іздеуші», «іздеу құрылғысы» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тіліне «іздегіш» деп аударылған, себебі бұл құрал адамның қозғалысын бақылап, оны тауып, шабуылдайды. Аудармашы бұл сөзді қазақ тілді оқырманға бейімдеп аударған.

6.Fremkit[1]-Фримплект[2].

He moved out through his band now, inspecting them, giving Paul's Fremkit pack to one of his men to carry[1, 310 p.]. - Полдың фримплект салынған сөмкесін алып жүру үшін біреуге берді[2, 430 p.].

«Frem» сөзінің «Фримен» сөзінен шыққаны түсінікті болса, «kit» сөзінің мағынасын талдап көрейік. Бұл сөз «жинақ», «жинақтық», «керек-жарақтар» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тіліне бейімдеу арқылы «плект» сөзі қолданылған, себебі «комплект» сөзі қазақ тілді оқырмандарға түсінікті. Яғни, «фримендерге арналған комплект» немесе «жинақ» деп түсіне алады.

7.Stillsuit – Конденскостюм [1, 2].

She swallowed them with a grudging spit of water from her stillsuit tube[1; 267 p.].Ол конденскостюмінің түтігінен аузын толтыра су алып, капсуланы жапты[2; 373 б.].

Енді автордың «конденскостюм» сөзіне арнайы берген анықтамасына назар аударайық:

STILLSUIT: body-enclosing garment invented on Arrakis[1]. Its fabric is micro-sandwich performing functions of heat dissipation and filter for bodily wastes[1; 562 p.].

КОНДЕНСКОСТЮМ – Арракисте ойлап табылған киім, денені түгел жауып тұрады[2]. «Микросәндуич» деп аталатын көпқабатты матадан тігіледі[2; 770 б.].

Бұл аудармада түсіндірмелі аударма тәсілі қолданылған. "Stillsuit" – Арракис планетасында қолданылатын арнайы киім, оның негізгі мақсаты – адамның денесінен суды сақтап қалу. Оның суды қайта өңдеу және сақтау функциясын нақтылайды. Оқырманға киімнің не үшін және қалай қолданылатыны жөнінде толық түсінік береді. Бұл сөз ағылшын тілінде "still" (тұрып қалу, тоқтау) және "suit" (киім, костюм) деген екі компоненттен тұрады. Яғни, "still" компоненті киімнің суды сақтап қалу қызметін білдіреді. Аударма: "Конденскостюм» - бұл сөз "конденсатор" (суды жинау, сақтау) және "костюм" (киім) сөздерінің бірігуінен шыққан. Яғни, "конденскостюм" - суды жинап, дененің ылғалын сақтау үшін арналған киім.

8.Spice-Дәмдеуіш[1;2].

Бұл сөзге автордың берген анықтамасы:

Spice: see Melange[1; 562 p.]. MELANGE: the "spice of spices," the crop for which Arrakis is the unique source[1; 554 p.]. The spice, chiefly noted for its geriatric qualities, is midly addictive when taken in small quantities, severely addictive when imbibed in quantities above two grams daily per seventy kilos of body weight[1; 554].

ДӘМДЕУІШ-МЕЛАНЖ дегенді көріңіз[2;766 б.], МЕЛАНЖ – «дәмдеуіштің дәмдеуіші», Тек Арракисте ғана бар өнім. Негізінен, гериатриялық қасиеттерімен танымал дәмдеуіш. Қалыпты тұтынғанда аздап тәуелділік тудырады. Жетпіс килограмм салмаққа екі грамнан аса тұтынғанда тәуелділік күшейеді[2; 775 б.].

Кітаптағы мысалдарды талдап көрейік:

-Can you remember your first taste of spice[1; 76p.].

-It tasted like cinnamon[1; 76p .]. It's like life – it presents a different face each time you take it. Some hold that the spice produces a learned-flavor reaction[1; 76 p.].

-Алғаш татып көргендегі дәмдеуіштің дәмі есіңізде ме[2]?

-Даршынға ұқсас болатын[2].

-Дәмдеуіш өмір сияқты – татқан сайын жаңа қырынан көрінеді. Кейбіреулері ол ағзада рефлекторлық-дәмдік реакция жүргізеді деп санайды[2; 102 б.].

Ағылшын тілінде «Spice» сөзі дәм беруші зат дегенді білдіреді яғни, «дәмдеуіш» тағамға дәм беретін зат. Бірақ автордың анықтамасы бойынша Құмбел әлемінде бұл зат шынайы өмірдегі бастапқы мағынасын сәл өзгерте отырып фантастикалық мәнге ие болған. Бұл зат Арракис планетасындағы үлкен құрттардан пайда болады және оны өндіру өте қиын болғандықтан бағасы да қымбат әрі бұл зат ерекше қасиетке ие. Дәмдеуіштер адамдардың ойлау қабілетін арттырады әрі еліктіретін әсер береді және Құмбел әлеміндегі ғарыш кемелері үшін отын ретінде қолданылады[6]. Сол себептен «spice» сөзі бастапқы мағынаға қосымша

фантастикалық мағына қосыла отырып жаңа мағына беріп отырып. Бірақ, жалпы шынайы өмірдегі функциясы мен автордың ойлап тапқан мағынасымен ұқсас. Ол белгілі бір дәм беру, әрі оны қабылдай отырып ерекше әсерге, яғни ұзақ өмірге қол жеткізу функциясына ие. Қазақ тілінде де бұл сөз бір нәрсеге дәм беруді меңзейді. Аудармашы «spice» сөзін аударуда калька арқылы түпнұсқаның негізгі мағынасын сақтап қазақ тілді оқырманға жеткізе алған. «Дәмдеуіш» сөзі арқылы және оның фантастикалық мағынасымен таныса отырып оқырманда белгілі бір түсінік қалыптасады. Оқырманда неге дәл осы сөздің таңдалғанына сұрақ туындамайды. Себебі семантикалық мағынаның дұрыс қолданылуы оқырманың ойында дұрыс мағынаның қалыптасуына көмек береді.

Аталған хремотонимдер тек фантастикалық әлемнің бір бөлігі болып қана қоймай, сонымен қатар сол әлемнің мәдениетін, технологиясын және құрылымын сипаттауға көмектеседі. Аудармада екі негізгі тәсіл қолданылған. Біріншісі – транслитерация. Ол арқылы түпнұсқа терминнің дыбысталуы сақталған(мысалы, «Бализет», «Крис-пышақ»). Калька және бейімдеу – мағынасы түсінікі болу үшін терминдер қазақ тілінің нормаларына сәйкес аударылған («Конденскостюм», «Дәмдеуіш»).

Фантастикалық шығармалардағы неологизмдерді аудару – лексика-семантикалық, мәдени және стилистикалық қабаттарды қамтитын күрделі процесс. Аудармашы неологизмдердің мағынасын, көркемдік жүктемесін сақтай отырып, қазақ оқырманына түсінікті етіп жеткізуге ұмтылған. Осылайша, ғылыми-фантастикалық терминдері аудару тек тілдік қана емес және танымдық құбылыс ретінде де маңызды.

ӘДЕБИЕТ

1. Ақерке Асан әдебиеттанушы. 23 дек. 2023 г. “Қазіргі қазақ оқырманы және sci-fi” https://qazaqadebieti.kz/42357/baj-o-yrdan-dyuna-a-dejin. - (қаралған күні: 16.10.2024).
2. https://knife.media/crimson-dune/. - (қаралған күні: 17.10.2024).
3. Комиссаров В. Н. Теория перевода. – М.: Высшая школа, 1990.
4. А.К Жумабекова Теория межкультурной коммуникации, лингводидактика и переводоведение: точки пересечения 2020, 6 с Поволжский педагогический вестник. Т. 8, №1(26)
5. The Dune Encyclopedia / Compiled by Dr. Wills E.McNelly. New York: Berkley Books, 1984, 526p. - (қаралған күні: 02.10.2024).
6. https://dzen.ru/a/Y1K0H6BxSBYR84hZ. - (қаралған күні: 10.10.2024).

УДК 81’255

Қыдыркулова А.
Абай атындағы ҚазҰПУ
«6В02302 - Аударма ісі» мамандығының студенті,
Алматы, Қазақстан
e-mail: aisaulekydyrkul@gmail.com
Ғылыми жетекші: **Алдабергенова А.А.**
Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ,
PhD, қауымдастырылған профессор
e-mail: aiyma.aldabergenova@gmail.com

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР

Түйін: Бұл мақалада көркем аудармадағы лексикалық және грамматикалық трансформациялардың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Аударма үдерісінде түпнұсқаның мағынасын, стилін сақтай отырып, оны мақсатты тілге бейімдеудің маңыздылығы көрсетіледі. Лексикалық трансформациялар арқылы сөздер мен тіркестердің мағынасы нақтыланады немесе кеңейтіледі. Ал грамматикалық трансформациялар сөйлем құрылымын өзгерту арқылы оқырманға түсінікті әрі табиғи мәтін қалыптастыруға көмектеседі. Мақалада әртүрлі трансформация түрлеріне мысалдар келтіріліп, олардың көркем аудармадағы орны талданады. Зерттеу нәтижелері аудармашының шығармашылық еркіндігі мен тілдік икемділігінің маңызын айқындайды.

Тірек сөздер: Аударма, көркем мәтін, трансформация, лексикалық өзгеріс, грамматикалық құрылым, аудармашылық тәсіл, баламалылық.

Kydyrkulova.A.
student of «6B02302-Translation Studies»
of Abai KazNPU
Almaty, Kazakhstan
e-mail: aisaulekydyrkul@gmail.com
Scientific supervisor: **Aldabergenova A.A.**
Kazakh Ablaikhan UIRWL,
PhD, associate professor
e-mail: aiyma.aldabergenova@gmail.com

LEXICAL AND GRAMMATICAL TRANSFORMATIONS IN LITERARY TRANSLATION

Abstract: This article examines the theoretical and practical foundations of lexical and grammatical transformations in literary translation. The importance of adapting the source text's meaning and style while preserving its integrity in the target language is highlighted. Lexical transformations refine or expand the meanings of words and phrases, while grammatical transformations help shape the sentence structure to produce a more comprehensible and natural text for the reader. Various types of transformations are illustrated with examples, and their significance in literary translation is analyzed. The study's findings emphasize the importance of the translator's creative freedom and linguistic flexibility.

Keywords: Translation, literary text, transformation, lexical change, grammatical structure, translation strategies, equivalence

Аударма – адамзат өркениетінің рухани және мәдени дамуына тікелей ықпал ететін маңызды тілдік және мәдени байланыс құралы. Әсіресе, көркем аударма – бір тілде жазылған әдеби шығарманың басқа тілге аударылуы арқылы жаңа тілдік кеңістікте қайта дүниеге келуі. Ол тек мағынаны жеткізу ғана емес, сонымен қатар автордың стилін, образдар жүйесін, көркемдік бейнелеу құралдарын сақтай отырып, оқырманға әсер ету қабілетін сақтау міндетін жүктейді [1, 9]. Осы тұрғыдан алғанда, көркем аударма – лингвистикалық қана емес, мәдениетаралық коммуникацияның да күрделі формасы. Көркем аударма түпнұсқа мәтінді дәл әрі толық жеткізу көбіне мүмкін бола бермейді. Себебі әр тілдің өзіндік грамматикалық құрылысы, лексикалық жүйесі мен стилистикалық ерекшеліктері бар. Осы айырмашылықтардың орнын толтыру үшін аудармашылар түрлі трансформациялық тәсілдерді қолданады. Трансформация – түпнұсқа мен аударма мәтінінің арасында сәйкестік орнатуға мүмкіндік беретін лингвистикалық өзгеріс түрі. Бұл өзгерістерге лексикалық алмастырулар, грамматикалық құрылымдарды өзгерту, сөйлем мүшелерінің орын ауыстыруы сияқты амалдар жатады [2, 44].

Осы зерттеудің мақсаты – көркем аудармада қолданылатын лексикалық және грамматикалық трансформациялардың түрлерін айқындау, олардың мәтін мазмұны мен құрылымына әсерін көрсету. Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі таңда аударма сапасына қойылатын талаптардың артуымен және көркем мәтіндердің өзге мәдени кеңістікте де қабылдану қажеттілігімен тікелей байланысты. Аудармашының шығармашылық еркіндігі мен тілдік икемділігі трансформация тәсілдерін дұрыс таңдауда шешуші рөл атқарады [4, 58].

Зерттеу нысаны – көркем әдебиет мәтіндері, ал пәні – сол мәтіндерге жасалатын лексикалық және грамматикалық трансформациялар. Зерттеу барысында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аударма мәтіндер салыстырмалы түрде қарастырылады. Бұл тәсіл арқылы түпнұсқа мен аударма арасындағы сәйкестікті тереңірек түсінуге жол ашылады [3, 61].

Көркем аударма – бұл жай тілдік ауыстыру ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениет, авторлық стиль және эмоцияны жеткізудің күрделі үдерісі. Осы тұрғыдан алғанда, лексикалық трансформациялар көркем мәтінді адекватты әрі бейнелі түрде аударудың басты құралдарының бірі болып табылады. Олар түпнұсқа мен аударма арасындағы семантикалық және стилистикалық үйлесімділікті сақтауға мүмкіндік береді. Лексикалық трансформация – бұл сөздік деңгейде жүзеге асатын мағыналық өзгерістер. Мұндай өзгерістер көбіне сөздің тура баламасы болмаған жағдайда немесе баламасы болғанымен, көркем мәтіннің бейнелілігін сақтап қалу үшін қажет болады [2, 112]. Көркем аудармада жиі қолданылатын лексикалық трансформациялардың бірнеше түрі бар. Олардың бірі – синонимдік алмастыру. Бұл тәсіл аудармашыға мағынасы ұқсас сөздерді қолдана отырып, түпнұсқаның стильдік реңкін сақтауына мүмкіндік береді. Мысалы, “happy” сөзін кейде “қуанышты” деп емес, “шат-шадыман” немесе “көңілді” деп аудару аудармада поэтикалық әсер тудыруы мүмкін [1, 46]. Келесі бір түрі – конкретизация, яғни жалпы мағыналы сөзді нақты бір мазмұнмен беру. Ағылшын тіліндегі "vehicle" сөзі қазақ тіліне «көлік» деп аударылады, бірақ көркем мәтінде бұл «машина», «жүк көлігі», «трамвай» сияқты нақты атаумен берілуі мүмкін [4, 88]. Бұл тәсіл мәтіндегі көркем бейнені жандандырады. Керісінше, генерализация тәсілінде нақты сөз жалпылама түрде беріледі. Мысалы, "lilac", "tulip", "daisy" секілді гүл атаулары қазақ тіліне «гүл» деген бір сөзбен берілуі мүмкін, егер нақты атауы оқырманға түсініксіз болса немесе стилистикаға нұқсан келтірсе [6, 59]. Антонимдік аударма да ерекше маңызды. Бұл трансформацияда мағына қарама-қарсы сөзбен беріледі, бірақ жалпы контекст сақталады. Мысалы, “He is never late” сөйлемі «Ол әрдайым уақытында келеді» деп

аударылуы мүмкін. Бұл әдіс көбінесе сөйлемнің құрылымын сақтау қиын болғанда қолданылады және стильдік үйлесімділікке оң әсер етеді [4, 97]. Сонымен қатар, лексикалық қосымшалар мен алып тастаулар да кездеседі. Бұл трансформациялар көбіне екі тілдегі мәдени, тарихи ерекшеліктерге байланысты болады. Аудармашы кейде түпнұсқада жоқ сөзді қосып немесе кейбірін алып тастап, мағынаны толықтырады немесе бейнелілікті сақтайды. Мысалы, ағылшын мәтініндегі «tea» сөзі жай ғана «шай» емес, белгілі бір дәстүр мен әлеуметтік жағдайды білдіруі мүмкін. Оны «шай ішу рәсімі» деп жеткізу арқылы аудармашы мағына тереңдігін сақтай алады [3, 73]. Осылайша, лексикалық трансформациялар көркем аударманың ажырамас бөлігі болып табылады. Аудармашы осы тәсілдерді шебер қолдана отырып, мәтіндегі бейнелілік пен көркемдік ерекшелікті жоғалтпай, оқырманға әсерлі әрі түсінікті туынды ұсына алады [2, 118].

Көркем аудармада грамматикалық трансформациялар маңызды орын алады. Олар түпнұсқа мәтіндегі грамматикалық құрылымды мақсатты тілдің ережелері мен нормаларына бейімдеуге көмектеседі. Бұл трансформацияларсыз аударма мәтіні түсініксіз, тіпті мағынасы бұрмаланған болып шығуы мүмкін. Грамматикалық трансформациялар аудармашыға түпнұсқадағы мағынаны сақтай отырып, мәтінді мақсатты тілде табиғи әрі әдеби жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе ағылшын, орыс және қазақ тілдерінің құрылымдық ерекшеліктері бір-бірінен алшақ болғанда өте өзекті мәселе саналады. Грамматикалық трансформациялардың негізгі түрлеріне сөйлем мүшелерінің орын ауыстыруы, сөйлем құрылымының өзгерісі, сөз таптарының ауысуы және етістіктің шақ, рай, түр өзгерістерінің сәйкестенуі жатады. Мысалы, ағылшын тілінде жиі қолданылатын пассив құрылым қазақ тіліне аударғанда көбінесе етістіктің белсенді формасы арқылы жеткізіледі. Бұл тілдердің синтаксистік табиғатының әртүрлілігін көрсетеді [2, 84].

Сөйлем құрылымын өзгерту трансформацияның кең таралған түрі болып табылады. Түпнұсқадағы күрделі құрмалас сөйлем кейде қазақша аударма екі немесе үш жай сөйлемге бөлініп беріледі. Бұл тәсіл мағынаны нақты жеткізіп, оқырманға ыңғайлы тілдік форма жасауға бағытталған. Керісінше, кейде бірнеше қысқа сөйлем бір күрделі сөйлемге біріктірілуі де мүмкін. Мұндай тәсіл стильдік үндестікке қол жеткізудің бір жолы болып саналады [4, 115]. Сөз таптарының ауысуы да грамматикалық трансформацияның бір түрі. Мысалы, түпнұсқадағы есімше немесе көсемше арқылы берілген іс-әрекет қазақ тілінде етістікпен немесе сын есіммен аударылуы мүмкін. Аудармашы мұндай өзгерістерді мағынаны бұзбай, керісінше, стильдік үйлесімділікке қол жеткізу мақсатында қолданады [1, 98]. Етістіктің шақтары мен райларын сәйкестендіру — грамматикалық трансформацияның маңызды бағыты. Әр тілде етістік шақтарының қолданысы мен мәні әртүрлі. Аудармашы тілдердің осы айырмашылықтарын ескере отырып, мағыналық дәлдік пен көркемдік үйлесімділікті қамтамасыз етуі тиіс. Мысалы, ағылшын тіліндегі Past Perfect шақ формасы көбіне қазақшада қарапайым өткен шақпен беріледі, өйткені қазақ тілінде дәл сол құрылымға балама жоқ [6, 143]. Грамматикалық трансформациялар аудармашының шығармашылық еркіндігін білдіреді. Дегенмен бұл еркіндік тілдік нормалар мен түпнұсқаның мағынасына нұқсан келтірмеуі тиіс. Грамматикалық өзгерістер тек тілдің табиғатына сай үйлесімділік үшін қолданылуы керек. Сәтті грамматикалық трансформация – түпнұсқа мен аударма арасындағы көркемдік және мағыналық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі [3, 71].

Көркем аударма — тек тілдік сәйкестікті қамтамасыз ету емес, сонымен қатар автордың шығармашылық ниетін, оның стильдік ерекшеліктерін жеткізу міндетін де атқарады. Мұндай аудармада тілдің, форма мен эмоцияның, атмосфера мен ішкі реңктердің үйлесімділігі маңызды. Аудармашының басты міндеті — түпнұсқаның көркемдік стилін сақтау және мәдени, тілдік айырмашылықтарға байланысты қажетті өзгерістер енгізу. Көркем аудармада трансформациялар үлкен рөл атқарады. Трансформация дегеніміз — түпнұсқа мәтінді басқа тілге аудара отырып, оның мағынасын сақтай отырып, тілдік құрылымдарды өзгерту үдерісі. Лексикалық және грамматикалық трансформациялар бұл үдерістің негізі болып табылады. Лексикалық трансформациялар арқылы синонимдер мен тұрақты тіркестердің аудармасы жүргізіледі, ал грамматикалық трансформациялар сөйлем құрылымдарының өзгеруіне мүмкіндік береді. Көркем аудармада автордың стилін сақтау үшін аудармашы көбіне мәтіннің мәнін ғана емес, оның эмоционалдық әсерін де ескеруі қажет. Әсіресе поэзия мен прозада бұл өте маңызды, себебі шығарманың көңіл-күйі мен атмосферасын дәл жеткізу үшін тілдік құрылымдар мен сөз таңдаулары өте дәл болуы керек. Аудармашы стильді сақтау үшін грамматикалық құрылымдар мен сөздердің мағынасын өзара үйлестіре отырып, жаңа контексттер мен құрылымдарды қосуға мәжбүр болуы мүмкін. Көркем аудармадағы стиль мен трансформацияның арасындағы шекара нәзік. Аудармашы әрбір сөздің, тіркестің тек мағынасын ғана емес, оның эмоционалдық реңкін де жеткізуге тырысады. Бұл үдеріс тек тілдік біліктілікті ғана емес, сондай-ақ шығармашылық шеберлікті де талап етеді. Түпнұсқаның көркемдік мәнін сақтай отырып, аудармашы шығарманы жаңа тілде қайта жаңғыртады. [1, 36]

Лексикалық және грамматикалық трансформациялар көркем аударма процесінде маңызды рөл атқарады. Бұл трансформациялар аудармашыға түпнұсқа мәтіннің мағынасы мен стилін сақтай отырып, оны жаңа тілде толық және дәл жеткізуге мүмкіндік береді. Аудармашы тек сөзбе-сөз аудару арқылы ғана емес, мәтіннің мәдени, әлеуметтік контекстін де ескере отырып жұмыс істейді. Лексикалық трансформациялар, мысалы, синонимдерді қолдану немесе мағынасының кеңеюі арқылы, түпнұсқаның семантикалық тереңдігін сақтауға көмектеседі. Ал грамматикалық трансформациялар арқылы сөйлем құрылымдары мен грамматикалық ерекшеліктер арасындағы айырмашылықтар жеңілдетіледі, бұл аударманың оқылымдығын арттырады. Бұл өзгерістер тек тілдік жағынан ғана емес, эстетикалық тұрғыдан да маңызды, өйткені олар

аудармашыға түпнұсқаның эмоциялық және көркемдік мәнін жеткізуге мүмкіндік береді. Аудармашының шеберлігі мен шешім қабылдау еркіндігі — көркем аударманың сапасын айқындайтын басты факторлар. Аудармашы әрбір аудармада өзіндік шешімдер қабылдап, шығармашылық тәсілдерді қолданады. Бұл процесте ол түпнұсқа мәтіннің мағынасын, оның стилистикалық ерекшеліктерін, сондай-ақ мақсатты тілдің грамматикалық құрылымын ескеруі тиіс. Аударма барысында қабылданған шешімдер тек тілдік деңгейде ғана емес, сондай-ақ мәдени ерекшеліктерді де есепке алады. Бұл ретте аудармашының шешім қабылдау еркіндігі аударманың сапасына тікелей әсер етеді. Қарсыластық пен сәйкес келмейтін тілдік құрылымдарды шешу — кәсіби аудармашының шеберлігіне байланысты. Трансформацияның сапалы аударма жасауға қосатын үлесі өте зор. Аударма кезінде кез келген грамматикалық немесе лексикалық трансформация сөздердің, тіркестердің немесе сөйлемдердің түпнұсқадағы мағыналық құндылығын толық сақтауға, бірақ мақсатты тілдің нормалары мен стиліне сәйкес өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл көркем аударманың негізгі мақсаты — оқырманға автордың ойы мен эмоциясын жеткізу, сондықтан трансформациялар арқылы осы мақсатқа жетуге болады. Сонымен қатар, аудармадағы дұрыс трансформациялар мәтінді оқуға жеңіл етеді, оның мағынасын терең түсінуге көмектеседі және оқырманның қызығушылығын арттырады. Болашақ зерттеулерде аударма теориясындағы лексикалық және грамматикалық трансформациялардың жаңа әдістері мен тәсілдерін зерттеу маңызды болып табылады. Әсіресе, мультимодальды аударма (мысалы, көркем фильмдер мен бейнемазмұндарды аудару) саласында зерттеулер жасауға қажеттілік туындайды. Технологиялар мен жасанды интеллекттің аударма үдерісіне әсері де зерттеу тақырыбы болуы мүмкін. Сонымен қатар, әртүрлі тілдер мен мәдениеттер арасындағы аудармаға қатысты кеңірек зерттеулер жүргізу, олардың салыстырмалы талдауы да қызықты болуы ықтимал. Әрине, аудармашылар мен тілші-ғалымдардың осы бағыттағы білімдерін кеңейту арқылы көркем аударма сапасын арттыруға ықпал етуге болады. Тұтастай алғанда, лексикалық және грамматикалық трансформациялар аударма процесінде қажетті құралдар болып табылады, әрі олар сапалы және дәл аударма жасау үшін маңызды аспектілердің бірі болып қалады.

ӘДЕБИЕТ

1. Алдашева, А. «Аударматану: теориясы мен тәжірибесі». — Алматы: Санат, 1998. — 216 б.
2. Швейцер, А.Д. «Современное переводоведение». — Москва: Учебное пособие, 2002. — 288 с.
3. Әнтакина, Г.А. «Көркем мәтінді аудару мәселелері». — Алматы: Қазақ университеті, 2006. — 172 б.
4. Комиссаров, В.Н. «Теория перевода (лингвистические аспекты)». — Москва: Высшая школа, 1990. — 253 с.
5. Жанпейісов, Е. «Қазақ тілінің стилистикасы». — Алматы: Мектеп, 1992. — 176 б.
6. Baker, M. In Other Words: A Coursebook on Translation. — London: Routledge, 2011. — 322 p.
7. Vinay, J.P., & Darbelnet, J. Comparative Stylistics of French and English: A Methodology for Translation. — Amsterdam: John Benjamins, 1995. — 359 p.
8. Оспанова, А. «Көркем аудармадағы лексикалық трансформациялар» // Филология ғылымдарының диссертациясы. — ҚазҰУ, 2020. — https://kaznpu.kz/library/diss/ospanova_2020.pdf
9. Нұртаева, А. «Аудармадағы грамматикалық трансформациялар: қазақ және ағылшын тілдерінің салыстырмалы талдауы» // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. — №4 (188), 2022. — https://philart.kaznu.kz/index.php/1/article/view/188

УДК 821.512.161

Мансурова Т.,
Докторант
«8D01703-Ағылшын тілі және әдебиет»
Карабюк университеті, Карабюк, Түркия
e-mail: afytafi@gmail.com

РОМАНДАРДАҒЫ НАРРАТИВТІҢ ӨЗГЕРМЕЛІГІ: ДЖОН ФАУЛЗДЫҢ «ФРАНЦУЗ ЛЕЙТЕНАНТЫНЫҢ ӘЙЕЛІ» ЖӘНЕ ОРХАН ПАМУКТЫҢ «МЕНІҢ АТЫМ ҚЫЗЫЛ» ШЫҒАРМАЛАРЫ

Аннотация: Мақалада роман желісінде баяндаушының рөлі талқыланып, стилизация мен ирониянды көрсету, пародия, интертекстуалдылық және нарративтік ойындар арқылы тарихи және әдеби құрылымдардың тұрақтылығына қарастырылады. Романның ерекшелігі – дәстүрлі емес баяндаушы, ол оқырманмен тікелей байланыс орнатып, автордың барлығын білетіндігі туралы иллюзияны бұзады және бірегей, беделді шындық ұғымын сынайды. Бұл өзін-өзі рефлексиялау тәсілі постмодернистік идеялармен үндеседі, соның ішінде «автордың өлімі» концепциясы және оқырманды мағынаны бірге жасаушы ретінде мойындау идеясы.

Түйінді сөздер: викторианды, нарративтік тәсіл, постмодернизм, өзін-өзі рефлексиялау, көпнұсқалы аяқталу, таңдау еркіндігі.

УДК 821.512.161

Мансурова Т.,
Докторант
«8D01703-Английский язык и литература»
Университет Карабюк, Карабюк, Турция
e-mail: afytafi@gmail.com

ИЗМЕНЧИВОСТЬ НАРРАТИВА В РОМАНАХ «ЖЕНЩИНА ФРАНЦУЗСКОГО ЛЕЙТЕНАНТА» ДЖОНА ФАУЛЗА И «МЕНЯ ЗОВУТ КРАСНЫЙ» ОРХАНА ПАМУКА

Аннотация: В статье рассматривается роль рассказчика в романах, демонстрируется стилизация и ирония, используются пародия, интертекстуальность и игровые элементы повествования для постановки под сомнение устойчивости исторических и литературных конструкций. Отличительной чертой романа является его нестандартный рассказчик, который напрямую взаимодействует с читателем, разрушая иллюзию всеведущего автора и ставя под сомнение идею единой, авторитетной истины. Этот саморефлексивный подход соответствует постмодернистским темам, включая концепцию «смерти автора» и признание читателя соавтором смысла произведения.

Ключевые слова: викторианский, повествовательная техника, постмодернизм, саморефлексия, множественные концовки, свобода выбора.

UDC 821.512.161

Mansurova T.,
PhD student
«8D01703-English language and literature»
Karabuk University, Karabuk, Turkiye
e-mail: afytafi@gmail.com

THE DIVERSITY OF THE NARRATIVE IN THE NOVELS “THE FRENCH LIEUTENANT’S WOMAN” BY JOHN FOWLES AND “MY NAME IS RED” BY ORHAN PAMUK

Abstract: The article discusses the narrator’s role in the novels, displaying the stylization, and irony, employing parody, intertextuality, and narrative play to question the stability of historical and literary constructs. A defining feature of the novel is its unconventional narrator, who directly engages with the reader, disrupting the illusion of authorial omniscience and challenging the notion of a singular, authoritative truth. This self-reflexive approach aligns with postmodernist themes, including the “death of the author” and the empowerment of the reader as a co-creator of meaning.

Keywords: Victorian, narrative technique, postmodernism, self-reflection, multiple endings, freedom of choice.

The French Lieutenant’s Woman is a 1969 postmodern novel by John Fowles. The novel builds on Fowles’s authority in Victorian literature, both following and critiquing many of the conventions of period novels. The central ontological principle of Fowles’s novel becomes the principle of intertextuality. The cultural model is the Victorian era, perceived by the author as a text. This manifests itself in many aspects. So, Fowles uses the structure of the classic Victorian novel and builds the book’s first part on the stylization of the manner of writing of the realists of the XIX century – Dickens, Thackeray, Trollope, Hardy, George Eliot, etc.

The plot moves, situations, and characters usually have one or more well-recognized literary prototypes. Thus, the novel’s favorite plot evokes an association with *The Mill on the Floss* by George Eliot and *Blue Eyes* by Thomas Hardy; the story of the unexpected marriage of the old Baron Smithsonian goes back to *Pelham, or the Adventures of a Gentleman* by Edward George Bulwer-Lytton; the character of Sarah recalls such Hardy heroines as Eustacia Way (“Homecoming”), Tess D'Urberville (“Tess of the D'Urbervilles”), Sue Bridehead (“Jude the Inconspicuous”); Charles reveals the features of numerous heroes of Charles Dickens and George Meredith; in Ernestine usually they see the twins of Eliot's Rosamund (“Middlemarch”); in Charles’s servant Sam, a parody roll call with the “immortal” Sam Weller from Dickens’ *Pickwick Club Notes*, etc. Fowles even has minor literary characters — the butler at the Smithson estate has the same surname Benson as the butler in George Meredith's novel “The Trial of Richard Feverel”.

However, the matter is not limited to the works of the Victorian era. Charles’s Way is an allusion to the classic for English literature *The Pilgrim's Way* by J. Bunyan and *Childe Harold’s Pilgrimage* by J. G. Byron. Sending Charles Smithson on a journey along the roads of Victorian England, transferring him from London to Lyme Regis or Exeter, from a nouveau riche house to an aristocratic estate, from Britain to the continent and overseas, Fowles ironically compares his hero with Bunyan's exemplary Christian, and Charles himself tries on “Childe Harold the cloak” and even calls himself “the tamed Byron”. However, Charles’s wanderings do not take

place in a conventionally fantastic space and not among romantic scenery. And therefore, for the hero, those options of the life path that Bunyan and Byron offered to their contemporaries – religious asceticism or romantic rebellion – are already closed, and are no longer possible.

There are also numerous examples of stylization. So, when the narrator remembers Henry James, he immediately begins to build a phrase in his ornate manner. The key to a deeper understanding of the relevant chapters is the preceding epigraphs from the works of K. Marx and Ch. Darwin, M. Arnold, and Aristotle, numerous English poets, and writers. They generate a dialogue with the Victorian Era and create a wide hypertext.

The novel's open, provoking literariness should by no means be regarded as a demonstration of the writer's stylistic skill. Postmodern art in general is extremely characterized by a conscious appeal to someone else's word and someone else's world, the constant inclusion in the new text of borrowings and reminiscences from a wide range of texts of previous eras, and the playing and transformation of classical motifs. Literature itself becomes the theme of literature, the theme of a literary text – this text itself in comparison with a number of its subtexts and "paratexts", there is a constant game with literary texts. Parody-ironic quoting makes the text multi-layered and refers to a variety of sources, a deliberate appeal that allows you to better understand the multi-meaning of the author's words.

The game with the reader is enhanced by the introduction of a special type of narrator. From the very first paragraphs of the book, Fowles defiantly includes the author's "I" in the text – the narrator directly addresses the reader, and comments on events from the point of view of modern knowledge. He knows what his hero cannot know, referring to Freud, Sartre, and Brecht, while the heroes refer to Darwin and Tennyson. His (and our) past and present are their future. In this context, all the numerous borrowings acquire a parody tone and enter into a dialogue with the ironic "voice" of the narrator.

The use of the structure of classical Victorian texts at the beginning of the novel allows the narrator to take the position of a novelist who, according to Thackeray's programmatic definition in Vanity Fair, "knows everything" and whose word the reader unconditionally believes. But already in the thirteenth chapter, which opens with the key phrase "I do not know", the narrator's position changes dramatically – he takes off the mask of an omnipotent and omniscient creator, who knows all the innermost secrets of the heroes and turns into a "new type of God" declaring the freedom and autonomy of his creatures; turns into a special character whose self-irony undermines the reader's trust. Of course, a multi-faceted narrator who voluntarily renounces omniscience and claims that the characters do not obey his will is also a convention, an artistic image, another mask under which the real author hides.

It proclaims a break with the traditional realistic aesthetics, which Fowles takes the form of "anti-authorial God-fighting", characteristic of the postmodern view of the "death of the author". The narrator is reduced to the position of an equal among equals to become part of an artistic illusion, he even enters his text — his, "I" at a critical moment of the novel is transformed into "he" and receives all the signs of the actor up to the portrait characteristics (Charles's accidental traveling companion on the train, the "successful impresario" of the final chapter). The vacant place of the author is given to the reader, who is invited to co-participate and co-create.

The openness of the ending of "Mistress ..." not only testifies to the search and movement of the hero Fowles to gain true wisdom and true knowledge but also confirms the relativity of any priorities, including moral values, in the XX century. Experimenting in a postmodern manner, using parody, intertextuality, stylization, the principle of reader co-creation and writer's self-reflection, the openness of conflict, and various variants of the final, Fowles defends the institution of humanism and the novel "as a humanistic enterprise", relying on the great tradition of English literature and culture in general. Thus, the novel shows brilliant opportunities for the synthesis of a new narrative technique inherent in the poetry of postmodernism and a profoundly realistic worldview.

Literary play as a stylistic device enhances the perception of reality as an eternal journey through time and texts, known and unknown. J. Fowles creates a world that cannot be imagined on the pages of Victorian, realistic, historical, modern, or postmodern novels. It destroys almost the main self-deception of the twentieth century - the erroneous perception of humanity itself. By bringing two spatial and temporal planes closer together, linking them into one whole with the help of epigraphs and quotations, Fowles attempts to return the reader to the origins – the lost chance to perceive reality truthfully, to feel its progress. Charles's mental breakdown is his spiritual emigration, he, like the writer's contemporaries, has no homeland. The pain of alienation from one's essence, mistakes, and delusions in the perception of the hero, who only thought that he was a paleontologist or a grateful nephew, an interesting interlocutor, could become a respectable family man or an outstanding traveler, intensified thanks to the story with Sarah. About Charles, she appears in the same role as Conchis concerning Nicholas Yerfe – a doctor, a spiritual mentor, and a teacher on the difficult path of self-knowledge.

The Victorian era was chosen by Fowles also because it contrasts with the idea of alienation from one's essence. The spatial and temporal traps set by the prose writer throughout the text, the literary journey that he offered to the reader of the twentieth century, have only one way out - this is a sudden epiphany, to which he gradually brings the hero and wants to direct the reader: "Time is a great delusion; existence is devoid of history, it is always only now, and to exist means to fall into some kind of diabolical machine again and again. All these decorated screens erected by man to isolate himself from reality - history, religion, duty, position in society, all these are illusions, nothing more than the fantasies of an opium smoker."

Renunciation as the first step towards the third finale in Charles's story begins when he does not succumb to the temptation to cross the threshold of the future father-in-law's manufactory shop. The time and space of his

maneuver are narrowing, and this once again confirms the author's thesis that “time is a closed space”, a circle along which humanity is moving, and in which there is no prospect of the future.

The author polemizes with the intimate relationships between men and women (trying to explain the peculiarities in the perception of women of the Victorian era of the twentieth century or to comprehend the consequences of the gender revolt of our time), literary (destruction from within the structure of the Victorian novel) similar. Fowles introduces into the text not only the motive of wandering but also of return, because “only returning to his native country after a long absence can show the essential strangeness of the world and being.” The seemingly frivolous dialogue of time and space gives the author the freedom to play with realities to reveal the many variations of human existence and the humanistic idea of the spiritual perfection of the individual.

The magic of the open ending of the novel *The French Lieutenant’s Woman* is the magic of the open space of the existence of the individual, the magic of freedom of choice, which the characters, the author, the reader, and all mankind are endowed with.

The author offers the reader an interactive game in which he asks him to choose the ending at his discretion. By this act, he destroys all the impressions that a person has formed during reading. He has already got used to the good old narrative without frivolities, with the inexorable logic of a writer whose tyranny leaves the heroes no choice. Fowles, however, opted to satirize his audience by presenting three variations of the conclusion: “Victorian, “fiction”, and “existential.” Consequently, the protagonist of the novel is allowed to select one of three potential outcomes for his destiny, thereby providing the reader with a rationale to engage with the narrative.

The novel turns into a computer game. The first obstacle is the “Victorian” finale, in which Charles marries Ernestine and lives to be 114 years old. After a few pages, the author openly laughs at those who did not notice the sarcastic tone of this chapter. Indeed, the writer casually calculates how many kids to throw to a happy couple and fluently describes the fabulous to the cloying finale.

Fowles suggests that the story's “true” conclusion is revealed in the existential final chapter. Here, the protagonist consciously decides to embrace freedom, develop a sense of self-worth, and accept the difficult truth that life must face, regardless of its darkness or uncertainty. In a striking twist, Fowles positions Charles in Sarah’s role; he becomes the one who implores her, while she wields the power of choice. It is during this pivotal moment that Charles truly recognizes Sarah for who she is – a woman bold enough to claim the freedom that many of her contemporaries did not. In this resolution, Charles relinquishes his final delusion: the belief that love can rescue him. He parts ways with the fiercely independent Sarah and ventures into a world that appears cold and inhospitable. Although he feels destabilized, this very loss leads him to uncover something vital – a spark of self-belief. He embarks on a journey to America, pursuing the possibility of a new beginning and the hope of discovering something different.

My Name is Red is a Turkish novel by writer Orhan Pamuk translated into English in 2001. The novel combines mystery, romance, and philosophical riddles, illustrating the rule of the Ottoman Empire Sultanamurat III during the nine snowy winter days of 1591.

The book immerses us in the history of Turkey and envelops us in the aromas of the East. The essence of the plot is the struggle of artists of two schools: traditional, repeating the accumulated experience of many generations of artists of the East, creatively complementing it, but remaining within the tradition, and modern, who got acquainted with the principles of European painting, with such innovative techniques as perspective, portrait similarity and trying to use them. One of the artists, fearing exposure and prohibition of new methods of drawing by the Orthodox, is forced to resort to the murder of another artist, suspected of betrayal by him. The contents of the book are devoted to the search for the killer.

The author describes in detail the works of old masters, numerous illustrations of the literary and folklore oriental tales “Shahnameh”, “Yusuf and Zuleikha”, “Khosrov and Shirin” and others. His narration itself looks like a calligraphic miniature, an arabesque, the finest illustration of fairy-tale texts. He shows remarkable knowledge of the subject, erudition, cites a bunch of historical facts, mostly unfamiliar to the European reader, and proves the validity of the comparison with Eco. Despite all his sympathy for antiquity, for traditional methods of image, he also pays tribute to the alternative principle, realizing that the future belongs to him.

As a detective writer, Orhan Pamuk uses and develops a technique proposed by the classic detective Wilkie Collins in “Moonstone”, namely, leading to the development of the plot of the narrative alternately from different characters.

Pamuk’s innovation manifests in the fact that, along with human characters, unconventional storytellers suddenly become them—the murdered man, the tree, the coin, the dog, and death itself.

The presence of an individual narrator in each chapter of the novel demonstrates the chronological connections between each part. Sudden voices, such as the corpse of the murdered man, a coin, Satan, two dervishes, and red, are used. Certain characters represent these “unusual” storytellers; they detail the philosophical system of 16th-century Istanbul. A corpse is one of the seven human narratives, as are a dog, a miniature depiction of a horse, a tree, Death, the color Red, and a gold coin that has “changed hands 560 times”. Voices are opening the first page of the novel that originate from the murdered body. That belongs to a miniaturist, a decorator of valuable manuscripts who, according to him, was killed and thrown down a well.

The novel is essential for determining the murderer’s identity and motivation. Half of them are fantastic: personified elements of magnificent illustrations created by several of the main characters. These are ornamental and

oblique. The rest of the mentioned above voices belong to ten characters who share their portions of a murder story in alternate chapters, or rather nine characters: the storyteller who calls himself "the killer" one of the specified narrators. The task for the reader is to determine which one is the murderer.

The use of multiple voices enhances the actual murder scenario. The very form enacts uncertainty about happenings. To see reality, there is no all-knowing narrator. Wilkie Collins, a renowned Victorian investigator with numerous narrators, was a pioneer. His novel The Moonstone is comprised of ten characters' testimony, which is utilized forensically. The explanation for the crime, the stealing of a valuable diamond, must be cobbled together from many narratives.

Numerous narrators also help Pamuk's fiction's historical component. Rather than just being grasped by some "contemporary" narrator, a notion of the past must be cobbled together from specific testimonials. Another prominent example of historical intrigue, Iain Pears' An Instance of the Fingerpost, has a similar number of narrators, but considerably fewer than Pamuk.

For the postmodern novelist, the possibilities offered by many narrators can be enticing, and the novel can sometimes fall apart. Pamuk avoids problems by having his unimpressive narrators serve a single demanding plot. They reflect as if they are acquainted with each other, determining where to pick up or quit the story. The Murderer describes how he confessed his mistake to Enishte, the maestro of painters, at the end of one chapter. The following chapter, delivered by Enishte, begins a split second later, as though taking the narrative baton, like in a relay race. "When he confessed to murdering Elegant Effendi, the place fell silent."

Pamuk, on the other hand, desires divergences of opinion. The disconnection of storylines is employed to emphasize our sentiments in the book's love story. Black and Shekure, the lovers, are unable to hear each other's desires and misgivings. Their sessions are hurried and occasionally silent. They are pulled together by the murder plot, which each only partly narrates together, but the novel's style sees them maneuvering around one another, eventual culmination ingeniously delayed.

Pamuk's distinct narratives follow an oral model. His speakers are communicating, such as the storyteller at the Istanbul coffee shop to whom he returns time and again. Reading in translation likely distorts the experience because any original contrasts between the tones of the several narrators have disappeared in the translation from Turkish to English.

Pamuk needs the reader, the listener to whom his figures confess, to keep the narratives together. This may appear to impede the very convention he is employing. Shekure typically opens up her heart to the reader after returning from Black, as though to a close friend, saying, "I want to share something with you before I arrive home. No! It's not about the size of that behemoth Black showed me, now. We can talk about it later if you wish..."

Parliament gave its consent to the PCA agreement in 2009, but it urged improvements in human rights, corruption, health, and education. In a 2016 resolution, Parliament expressed concerns about the worsening human rights situation, particularly regarding prisoners of conscience.

The OSCE/ODIHR observed Tajikistan's parliamentary elections in March 2020, followed by presidential elections in October 2020. For the fifth time, Emomali Rahmon of the People’s Democratic Party was re-elected, receiving 90% of the vote.

THE LIST OF REFERENCES

1. Jorge Soutullo, Stefania Gazzina, Niccolò Rinaldi “The Central Asian countries and EU-Central Asia relations” October, 2021/ URL: https://www.europarl.europa.eu/factsheets/en/sheet/178/central-asia
2. Bisht, D., & Lentz, S. (2021). The EU and Central Asia: A History of Engagement and Cooperation. Routledge.
3. Книга анализирует историческую эволюцию отношений ЕС с Центральной Азией, начиная с конца XX века и до современности.
4. European External Action Service (EEAS) (2020). EU Strategy for Central Asia.
5. Официальный документ, определяющий стратегию ЕС в отношении Центральной Азии, с акцентом на экономическое сотрудничество, безопасность и развитие прав человека.
6. Radnitz, S. (2021). Authoritarian Governance and Foreign Relations in Central Asia: The EU and Beyond. Central Asian Survey.
7. Tucker, R. (2020). The Politics of Human Rights in Central Asia: The EU's Role and Influence. Cambridge University Press.

УДК 327

Кабдолда Алдияр,
PhD докторанты
«8D03122 - Аймақтану»
Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ
Алматы, Қазақстан

ТУРИЗМДІ АЙМАҚТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУГЕ ТЕОРИЯЛЫҚ ШОЛУ

Түйін: Бұл мақалада туризмді аймақтанулық тұрғыдан зерттеудің теориялық негіздері қарастырылады. Автор туризм мен аймақтық дамудың өзара байланысына ерекше назар аударады. Сондай-ақ, зерттеудің нысаны Орталық Азия туризм саласын пәнаралық зерттеудің теориялық негіздері талданды. Туризм экономикалық даму, аймақтық ынтымақтастық және халықаралық қатынастардың тоғысы ретінде қарастырылады. Мақалада жаһандану, трансұлттану, аймақтану, халықаралық қатынастар және саяси-экономикалық интеграция теорияларына сүйене отырып, Орталық Азиядағы туризм саласын талдаудың ғылыми негіздемесі ұсынылады.

Тірек сөздер: туризм, аймақтану, Орталық Азия, пәнаралық зерттеу, аймақтық даму, халықаралық қатынастар, интеграция.

Aldiyar Kabdolda,
PhD candidate
«8D03122 - Regional studies»
Kazakh Ablaikhan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan
e-mail: aldiyarkabdolda@gmail.com

THEORETICAL OVERVIEW OF TOURISM RESEARCH IN REGIONAL STUDIES

Abstract. This article explores the theoretical foundations of studying tourism from a regional perspective. The author emphasizes the interconnection between tourism and regional studies. The research focuses on the theoretical basis of interdisciplinary studies of the tourism sector in Central Asia as well. Tourism is examined as a

point of convergence for economic development, regional cooperation, and international relations. Based on the theories of globalization, transnationalism, regionalism, international relations, and politico-economic integration, the article offers a scientific framework for analyzing the tourism sector in Central Asia.

Key words: tourism, regional studies, Central Asia, interdisciplinary research, regional development, international relations, integration.

Орталық Азия туризм саласының дамуы – қазіргі заманғы аймақтық және жаһандық үдерістердің өзгеру жағдайында ғылыми талдаудың маңызды нысаны болып табылады. Соңғы онжылдықта әлемдік қауымдастықтың Орталық Азияға деген қызығушылығы артып келеді. Бұл аймақтың Шығыс пен Батыстың арасындағы стратегиялық географиялық орналасуымен, сондай-ақ елдердің бай мәдени және тарихи мұрасымен тығыз байланысты. Жаһандану, цифрландыру, экологиялық қауіптер және туризм саласындағы тұтыну үлгілерінің өзгеруі жағдайында туризмнің тұрақты даму мен аймақтық саясаттың құралы ретінде кешенді, пәнаралық тұрғыдан зерттелуінің қажеттілігі артып отыр.

Аймақтану ғылымы – аймақтардың кеңістіктік дамуын және олардың өзара байланыстарын саяси, экономикалық, мәдени және экологиялық факторлар негізінде зерттейтін сала ретінде – туризм саласын пәнаралық қырынан қарастыру үшін тиімді ғылыми алаң ұсынады. Орталық Азиядағы туризм қазіргі таңда тек экономиканың саласы ретінде ғана емес, сонымен қатар аймақтық бірегейлікті қалыптастыру, шекарааралық ынтымақтастықты нығайту, табиғи ресурстарды орнықты пайдалану және мәдени мұраны сақтау құралы ретінде де қарастырылады. Сондықтан туризмді аймақтық дамудың кең жүйесінің бір бөлігі ретінде зерттеу – география, әлеуметтану, экономика, мәдениеттану, халықаралық қатынастар мен экология ғылымдарын біріктіретін пәнаралық тәсілді қажет етеді.

Кеңестік кезеңнен кейінгі трансформация жағдайында Орталық Азия елдері өздерінің экономикалық өсу стратегияларын қайта ойластырып, халықаралық деңгейдегі беделін арттыруға тырысуда. Осы тұрғыда туризм – экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту, ұлттық мәдениетті әлемге таныту мен халықаралық тартымдылықты арттырудың маңызды құралына айналды. Алайда, бұл салада бірқатар мәселелер бар: инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, туристік бағыттарды ілгерілетудегі жүйеліліктің жоқтығы, елдер арасындағы өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі, экологиялық проблемалар және білікті кадрлардың жетіспеушілігі [1].

Осы мәселелерді шешу үшін пәнаралық зерттеу әдісі маңызды рөл атқара алады. Бұл тәсіл туризмге әсер ететін түрлі факторлардың өзара байланысын анықтауға және кешенді шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, саяси география әдістері Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасы сияқты халықаралық жобалардың туристік бағыттарға ықпалын талдауға көмектеседі. Ал мәдени талдау – аймақтың мәдени мұрасы туристік бейне ретінде қалай қалыптасып жатқанын зерттеуге мүмкіндік береді. Экономикалық қырынан алғанда – туризмнің ЖІӨ-дегі үлесін бағалауға болады, аймақтық деңгейде шекаралық ынтымақтастық, біріккен туристік маршруттар жасау және визалық режимді жеңілдету сияқты мәселелер халықаралық қатынастардың прагматикалық аспектілерін көрсетеді, ал әлеуметтанулық көзқарас – жергілікті халықтың туризмге деген қатынасын анықтайды.

Климаттың өзгеруі мен биосфералық аймақтарды сақтау қажеттілігі жағдайында тұрақты туризмнің маңызы артып келеді. Орталық Азияда әртүрлі табиғи аймақтар – таулы белдеулерден бастап шөлдер мен далаларға дейін – кең көлемде таралған. Бұл әркелкі табиғи ресурстар аймақтың туристік әлеуетін арттырып, экотуризм, тау туризмі және шытырман оқиғалы туризм түрлерін дамытуға зор мүмкіндік береді. Алайда, бұл үшін туризм мен экологиялық тұрақтылық арасындағы өзара әрекетті терең зерттеу қажет.

Сондай-ақ, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан арасындағы туристік ынтымақтастықты дамытуға бағытталған өңіраралық интеграциялық бастамалар аясында Орталық Азияны біртұтас туристік макроаймақ ретінде ғылыми тұрғыдан зерделеудің маңыздылығы арта түсуде. Қазіргі таңда визалық саясатты үйлестіру, бірлескен туристік брендтер құру, трансшекаралық бағыттар (мысалы, «Ұлы Жібек жолы») арқылы интеграция үрдістері байқалуда.

Осылайша, зерттеу тақырыбының өзектілігі – Орталық Азиядағы туризм саласын аймақтану тұрғысында саяси, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік-мәдени факторлар негізінде кешенді түрде талдау қажеттілігімен айқындалады. Пәнаралық тәсіл бұл саладағы өзара байланыстар мен мәселелерді толық түсінуге және туризмді аймақтың тұрақты дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде дамытуға септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін аймақтану, туризм, экономика және география саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың Орталық Азияның туристік индустриясын дамытуға, аймақтарды зерттеудегі пәнаралық тәсілдерге, сондай-ақ халықаралық қатынастар, трансшекаралық ынтымақтастық пен аймақтық интеграция мәселелеріне арналған еңбектері құрайды.

Орталық Азия аймағының саяси, әлеуметтік және экономикалық даму мәселелеріне арналған шетелдік ғалымдардың еңбектері, оның ішінде аймақтың халықаралық қатынастардағы рөлі, аймақтық қауіпсіздік және экономикалық ықпалдастық мәселелері, аймақтың трансформациясын, мәдениетін және жаһандық акторлармен байланысын (Фредерик Старр [2], М. Брилл Олкотт [3], Sharon G.M. Koh және Andrei O.J. Kwok [4]), туризмнің мәдени және әлеуметтік аспектілері, оның аймақ бейнесін қалыптастырудағы және халықаралық қауымдастыққа әсер ету рөлі, туризмнің жергілікті қауымдастықтар арасындағы әлеуметтік

байланыстар мен экономикалық тиімділікті арттыруға ықпалы (Джон Урри [5]), туризмді мәдени дипломатия контекстінде «жұмсақ күш» құралы ретінде (Джозеф Най [6]), туризмді макро, мезо және микро деңгейде қарастырып, мотивация мен мінез-құлық модельдерін (Эрик Кохен [7]), экономикалық тиімділік пен ресурстарды басқаруда пәнаралық тәсілдерін (Дж. Джафари [8]) зерттеген.

Қазақстандық ғалымдардың, еңбектері Орталық Азия мен Қазақстандағы интеграциялық процестердің теориялық және әдіснамалық негіздерін қалыптастыруда маңызды үлесі, аймақтық тұрақтылық пен интеграцияның негізгі факторларын анықтап, сыртқы күштердің аймақтың дамуындағы рөлі (Ш.Б. Закиева және С. Кушкумбаев [9]), М. Лаумулин [10]), т.б.), Аймақтық экономикалық интеграция, мемлекеттердің экономикалық интеграциясы мәселелері (А.Г. Гладков [11], М.М. Максимова [12]), т.б.).

Туризмді кешенді дамыту мәселелері мен туристік қызметті ұйымдастыру және басқару сұрақтары қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттелген. Қазақстандық ғалымдар арасында бұл тақырыпты зерттеуге С.Р. Ердавлетов [13] үлкен үлес қосты. О.Б. Мазбаев [14] зерттеулері де бұл салада маңызды орын алады. Ол Қазақстандағы туризмді дамытудың географиялық аспектілерін, сондай-ақ туристік саланы тұрақты дамыту мәселелерін зерттеуге баса назар аударған.

Бұл зерттеудің теориялық негіздерін туризм, халықаралық қатынастар және аймақтану теориялары құрайды. Аталған бағыттар зерттеудің мазмұндық өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ аймақтық туризмнің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге, оның халықаралық байланыстар жүйесіндегі орнын айқындауға және аймақтық даму келешегін бағалауға негіз болады.

Туризм теориясы туризмді аймақтық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл теория негізінде туризмнің экономикалық, мәдени және әлеуметтік салдарға ықпалы зерттеліп, оның аймақтық даму мен жаһандық интеграция үдерістеріне әсері талданады.

Аймақтану теориясы Орталық Азия кеңістігінің геосаяси, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін жан-жақты саралауға мүмкіндік береді. Аймақтану тұрғысынан алғанда, туризм - аймақтың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге, мәдени мұрасын сақтауға және экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал ететін маңызды құрал.

Халықаралық қатынастар теориясы туризмнің халықаралық деңгейдегі маңызын ашуға мүмкіндік береді. Бұл теория аясында туризмнің мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, мәдени өзара алмасу мен экономикалық байланыстарды кеңейту құралы ретіндегі рөлі талданады. Аталған көзқарас арқылы Орталық Азия аймағының жаһандық туризм жүйесіндегі орны айқындалады.

Зерттеуде жаһандану мен трансұлттану теориялары шеңберінде талдау жүргізіледі. Жаһандану үдерістері туризмнің кеңеюіне, оның қолжетімді әрі сан алуан болуына ықпал етеді. Жаһандық капитал, ақпарат пен еңбек ағындарының қозғалысы аймақтық туристік нарықтардың дамуына әсер ететін маңызды факторлар қатарында. Трансұлттық корпорациялар - қонақ үй желілері, әуе компаниялары секілді ірі құрылымдар - туризм индустриясының трансформациялануына тікелей ықпал етеді.

Саяси-экономикалық теория аясында аймақтағы туризм саласының дамуына ықпал ететін факторлар, интеграция арқылы біріккен кәсіпорындарды құру, инвестициялық тартымдылықты арттыру, мемлекетаралық туристік ағындарды реттеу, салықтық ынталандыру және мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылады. Сонымен қатар, аймақтық туризмді дамыту стратегиялары бағаланады.

Әлеуметтік-мәдени теория туризмнің жергілікті қауымдастықтарға, олардың өмір салты мен дәстүрлеріне әсерін ашуға бағытталған. Бұл көзқарас туризмді жергілікті мәдени мұраны сақтаудың және дәріптеудің құралы ретінде қарастырады, сондай-ақ жергілікті тұрғындар мен туристер арасындағы ықтимал мәдени түсінбеушіліктерді болжауға мүмкіндік береді.

Инновацияның эволюциялық теориясы туризм саласындағы жаңашылдықтарды үздіксіз, динамикалық үдеріс ретінде қарастырады. Бұл тәсіл жаңа идеялар мен технологияларды енгізудің маңыздылығына назар аудара отырып, өзгермелі нарықтық және әлеуметтік жағдайларға бейімделу қабілетін күшейтуді көздейді.

Осы зерттеуде регионализм концепциясы негізгі ұстаным ретінде қарастырылады. Регионализм - белгілі бір аймақтардың ерекшелігін анықтайтын, олардың тарихи, мәдени, тілдік, климаттық және табиғи-ресурстық сипаттарын есепке алатын ұғым. Бұл көзқарас аймақтық әртүрлілікті мойындап, саясатта, экономикада және әлеуметтік үрдістерде осы ерекшеліктерді ескеруге ұмтылады.

Туризмді регионализм шеңберінде зерттеу аймақтық ерекшеліктерге сай тұрақты даму стратегияларын әзірлеу, аймақтық туристік брендтер қалыптастыру, көлік және логистикалық инфрақұрылымды жетілдіру, ортақ туристік бағыттар әзірлеу, табиғи ресурстарды бірлесіп басқару, мәдени өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықты дамыту және аймақтық қауіп-қатерлерге бірлесе қарсы тұру сияқты аспектілерді қамтиды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйеніп келесідей қорытынды жасаймыз:

Біріншіден, қазіргі аймақтану ғылымында Орталық Азия туризм саласын пәнаралық зерттеуді қажет. Себебі, Орталық Азияның туризм саласын зерттеу барысында аймақтану, халықаралық қатынастар, экономика, мәдениет және география сияқты әртүрлі ғылым салаларының интеграциясы маңызды. Туризмнің өзара байланыстары мен көпқырлы табиғатын түсіну үшін осы ғылымдардың бірлесе қаралуы қажеттігі айқын болды.

Екіншіден, туризм, аймақ, аймақтану (регионалистика), аймақтық даму, халықаралық қатынастар сияқты ұғымдарды мұқият саралау қажет. Бұл ұғымдарды дұрыс анықтау мен жүйелеу Орталық Азия аймағындағы туризмнің ерекшеліктерін нақты түсінуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, қазіргі аймақтану ғылымында туризм саласының дамуын зерттеуде қолданылған әртүрлі теориялар, оның ішінде жаһандану, регионализм, халықаралық қатынастар, туризм және әлеуметтік-мәдени теориялар, Орталық Азияның туризм саласының даму ерекшеліктерін түсінуде тиімді деп білеміз. Бұл теориялар аймақтың туристік әлеуетін, оның халықаралық қатынастардағы рөлін және аймақтық даму перспективаларын анықтауға ықпал ететіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262
2. Starr, S. Frederick. Lost Enlightenment: Central Asia's Golden Age from the Arab Conquest to Tamerlane. Princeton University Press, 2013.
3. Olcott, Martha Brill. Central Asia’s Second Chance. Carnegie Endowment for International Peace, 2005. - 487 p.
4. SGM Koh, AOJ Kwok Regional integration in central Asia: rediscovering the silk road. - Tourism management perspectives, 2017.
5. Urry J. The Tourist Gaze. SAGE Publications Ltd, 2014.
6. Nye, Joseph. Soft Power: The Means to Success in World Politics. Public Affairs, 2004.
7. Cohen, Erik. "The Sociology of Tourism: Approaches, Issues, and Findings." Annual Review of Sociology, vol. 10, 1984, pp. 373-392.
8. Jafari, Jafar. Tourism Social Sciences Series. Emerald Publishing, 1987.
9. Закиева, Ш.Б., және Кушкумбаев, С. Центральноазиатская интеграция: теоретические и прикладные аспекты. Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2017.
10. Лаумулин М.Т. Обзор зарубежной литературы по Центральной Азии: 2010-2020 гг. Справочно информационное издание. – Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2020. – 579 с.
11. Гладков, А.Г. Региональная экономическая интеграция: теоретические аспекты и мировая практика. Москва: Изд-во "Экономика", 2005.
12. Максимова, М.М. Экономическая интеграция стран СНГ и Евразийского экономического сообщества. Санкт-Петербург: Питер, 2010.
13. Ердавлетов, С. Р. География туризма [Текст] : учебник для изучения курса "Основы туризмологии" / С. Р. Ердавлетов. - 2-е изд., доп. и перераб. - Алматы : КазНУ им. аль-Фараби, 2010. - 412 с.
14. Мазбаев, О. Б. Дүниежүзінің табиғат ресурстары географиясы: оқулық / О. Б. Мазбаев, Т. О. Увалиев. - Алматы : [б. и.], 2013. - 244 б.

УДК 327

Керімжан Өркен,
Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар
және әлем тілдер университетінің 2 курс магистранты
orken@crct.kz

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылық қазіргі саясаттану ғылымының маңызды саласы болып табылады. Бұл тақырып мемлекеттердің сыртқы саясатын, қорғаныс стратегияларын, халықаралық келісімдер мен ұйымдардың қызметін зерттеу арқылы жаһандық қауіптер мен тұрақтылықты басқару мәселелерін қамтиды. Осы бағыттағы зерттеулер саяси ғылымның өзекті саласы болып табылады, себебі халықаралық қатынастарда туындайтын өзгерістерге, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті ұжымдық күш-жігерге қатысты көп аспектілерді қамтиды.

Бұл мәселелер тек мемлекетаралық қатынастармен ғана шектелмей, сонымен бірге аймақтық және ұлттық қауіпсіздік, халықаралық құқықтың орны мен халықаралық ұйымдардың рөлін қарастырады. Сонымен қатар, тұрақтылықты сақтау үшін қолданылатын әртүрлі әдістер мен стратегиялар да ғылыми талқылаулардың объектісі болып табылады.

Тірек сөздер: тұрақтылық, қауіпсіздік, халықаралық ұйымдар, қауіптер.

Аннотация. Международная безопасность и стабильность являются важной областью современной политологии. Эта тема охватывает вопросы управления глобальными угрозами и стабильностью через изучение внешней политики государств, оборонных стратегий, деятельности международных соглашений и организаций. Исследования в этой области являются актуальными для политической науки, поскольку они касаются множества аспектов, связанных с изменениями, происходящими в международных отношениях, и коллективными усилиями, необходимыми для обеспечения безопасности и стабильности.

Эти вопросы не ограничиваются только межгосударственными отношениями, но также охватывают вопросы региональной и национальной безопасности, роль международного права и международных

организаций. Кроме того, различные методы и стратегии, используемые для поддержания стабильности, являются объектом научных дискуссий.

Ключевые слова: стабильность, безопасность, международные организации, угрозы.

Қазіргі саяси ғылым мен ақпараттық ресурстарда «қауіпсіздік» терминінің дәл анықтамасын табу қиынға соғуда. Дегенмен, қазіргі уақытта сыртқы қауіптердің жылдам өсуі, мәдени, рухани, экономикалық және басқа да дамуға қауіп төндіруі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен сақтау әлемнің гүлденуіне жетудің басты факторы болып табылады..

Адам қауіпсіздігіне қатерлер әртүрлі факторлармен байланысты. Бұл қатерлер табиғи апаттар, соғыстар, терроризм немесе басқа оқиғалар түрінде көрінуі мүмкін. Олардың шығу тегі әртүрлі болғанымен, барлығы адамдардың белгілі топтарының қауіпсіздігіне және әлемнің жалпы тұрақтылығына теріс әсер етеді. Сонымен қатар, қауіптердің ұлғаюы қоғамның дамуымен тығыз байланыста. Жаңа технологиялар мен ғылыми breakthroughs-тардың саны артқан сайын, қауіпсіздікке қатысты қатерлер де күрделене түседі. Бұл мәселелер адамзат өмірінің маңызды аспектісі ретінде қауіпсіздік тақырыбының өзектілігін күшейтеді.

Қазіргі заманғы талаптар мен стандарттар қауіпсіздік мәселелерін тереңірек зерттеуді қажет етеді. Ғылыми зерттеулерде бұл тақырыпқа көбірек көңіл бөлінуде, себебі аталған факторлар бұл мәселенің маңыздылығын арттыра түседі. Бұл мәселелер саяси ғалымдардың еңбектерінде, соның ішінде отандық және шетелдік авторлардың зерттеулерінде де талқыланған. Мысалы, Бертран Рамкаран мен Арыстанбекова А. сынды ғалымдар қауіпсіздік ұғымын әртүрлі қырынан зерттей отырып, онымен байланысты біртұтас анықтаманың болмауына ықпал етуде [1].

Тұрақтылық пен қауіпсіздік - әр мемлекеттің сыртқы саясатын жүзеге асыру мен әлеуетін дамытуда маңызды рөл атқаратын негізгі элементтер болып табылады. Халықаралық ынтымақтастықта және сыртқы саясатты қалыптастыруда бейбітшілік пен қауіпсіздік айтарлықтай маңызды, себебі бұл факторлар бір-біріне тығыз байланысты. Зерттелетін мәселелерді әлемдік тәртіптің бөлігі ретінде қарастыруға болады, ол мемлекеттер арасындағы тиімді ынтымақтастық, альянстар немесе басқа халықаралық ұйымдар арқылы қамтамасыз етіледі.

Қауіпсіздік ұғымы жеке тұлғаның және мемлекеттің жалпы қауіпсіздігімен байланыста болады, көбінесе ішкі немесе сыртқы қатерлерге қарсы, бұл өз кезегінде мүдделерді, негізгі құқықтарды, сөз бостандығын қорғауды және аумақтардың егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз етеді.

Көптеген еңбектерде қауіпсіздік пен тұрақтылық әр мемлекеттің, оның ішінде ұлттық тұрақтылық пен мемлекеттің қауіпсіздігі тұрғысынан қарастырылады, бұл әлемдік сахнаға тікелей әсер етеді. Кейбір саясаткерлер тұрақтылық пен қауіпсіздіктің мемлекеттің негізгі ұғымы екенін дұрыс айтады, және мұнымен келісуге болады. Алайда, бұл аспектілер халықаралық жағдайларға да тікелей байланысты екенін ескеру қажет.

Осы тұрғыдан, қауіпсіздік ұғымының өте өзгермелі екендігін және оны әртүрлі көзқарастардан қарастырудың маңыздылығын айту керек. Ол халықаралық қатынастардың негізі ретінде қарастырылуы тиіс, бұл мемлекеттер арасындағы сенім мен байланыстарды орнатуға көмектеседі [2].

Қауіпсіздік мәселесі әртүрлі қарастырылады, себебі бір мемлекеттің егемендігін қорғауға бағытталған күш-жігері мен қауіпсіздігі бүкіл әлемнің қауіпсіздігіне әсер етеді. Бұл тек белгілі факт қана емес, көптеген халықаралық шарттар мен құжаттарда да көрініс тапқан. Мысалы, 1984 жылы БҰҰ-ның қабылдаған «Халықтардың бейбітшілікке құқығы туралы» декларациясы халықтардың бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау тілегін білдіреді. Бұл декларацияда әрбір мемлекеттің бейбітшілікке деген құқығы және оны сақтаудың басты міндеті ретінде көрсетілген. Мемлекеттердің сыртқы саясатының маңызды бағыттарының бірі - соғыс қаупін жою, қауіпсіздікті сақтау және қақтығыстарды БҰҰ Жарғысында белгіленген бейбіт жолдармен шешу.

Көптеген факторлардың қауіпсіздікке әсер ететінін және оның жағдайын анықтауға болатынын ескере отырып, біз белгілі бір объектінің қауіпсіздік деңгейін бағалай аламыз, бұл оның қауіпсіздігінің дәрежесін анықтайды және оны түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Қауіпсіздік ұғымын жан-жақты зерттегенде, мемлекеттердің объектілерді, оның ішінде аумақтарды немесе адамдарды қорғауға деген ұмтылысының көбіне сыртқы әсерлерге жауап ретінде пайда болатындығын байқауға болады. Қауіпсіздік деңгейі әртүрлі жағдайларға байланысты басқа факторлардың ықпалымен өзгереді, олар қауіпсіздікке тікелей әсер ететін факторлардан бөлек болуы мүмкін. Қауіпсіздік деңгейіне объектінің ішкі ресурстары мен оған сыртқы әсерлер тікелей әсер етеді.

Қауіпсіздік жағдайын терең бағалау арқылы объектінің орналасқан ортасын және оның функциясына қалай ықпал ететінін анықтауға болады. Қауіпсіздіктің негізгі көзі ретінде мемлекет және әлемдегі қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған халықаралық ұйымдар маңызды рөл атқарады. Бұл ұйымдар көбінесе апаттар мен төтенше жағдайларға жылдам жауап беріп, олардың алдын алу шараларымен айналысады [3].

Тұрақтылық, қауіпсіздік сияқты, айқын және әмбебап анықтамасы жоқ түсінік болып табылады және оның өзара әрекеттестігі мен сипаттамаларын зерттеу арқылы түсінуге болады. Саяси тұрақтылықты жалпы алғанда, оны қамтамасыз ететін механизмдер жиынтығы ретінде қарастыруға болады, олардың үйлесімі арқылы қауіпсіздік жағдайы мен ұзақ мерзімді, теңдестірілген даму қамтамасыз етіледі. Көбінесе тұрақтылық қауіпсіздіктің негізгі және біріктірілген функциясы ретінде қарастырылады, ол мемлекеттің ішкі

ресурстарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады және халықаралық ұйымдардың көмегімен әлемге қауіп төндіретін әрекеттерге қарсы бірігіп жұмыс істеледі.

Қазіргі уақытта саяси тұрақтылық көбінесе саяси билік режимін сақтау тәсілі ретінде қарастырылады, бұл көптеген зерттеушілердің пікірінше, мемлекеттің саяси жүйесінің тиімділігін арттыруды тежейді және бұл бүкіл әлемдік жағдайға теріс әсер етеді. Мемлекет ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін көп жылдар бойы талқыланып келеді, бірақ бұл мәселе негізінен демократияландыру немесе оның саяси тұрақтылыққа әсері тұрғысынан ғана қарастырылады.

Көптеген саяси ғалымдардың айтуынша, тұрақтылық - бұл қазіргі саяси партиялардың үстемдігіне негізделген тұрақсыз құбылыс, олар түрлі ынтымақтастық салаларында көбінесе тактикалық сипаттағы келісімдер жасайды. Егер бұл келісімдер бұзылып немесе жойылса, билік тепе-теңдігі бұзылып, кейіннен тұрақсыздық пайда болады [4].

Осыған байланысты, билік орталығының немесе үстем акторлардың өзгеруі басқару мен мемлекеттік институттарға әсер ету мүмкіндіктерінің күрт төмендеуін білдіреді, бұл саяси жағдайдың динамикасын тұрақтылық тұрғысынан сипаттайды. Сонымен бірге, ұлттық саяси сарапшылар тұрақтылықты қолайлы жағдайлар жасап, оны сақтауға бағытталған әрекеттер ретінде қарастырса, шетелдік авторлар тұрақтылықты көбінесе саяси жүйедегі тұрақсыздықтың басты аспектісі ретінде сипаттайды. Бұл ұғым, әлемдік дағдарыстар, соғыстар немесе тұрақты дамуды бұзатын апаттар кезінде кері тұрғыдан талдануы мүмкін.

Қазіргі уақытта саяси тұрақтылық сияқты ұғымдар әлі де саяси сарапшылардың еңбектерінде жалпы қабылданған анықтама мен жіктеуді таппағанымен, Краснов Б.И.-ның зерттеулері осы терминнің дәлдігі мен нақты анықтамасына жақын келеді. Оның еңбектерінің құндылығы - автордың саяси контекстегі жүйенің жұмыс істеу мүмкіндіктерінің типологиясын анықтап, нақты жіктеуді жасауында. Тұрақтылық тақырыбындағы зерттеулерінде ол ішкі және халықаралық саясаттағы жүйенің оңтайлы дамуы үшін қажетті негізгі фактор ретінде мүмкіндіктер мен әлеуетті атап өтеді. Жоғарыда айтылғандар негізінде, саяси тұрақтылықты теориялық тұрғыдан қарастыра отырып, жүйенің жұмыс істеу жағдайын және оның көрсеткіштерін осы негізде анықтауға болатындығы айқын болады [5].

Шығатын тақырыптар бойынша ақпаратты басқаруды зерттегенде, Қазақстанның саяси ерекшеліктері жөніндегі Тулешов Т.Д.-ның еңбегін атап өту өте маңызды. Ол өз зерттеуінде Қазақстанның тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі факторларды анықтап, олардың әлемдегі жағдайға әсерін көрсетті. Тулешов Қазақстандағы ұзақ мерзімді тұрақтылықты саяси жүйенің қалыптасқан стратегиясы мен ішкі ресурстарды тиімді пайдалану арқылы қол жеткізілген деп түсіндіреді. Автор ішкі ресурстар ретінде заң шығарушы және атқарушы билік органдарының жұмысын атап, олардың тұрақтылықты сақтаудағы маңыздылығын және жаңа қауіптерге уақытылы жауап беру қабілетін көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, тұрақтылықты бір ғана мемлекетке қатысты немесе әлемдегі жалпы жағдайды ескере отырып бағалауға болады. Бұл бағалау әр елдің ішкі процестеріне және оның саяси құрылымының негізгі элементтерінің жұмыс істеуіне байланысты болады. Сонымен қатар, тұрақтылықтың ерекшеліктерін, оған әсер ететін факторларды және осы факторлардың тұрақтылыққа қалай өзгерістер әкелетінін зерттеу қажет.

Өзгермейтін нәрсе - саясаттағы тұрақтылықтың өзгермелі, бейімделуге қабілетті екендігі, ол түрлі факторлардың әсерінен қалыптасып, басқарудың тиімді жағдайын қамтамасыз етеді. Саяси тұрақтылықты бағалағанда, тәуекелдер (халықаралық және ішкі), басқарудың тиімділігі, стратегияны жүзеге асыру және саяси режимдердің ерекшеліктері сияқты факторлар ескерілед [6].

Әлемдегі тұрақты өзгерістер, ғаламдасу және технологиялық дамулар халықаралық қауіпсіздік ұғымын елеулі түрде өзгертіп отыр. Бұл тұрғыда мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздікті сақтау және дамыту қабілеті басты рөл атқарады. Жаңашылдықтар ұлттық қауіпсіздік саясатын тиімді жүзеге асыру, басқа мемлекеттермен ынтымақтастық орнату және жаңа дүниетанымға бейімделу мүмкіндіктерімен байланысты.

Халықаралық ұйымдардың қызметін реттейтін көптеген құқықтық нормалар мен құралдар бар, олар олардың міндеттерін тиімді орындауға қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді. Бұған дейін айтылғандай, халықаралық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі ретінде қарастырылса да, бүгінде қауіптер тек жеке мемлекеттерден ғана емес, халықаралық қауіпсіздікке әсер ететін әртүрлі әрекет етуші тараптардан да туындауы мүмкін екені кеңінен мойындалған.

Әлемдегі қазіргі ахуал мен биліктің үстем орталықтарының өзгеруі халықаралық тұрақтылық мәселелерін күрделендіріп, мемлекеттер арасындағы өзара тәуелділікті қалыптастырып, жанжалдардың туындауына жағдай жасауда. Саяси жағдайдағы өзгерістер мен ықпал етуші факторлардың үздіксіз өзгеруі нәтижесінде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізі халықаралық ұйымдар болып табылады, олар мемлекеттерді ортақ мәселелерге қарсы біріктіріп, әлемдік бейбітшілікті нығайтуға бағытталған күш-жігерлерді біріктіреді.

Халықаралық ұйымдардың негізгі рөлі - бақылаусыз оқиғалардың алдын алу және басталған жағдайда жылдам әрекет ету, сондай-ақ тұрақтылықты қайта орнату болып табылады. Алайда, жаһандық қауіптерге қарсы тұру бірнеше аспектілерден тұрады, олар бірге халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тұрақты даму стратегияларын қалыптастыратын күрделі жүйені құрайды.

Халықаралық ұйымдардың мүше мемлекеттерінің үйлесімді әрекеттері, олардың басты мақсаты қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әлемдік дамуға қатер төндіретін қауіптерді жою, сондай-ақ мемлекеттер

арасындағы өзара қатынастарды нығайту, ғаламдық терроризмге, экономикалық соғыстарға, басқа мемлекеттердің конституциялық және заңды тәртібін бұзуға, бейбіт өмірге қарсы ауыр қылмыстарға бірлесіп қарсы тұру аса маңызды рөл атқарады [7].

Одан әрі, осы ұйымдардың қызметі халықаралық құқықтың негізінде құрылған құқықтық құралдар арқылы жүзеге асырылады. БҰҰ Жарғысы осы құралдардың мысалы болып табылады. Бұл құқықтық құралдар қақтығыстар мен қауіпсіздік мәселелерін бейбіт және ынтымақтасу жолымен шешуге бағытталған, прагматикалық және ұжымдық тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Халықаралық қауіпсіздік - бұл бейбітшіліктің сақталуы, халықтың әл-ауқаты, экономика мен қоршаған ортаға зиянды қауіптердің болмауы секілді маңызды аспектілердің бірі. Халықаралық қауіпсіздікті зерттегенде оны көбінесе аймақтық және жаһандық қауіпсіздік деп бөледі. Аймақтық қауіпсіздік мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен тұрақтылықты бір аймақта қамтамасыз етуді білдіреді, ал жаһандық қауіпсіздік барлық елдерді қамтитын жалпы қауіптерге қарсы әрекет ету жүйесін сипаттайды.

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдерінің негізінде сыртқы қауіптерді басқару, жаһандық қақтығыстарды шешу және стратегиялық шаралар арқылы аймақтық тұрақтылықты сақтау бойынша алдын алу әрекеттері жатыр. Бұл шаралар ашық үйлестіру және аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ішкі институттарды қолдау арқылы жүзеге асады. Қауіптердің артуымен халықаралық ұйымдардың жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз етуге деген ұстанымы күшейе түседі, бұл құқықтық және халықаралық қауіпсіздік жүйелеріне өзгерістер енгізеді.

Бұл аспектілерді тұрақтылық жүйесінде іске асыруда халықаралық құқыққа сәйкес әрекет ету маңызды рөл атқарады, себебі ол мемлекеттердің қауіпсіздік саясатында шешуші фактор болып табылады.

Қауіпсіздікті сақтау және орнату мәселесі көбінесе бір мемлекеттің тек өз қауіпсіздігін арттыру мақсатындағы бақыланбайтын амбициясынан туындайды. Бұл іс-әрекеттер әскери күштерді, армияларды және қорғаныс жүйелерін арттыруға алып келеді, ал бұл өз кезегінде жүйенің тұрақсыздығын туғызады және қауіпсіздік жағдайын төмендетеді. Мұндай әрекеттер халықаралық қауіпсіздік жүйесіне теріс әсер етеді.

Қазіргі уақытта халықаралық ұйымдар үшін ең маңызды мәселелердің бірі - қауіпсіздік тұрғысынан тұрақсыздық пен болжамсыздықты дұрыс бағалау, бұл әлемдегі жағдайлардың өзгеруіне байланысты мониторингтік жүйелерді құруды талап етеді. Деректерді талдау және стратегиялық болжам жасау осы өзгерістерге тиімді жауап беру үшін қажет. Ең бастысы - теріс факторларға уақытында жауап беру мүмкіндігі, бұл жеке тұлға мен мемлекет үшін тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [8].

Тұрақтылыққа қол жеткізу тек халықаралық құқықтың барлық конституцияларын қатаң сақтап, орындау арқылы мүмкін болады, бұл ұжымдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында дамуды қамтамасыз етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рамчаран, Б. Г. (2008). БҰҰ-дағы превентивті дипломатия. Индиана университетінің баспасы.
2. Арыстанбекова, А. (2004). Глобализация. Объективті логика және жаңа сынақтар. Халықаралық өмір, 4/5, 54-65.
3. Смирнич, С. Е., & Овчинников, А. И. (2021). Халықаралық қылмыстық құқықтың дамып келе жатқан негізгі институттарының халықаралық қауіпсіздік пен әлемдік тәртіпті қамтамасыз етудегі рөлі. Солтүстік Кавказ заң бюллетені, 1, 162-167. (қолданылған күні: 15.01.25)
4. Короваи, Е. А. (2007). Саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік. Забайкалье мемлекеттік университетінің хабаршысы, 3, 79-85. (қолданылған күні: 22.01.25)
5. Фирсов, А. В. (2015). Саяси тұрақтылықты қазіргі саясаттану ғылымының зерттеу нысаны ретінде: ұғымы мен негізгі сипаттамалары. Ресей ұлтының хабаршысы, 6, 180-184.
6. Краснов, Б. И. (2010). Саяси жүйе мен саяси тұрақтылық. Стратегиялық қауіпсіздік, 9, 80. (қолданылған күні: 07.02.25)
7. Тулешов, Т. Д. (2014). Қазақстанның саяси жүйесінің ерекшеліктері: тұрақтылықтың негізгі факторлары. Қазіргі ғылым және инновациялар, 4, 160-163. (қолданылған күні: 13.02.25)
8. Потоцкий, Н. К. (2018). Халықаралық және ұлттық қылмысқа қарсы мемлекеттік ынтымақтастықты дамыту үрдістері қауіпсіздік мақсатында. Еуразия мемлекеттерінің халықаралық ынтымақтастығы: Саясат, экономика, құқық, 1, 83-90. (қолданылған күні: 16.02.25)

УДК 316.347.8

Ли М.А., 2 курс,
специальность «Востоковедение»
Научный руководитель: к.и.н.**, Ем Н.Б.**

ТРУДНОСТИ АДАПТАЦИИ ЭТНИЧЕСКИХ КОРЕЙЦЕВ В СОВРЕМЕННОМ КОРЕЙСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Миграция представляет собой ключевой аспект глобализационных процессов, оказывая значительное воздействие на экономику и различные другие сферы человеческой жизни. В эти сферы входят социальные культурные и политические аспекты. Начиная с конца XX века, наблюдается возрастающая тенденция

возвращения этнических корейцев из стран Центральной Азии в Южную Корею. Среди них значительное число составляют мигранты из Казахстана, которые сталкиваются с определенными трудностями при адаптации в корейском обществе. Несмотря на общие генетические, этнические и исторические связи, процесс интеграции осложняется значительными различиями в культуре, языке, восприятии идентичности и социально-экономических аспектах.

Цель данной работы — проанализировать основные проблемы адаптации этнических корейцев из Казахстана в Южной Корее, выявить причины этих трудностей и предложить возможные пути их решения. Основной акцент будет уделен на исторические предпосылки, языковой барьер, культурные различия и дискриминационные практики.

1. Исторические предпосылки миграции корейцев в Казахстан

Этнические корейцы появились на территории Казахстана в конце XIX — начале XX века в результате нескольких волн миграции. Хотя вначале политика переселения имела мирный характер и предоставлял людям право выбора, но позднее СССР изменяет все на насильственное переселение в сопровождение с нереальными условиями для выживания.

Согласно первой всеобщей переписи населения Российской империи 1897 года, небольшие группы корейцев проживали в Семиреченской области, на территории современного Узбекистана и Кыргызстана (Ким, Мен, 1995). Таким образом основной приток корейских переселенцев пришелся на начало XX века, что было вызвано колониальной политикой Японии в Корее и русско-японским конфликтом. Народ искал возможность сохранить свои семьи и страну, и пользуясь переселением были созданы многие мирные народные армии.

Наибольшее воздействие на судьбу корейцев оказала депортация 1937 года, когда около 172 тысяч корейцев были насильственно переселены с Дальнего Востока в Казахстан и Узбекистан по обвинению в шпионаже в пользу Японии (Ким, 1995). В ходе переселения многие люди погибли из-за тяжелых условий транспортировки и отсутствия подходящих условий для жизни. Без минимального продовольствия и возможности получить медицинскую помощь на протяжение многих дней народ был вынужден ехать в поезде без возможности остановиться. Несмотря на предстоящую адаптацию в советское общество, этнические корейцы сохраняли свою культурную самобытность и традиции.

После распада СССР и обретения Казахстаном независимости корейцы получили возможность возвратится в Южную Корею. А также объединиться со своими семьями, что в значительной степени возникло благодаря экономическим факторам и государственным программам по репатриации этнических корейцев.

2. Причины миграции этнических корейцев в Южную Корею

Процесс миграции этнических корейцев в Южную Корею характеризуется несколькими ключевыми причинами:

1. Связь с исторической родиной. Несмотря на то, что корё сарам проживают в Казахстане на протяжении долгих лет, многие из них по-прежнему воспринимают Корею как свою историческую родину и стремятся восстановить культурные и этнические связи. Это осознание идентичности является одним из ключевых факторов, влияющих на решение о возвращении в Южную Корею. Особенно ярко эта тенденция проявляется среди пожилого поколения, которое хранит более сильные воспоминания и чувства, связанные с родиной.

2. Экономические факторы. Южная Корея — одна из наиболее развитых экономик мира, и для корейцев из Казахстана она представляет собой привлекательную возможность для улучшения условий жизни и трудоустройства. После так называемого «экономического чуда» Корея продолжает демонстрировать устойчивый рост, что способствует стабильной занятости и повышению качества жизни (Хан Енъу, 2010). Такая экономическая стабильность играет важную роль в принятии решения о миграции.

3. Образовательные возможности. Южнокорейские высшие учебные заведения предоставляют высококачественное образование, что особенно привлекательно для молодых корейцев из Казахстана. Университеты Южной Кореи предлагают квалифицированный преподавательский состав, современные учебные программы и возможности для международного академического обмена, что открывает перспективы социальной мобильности и профессионального успеха. Однако одновременно с этим строгость и конкуренция в южнокорейской системе образования нередко становятся предметом общественных дискуссий.

4. Государственная поддержка. Правительство Южной Кореи реализует различные программы, направленные на поддержку репатриации и адаптации соотечественников. В частности, виза типа F-4, выданная Министерством юстиции, позволяет лицам корейского происхождения, проживающим за рубежом, долгое время находиться в Корее с целью работы или учёбы. Кроме того, Фонд зарубежных соотечественников (재외동포재단) способствует успешной интеграции через программы изучения корейского языка, стипендии и культурные мероприятия.

Особое значение имеет Программа социальной интеграции Министерства юстиции (KIIP), которая предоставляет систематическое обучение корейскому языку и культуре, а также основам южнокорейского

общества. При успешном прохождении определённого уровня участникам предоставляются преимущества при продлении статуса пребывания и подаче заявления на натурализацию. Кроме того, различные центры поддержки адаптации и программы содействия трудоустройству, организуемые местными органами власти и частными организациями, также вносят вклад в стабильную адаптацию репатриантов.

Несмотря на данные преимущества, процесс адаптации мигрантов в корейском обществе сопровождается неопределенным рядом сложностей, требующих отдельного рассмотрения.

3. Трудности адаптации этнических корейцев в Южной Корее

3.1. Языковой барьер

Одной и первой из главных проблем адаптации является языковой барьер. Хотя и выделяется отдельная группа людей, которые прибыли уже с достаточным уровнем знания языка, но в основном большинство мигрантов приезжают с отсутствием даже минимального уровня владения корейского. Можно выделить отдельную группу людей, которые имеют навыки владения корёмаль, но даже так нужно учитывать, насколько сильна разница между местным диалектом и стандартным корейским языком. В Казахстане основными языками являются казахский и русский язык, соответственно в повседневной жизни нет возможности выучить язык, не прибегая к репетиторствам или отдельным курсам. В исключения можно также внести семьи, в которых один из родителей является приезжим корейцем и с детства приучает детей к корейскому языку.

Исследования показывают, что низкий уровень владения корейским языком препятствует успешному трудоустройству и социальной интеграции (Ким, 1995). Это особенно актуально в профессиональной сфере, где важную роль играет не только знание языка, но и понимание корпоративной культуры.

3.2. Культурные различия и восприятие этнических корейцев местным населением

Южнокорейское общество в значительной степени основывается на конфуцианских ценностях, где большое значение придается иерархии, коллективизму и уважению к старшим (Хан, 2010). Этнические корейцы из Казахстана, выросшие в другой культурной среде, могут испытывать сложности в адаптации к таким нормам.

Веской причиной может являться низкий уровень осведомленности о этнических корейцах. Многие молодые корейцы мало что знают про этнических корейцев. Начиная с истории их появления до нынешней ситуации по поводу распространения этнических корейцев по всему миру.

3.3. Дискриминация и предвзятость

Среди этнических корейцев, прибывших в Южную Корею, достаточно распространены случаи дискриминации. Многие работодатели и корейцы в целом не воспринимают их как «настоящих» корейцев из-за акцента, различий в менталитете и уровня владения языком. В результате этнические корейцы нередко сталкиваются с ограниченными возможностями трудоустройства и социальной мобильности.

По словам одного из респондентов, проживающих в Сеуле:

“우리는 한국 사람이지만, 한국 사람들은 우리를 외국인처럼 대합니다. 이것이 가장 힘든 점입니다.”

«Мы корейцы, но корейцы относятся к нам как к иностранцам. Это самое сложное.»

4. Пути решения проблем адаптации

Для уменьшения проблем адаптации этнических корейцев в Южной Корее необходимо:

1. Развитие образовательных программ. Упор на изучение корейского языка и истории Кореи еще до переезда способствует лучшей интеграции. Открытие центров и развитие качества образования в уже имеющихся центрах поспособствует приобретению более доступных и надежных знаний.

2. Расширение государственных программ поддержки. Южнокорейское правительство может усилить поддержку этнических корейцев в вопросах трудоустройства и адаптации. К примеру, не просто помощь в виде облегчения получении визы, но и одноразовая помощь в предоставлении трудоустройства на первое время. Многие рабочие места, итак, предоставляют жилье, поэтому основной акцент можно сделать как раз таки на предоставление помощи по поводу трудоустройства и страховок.

3. Популяризация темы диаспоры в Южной Корее. Улучшение информированности корейского общества о судьбе этнических корейцев за рубежом может снизить уровень предвзятости. Таких целей можно достигать через распространение истории этнических корейцев, проведение различных мероприятий для этнических корейцев, находящихся в Корее, придание большей огласки существование подобной разновидности населения как этнические корейцы.

4. Создание сообществ поддержки. Объединение этнических корейцев в социальные группы помогает преодолевать барьеры и обмениваться опытом. Предоставление возможности найти своих земляков, новых друзей, людей кто точно поймет тебя и поддержки со стороны специалистов, может многократно улучшить условия адаптации мигрантов. Помимо этого, так же может способствовать еще большему наплыву мигрантов или туристов.

В заключении хотелось бы подчеркнуть, что проблема адаптации этнических корейцев из Казахстана в Южной Корее остается актуальной, несмотря на государственные программы поддержки со стороны Кореи и существующую историческую связь между двумя странами. Этнические корейцы, переезжая на свою историческую родину, сталкиваются с рядом значительных трудностей, таких как языковой барьер, культурные различия, сложность трудоустройства и предвзятое отношение со стороны местного населения.

В связи с этим важно разработать и внедрить более эффективные механизмы поддержки этнических корейцев, возвращающихся на историческую родину. Разработав такого рода программы, направленные также на улучшение отношений между Казахстаном и Кореей. Таким образом, адаптация этнических корейцев из Казахстана в Южной Корее требует комплексного подхода. Несмотря на наличие этнических, культурных и исторических связей, без должной поддержки со стороны государства, общества и самих мигрантов процесс интеграции будет оставаться сложным. Только путем совместных усилий можно создать условия, в которых этнические корейцы смогут чувствовать себя полноценными членами южнокорейского общества, сохраняя при этом свою самобытность и культурное наследие.

СПИСОК ИСПОЛЬЗУЕМОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ким Г.Н., Мен Д.В., История и культура корейцев Казахстана. Алматы: Гылым. – 1995. - 346с.
2. Ким Г.Н. Корейцы за рубежом: прошлое, настоящее и будущее (историография и библиография). - Алматы: Гылым. - 1995. - 256с
3. История Кореи: новый взгляд / Хан Енъу; перевод с корейского под редакцией. М.Н. Пака.- М.: Восточная литература, 2010.- 758с.
4. . Министерство юстиции Республики Корея. Виза для зарубежных корейцев (F-4) [Электронный ресурс]. – 2024. – Режим доступа: https://www.immigration.go.kr
5. Фонд зарубежных корейцев (재외동포재단). Программы поддержки зарубежных корейцев [Электронный ресурс]. – 2024. – Режим доступа: https://www.okf.or.kr
6. . Министерство юстиции Республики Корея. Программа социальной интеграции (KIIP) [Электронный ресурс]. – 2024. – Режим доступа: https://www.socinet.go.kr
7. Сон А. М. Рабочий мигрант из Казахстана. Личное интервью. 15 ноября 2024 г.
8. Ли С. Г. Рабочий мигрант из Казахстана. Личное интервью. 15 ноября 2024 г.
9. Цхай А. В. Студентка из Казахстана. Личное интервью. 10 ноября 2024г.

УДК 327

Ныгметова Б.,
Докторант
«6D03121-Международные отношения»
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
Алматы, Казахстан
e-mail: bnygmetova@inbox.ru

ЭМПИРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДИПЛОМАТИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация: Статья анализирует практики экономической дипломатии Казахстана, выделяя основные инструменты, успешные и неудачные примеры, а также механизмы реализации внешнеэкономической политики. Рассматриваются как традиционные методы (международные соглашения), так и инновационные подходы (цифровая дипломатия). Оценивается их влияние на экономическое развитие и позиционирование Казахстана в мировом экономическом сообществе.

Ключевые слова: экономическая дипломатия, внешняя политика, международные соглашения, инвестиции, транспортная дипломатия, цифровая дипломатия, Казахстан, глобализация.

Nygmetova B.,
PhD student
«6D03121- International Relations»
Ablaikhan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: bnygmetova@inbox.ru

EMPIRICAL ANALYSIS OF ECONOMIC DIPLOMACY OF KAZAKHSTAN

Abstract: The article analyzes the practices of Kazakhstan's economic diplomacy, highlighting the main tools, successful and unsuccessful examples, and mechanisms of foreign economic policy implementation. Both traditional methods (international agreements) and innovative approaches (digital diplomacy) are considered. The impact of these practices on economic development and Kazakhstan's positioning in the global economic community is assessed.

Keywords: economic diplomacy, foreign policy, international agreements, investments, transport diplomacy, digital diplomacy, Kazakhstan, globalization.

Экономическая дипломатия является важным инструментом внешней политики, направленным на содействие национальным интересам в глобальной экономике. В условиях динамичных изменений международных отношений и глобализации, она становится ключевым элементом стратегии государства. Казахстан, как страна с развивающейся экономикой, активно внедряет механизмы экономической дипломатии для укрепления своего положения на международной арене. Эмпирический анализ экономической дипломатии Казахстана позволяет выявить основные направления, стратегии и инструменты, которые используются для достижения экономических целей в контексте международных отношений. В данной статье будет рассмотрен опыт Казахстана в сфере экономической дипломатии, а также проанализированы результаты и эффективность применяемых подходов, что позволит внести вклад в дальнейшее развитие теоретических и практических аспектов данной области.

Экономическая дипломатия представляет собой совокупность внешнеполитических и внешнеэкономических действий государства, направленных национальных экономических интересов за рубежом. Согласно определению Н. Байнера, экономическая дипломатия — это использование дипломатических методов и институтов для содействия экспорту, привлечения инвестиций, защите экономических прав и интересов субъектов национальной экономики на международной арене [1]. Как подчёркивает M. Okano-Heijmans, экономическая дипломатия сегодня включает не только классические инструменты, но и элементы «гибкой власти» – способность государства воздействовать на международную экономику через нормы, ценности и доверие. Это особенно актуально для Казахстана, который стремится усилить своё влияние в международных цепочках добавленной стоимости через «мягкие» дипломатические практики. Таким образом, подход автора расширяет рамки традиционного понимания экономической дипломатии и предлагает полезный аналитический инструмент для оценки казахстанской модели [2].

Перспективы дальнейшего развития видеоигрового туризма связаны с углублением иммерсивных технологий, расширением нишевых культурных нарративов и глобализацией данного феномена. Опыт Японии демонстрирует, что видеоигры способны не только стимулировать экономический рост, но и служить мостом между культурами, обогащая туристический опыт новыми смыслами. Однако для устойчивого развития этого направления необходимы дальнейшие исследования, направленные на баланс между коммерческой привлекательностью и культурной ответственностью, а также разработка этических стандартов для игровой индустрии и туристического сектора.

Таким образом, видеоигровой туризм представляет собой динамично развивающееся явление, которое продолжает трансформировать традиционные представления о путешествиях. Его успешное развитие требует комплексного подхода, учитывающего как экономические возможности, так и социокультурные последствия, что делает эту область особенно актуальной для междисциплинарных исследований.

ЛИТЕРАТУРА

1. Seaton P., Yamamura T. Japanese Popular Culture and Contents Tourism – Introduction // Japan Forum. 2015. Vol. 27. No. 1. P. 1–11.
2. Cool Japan Strategy Public-Private Collaboration Initiative // Cool Japan Strategy Promotion Council. [Электронный ресурс]. URL: https://www.cool-japan.go.jp (дата обращения: 03.04.2025).
3. Окамото К. Исследование культурных аспектов контент-туризма: фокус на взаимосвязи локальной культуры и культуры контента в аниме-святых местах // Отчёт Института культуры путешествий. 2013. № 23. С. 71–88.
4. Graburn N., Yamamura T. Contents tourism: background, context, and future // Journal of Tourism and Cultural Change. 2020. Vol. 18. No. 1. P. 1–11.
5. Green M.C., Brock T.C. The Role of Transportation in the Persuasiveness of Public Narratives // Journal of Personality and Social Psychology. 2000. Vol. 79. No. 5. P. 701–721.
6. Ghost of Tsushima Official Tourism Site [Электронный ресурс]. URL: https://www.nagasaki-tabinet.com/static/ghost_of_tsushima/en/ (дата обращения: 03.04.2025).
7. Abiko T. ICT-driven Regional Revitalization — seichi junrei by the numbers // New Breeze. 2017. Autumn. P. 10–13.
8. Corrigan H. Why Persona and Yakuza Offer Compelling Video Game Tourism // IGN. 2018. URL: https://www.ign.com/articles/2018/05/21/why-persona-and-yakuza-offer-compelling-video-game-tourism/ (дата обращения: 03.04.2025).
9. Cool Japan Strategy [Электронный ресурс] // Ministry of Economy, Trade and Industry, Japan. January 2012. URL: https://wise.co.th/wise/References/Creative_Economy/Cool_Japan_Strategy_January_2012.pdf (дата обращения: 03.04.2025). (Дополнил источник.)
10. Wang Z., Murakami K.H., Yamazaki A.K., Anuardi M.N.A.M. Effect evaluation of video content and audiovisual devices on VR tourism for young people // Journal of Global Tourism Research. 2023. Vol. 8. No. 2. P. 125–130.
11. Walker J.W. Soft power and Japan's growing role in a complex world // The Japan Times. 2023. P. 9.

УДК 338.4

Баймолданова Д.К.,
магистр пед.наук
Кафедра Менеджмента гостеприимства, ФММК

ВЛИЯНИЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ НА ЯЗЫК И КОММУНИКАЦИЮ В ИНДУСТРИИ ГОСТЕПРИИМСТВА: ВЫЗОВЫ И РЕШЕНИЯ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация: Глобализация оказывает значительное влияние на индустрию гостеприимства, меняя требования к профессиональным компетенциям работников в различных странах. В Республике Казахстан, где активно развиваются международные гостиничные сети и туристическая инфраструктура, знание английского языка становится необходимым для успешного функционирования сферы гостеприимства. В статье рассматриваются вызовы и решения, связанные с обучением английскому языку для сотрудников этой отрасли. На основе проведенного анализа и опроса работников гостиничного и ресторанного сектора, выделены ключевые компетенции, которые необходимы для эффективной работы в условиях глобализации. Статья также предлагает подходы и решения для улучшения образовательных программ в сфере гостеприимства с учетом международных стандартов.

Ключевые слова: глобализация, индустрия гостеприимства, английский язык, межкультурная коммуникация, обучение, профессиональные компетенции.

Baimoldanova D.K.,
Master of Pedagogical Sciences
Department of Hospitality Management
FMKK, diana.baimoldanova@bk.ru

THE IMPACT OF GLOBALIZATION ON LANGUAGE AND COMMUNICATION IN THE HOSPITALITY INDUSTRY: CHALLENGES AND SOLUTIONS IN TEACHING ENGLISH

Abstract: Globalization has a significant impact on the hospitality industry, changing the requirements for the professional competencies of workers in different countries. In the Republic of Kazakhstan, where international hotel chains and the tourism infrastructure are actively developing, knowledge of the English language has become essential for the successful functioning of the hospitality sector. This article discusses the challenges and solutions related to teaching English to employees in this industry. Based on the analysis and survey of workers in the hotel and restaurant sectors, key competencies necessary for effective work in the context of globalization are identified. The article also offers approaches and solutions for improving educational programs in the hospitality sector in accordance with international standards.

Keywords: globalization, hospitality industry, English language, intercultural communication, training, professional competencies.

Глобализация охватывает различные сферы жизни, включая экономику, культуру и, конечно, коммуникацию. В условиях глобализированного мира индустрия гостеприимства становится все более международной, что неизбежно влечет за собой необходимость эффективного общения между людьми разных национальностей и культур. В Казахстане, как и в других странах, развитие туристической отрасли и привлечение иностранных инвесторов требуют высокого уровня профессиональной подготовки, в том числе в области владения иностранными языками, особенно английским [1, с.5]. Это создает определенные вызовы для обучения английскому языку в сфере гостеприимства, но также и открывает новые возможности для профессионалов, работающих в данной области.

Английский язык является международным языком общения, и его знание является обязательным для успешной работы в гостиницах, туристических агентствах, ресторанах и других учреждениях сферы гостеприимства. С каждым годом увеличивается число иностранных туристов, прибывающих в Казахстан, что требует от работников индустрии гостеприимства способности коммуницировать на английском языке [2, с.2]. Например, при работе с туристами общение на английском языке помогает создать комфортную атмосферу и обеспечивает высокий уровень обслуживания, что влияет на репутацию и доходность бизнеса.

Кроме того, английский язык используется в управлении, маркетинге и обучении персонала. Множество международных гостиничных сетей, таких как Marriott, Hilton и Accor, активно развивают свои филиалы в Казахстане, и их стандарты обслуживания требуют знания английского языка на высоком уровне. Это также обусловлено необходимостью коммуникации с коллегами из других стран и обмена опытом на международных форумах и конференциях [2].

Глобализация изменяет не только сами процессы взаимодействия, но и то, как люди воспринимают друг друга в культурном и языковом контексте. В сфере гостеприимства эффективное взаимодействие имеет решающее значение, ведь от того, как персонал общается с клиентами, зависит их удовлетворенность и лояльность.

На практике это означает, что работники индустрии должны учитывать не только грамматику и лексику английского языка, но и культурные особенности общения. Например, использование форм вежливости в разных странах может сильно отличаться, и для успешной коммуникации важно понимать эти различия. В Казахстане, где сосуществуют различные этнические группы, работникам индустрии гостеприимства необходимо не только овладеть английским языком, но и развить навыки межкультурной коммуникации.

Основные вызовы в обучении английскому языку для индустрии гостеприимства:

1. *Высокая текучесть кадров в сфере гостеприимства*

В индустрии гостеприимства в Казахстане часто наблюдается высокая текучесть кадров, что усложняет процесс внедрения постоянных и системных программ обучения. Работники могут приходить и уходить достаточно часто, что затрудняет создание долгосрочной стратегии по улучшению уровня английского языка в компании. Частая смена персонала также мешает углубленному обучению и практике языка.

2. *Недостаточная мотивация работников для изучения языка*

В некоторых случаях сотрудники гостиниц и ресторанов могут не осознавать важность совершенствования своего уровня английского языка для своей профессиональной карьеры. Отсутствие карьерных перспектив или мотивации к обучению может снижать желание работников развивать свои языковые навыки [3]. Это требует внедрения системы мотивации, которая бы поощряла работников за улучшение их навыков и достижение языковых стандартов.

3. *Низкий уровень владения языком у работников*

Многие работники сферы гостеприимства в Казахстане продолжают сталкиваться с низким уровнем владения языком. Это связано с тем, что многие начинают изучать английский язык на базовом уровне в школе и университете, но недостаточно практикуют его в реальной жизни. В результате они могут испытывать трудности в коммуникации с иностранными клиентами и не всегда уверенно используют профессиональную лексику в своей работе.

Для того чтобы сотрудники сферы гостеприимства в Казахстане могли эффективно общаться с клиентами, им необходимо развивать несколько ключевых компетенций. На основе опроса среди работников отрасли, а также данных исследовательских центров, можно выделить следующие основные навыки, которыми должны владеть специалисты этой сферы:

1. Коммуникативные навыки (общее владение языком)
2. Профессиональная лексика в сфере гостеприимства
3. Навыки межкультурной коммуникации
4. Грамматика и написание деловых документов
5. Использование технологий для коммуникации

В целях изучения состояния преподавания английского языка в сфере гостеприимства Казахстана был проведен опрос 50 сотрудников гостиничного и ресторанного сектора Алматы. Вопросы исследования охватывали уровень владения английским языком, необходимые для работы компетенции и оценку существующих программ обучения.

Результаты опроса:

1. Коммуникативные навыки — 88% респондентов отметили, что для работы с международными клиентами необходимы хорошие коммуникативные навыки на английском языке. Однако только 42% заявили, что их уровень языка достаточно высок для общения с иностранными гостями без помощи переводчика.

2. Профессиональная лексика в сфере гостеприимства — 75% респондентов признали, что недостаточно владеют профессиональной лексикой, необходимой для работы в гостиницах и ресторанах. Это создает трудности в обслуживании клиентов на должном уровне.

3. Навыки межкультурной коммуникации — 63% работников указали, что они сталкиваются с трудностями в межкультурном общении, так как не всегда понимают особенности поведения туристов из разных стран. Это может повлиять на качество обслуживания и создать недовольство у клиентов.

4. Грамматика и написание деловых документов — 58% респондентов заявили, что их знания грамматики английского языка достаточно хороши, однако 32% признались, что им сложно составлять деловые письма и другие документы на английском языке.

5. Использование технологий для коммуникации — 65% работников используют онлайн-платформы и приложения для улучшения своих языковых навыков, однако лишь 40% регулярно участвуют в профессиональных курсах и тренингах.



Диаграмма 1 – Результаты опроса по компетенции работников в индустрии гостеприимства

Диаграмма показывает, что наиболее критичной областью для работников является владение профессиональной лексикой, так как 75% респондентов заявили о недостаточном знании специализированных терминов. Также видно, что межкультурная коммуникация остается важным аспектом, который требует дальнейшего улучшения, несмотря на значительную роль английского языка.

Решения для преодоления вызовов

1. Специализированные курсы

Разработка курсов, ориентированных на профессиональную лексику в индустрии гостеприимства, позволит сотрудникам улучшить свои знания английского языка в контексте работы. Программы могут включать разделы, посвященные обслуживанию клиентов, ресторанному сервису, управлению гостиницей и другим специфическим областям.

2. Интенсивные тренинги по межкультурной коммуникации

Важно не только учить сотрудников английскому языку, но и развивать их способность понимать и учитывать культурные различия. Это может быть достигнуто через практические занятия, ролевые игры и взаимодействие с международными коллегами.

3. Онлайн-обучение и мобильные приложения

Развитие онлайн-курсов и мобильных приложений для изучения английского языка поможет сотрудникам работать над своими навыками в удобное время, улучшая произношение и расширяя словарный запас.

4. Регулярные тренинги и сертификация

Внедрение системы сертификации и регулярных тренингов поможет повысить уровень квалификации работников и обеспечить высокие стандарты обслуживания на международном уровне.

Глобализация существенно влияет на индустрию гостеприимства в Казахстане, особенно в аспекте языковой и культурной коммуникации. Знание английского языка становится важным требованием для работников данной отрасли, и несмотря на существующие вызовы, связанные с низким уровнем языка у части работников и отсутствием специализированных программ, существуют эффективные решения. Создание специализированных курсов, использование онлайн-ресурсов и развитие межкультурной компетенции помогут преодолеть трудности и повысить уровень обслуживания в сфере гостеприимства, что, в свою очередь, будет способствовать успешному развитию туризма и привлечению иностранных инвестиций в Казахстан.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кларк, Дж. (2019). *Глобализация и её влияние на индустрию гостеприимства*. Лондон: Издательство "Глобал Паблишинг".

2. Беликова, С.И. (2020). *Межкультурная коммуникация в индустрии гостеприимства*. Москва: Издательство "Эдука".

3. Шевченко, А.В. (2018). *Английский язык для индустрии гостеприимства*. Алматы: Университетская типография.

УДК 80

Балпанов Н.М.,
Доктор PhD
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ
Алматы, Казахстан

«ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖӘНЕ ФАКТЧЕКИНГ – ФЕЙК ЖАҢАЛЫҚТАРМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУГЕ БОЛАДЫ?»

Аннотация. Бұл мақалада жалған ақпарат пен фейк жаңалықтардың таралуы, олардың қоғамға тигізетін теріс әсері және онымен күресу әдістері қарастырылады. Жалған ақпараттың кеңінен таралуы бүгінгі ақпараттық қоғамның маңызды мәселесіне айналып отыр, өйткені ол саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

Мақалада фактчекингтің ұғымы мен оның құралдары, сондай-ақ жалған ақпаратпен күресудің тиімді тәсілдері талқыланады. Қазақстанда бұл мәселеге қатысты атқарылып жатқан іс-шаралар, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың рөлі, сондай-ақ заңнамалық база және медиасауаттылықты арттыру бағытындағы жұмыстар қарастырылады.

Мақалада цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарының қолданылуының маңыздылығы және халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілігі де атап өтілген. Қорытындыда жалған ақпаратпен күресу үшін қоғамның әрбір мүшесінің ақпараттық жауапкершілігін сезінуінің маңыздылығы көрсетіледі. Жалған ақпаратқа қарсы тұру тек заңнамалық шаралармен ғана емес, әр адамды ақпараттық сауаттылыққа баулу арқылы жүзеге асырылатыны баяндалған.

Тірек сөздер. Жалған ақпарат, фейк жаңалықтар, фактчекинг, медиасауаттылық, ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, әлеуметтік желілер, ақпараттық манипуляция, ақпаратты тексеру, заңнамалық шаралар, қоғамдық ұйымдар, халықаралық ынтымақтастық, ақпараттық сауаттылық, ақпараттық терроризм.

Abstract. This article examines the spread of misinformation and fake news, their negative impact on society, and the methods of combating them. The widespread dissemination of false information has become a significant issue in today's information society, as it poses a threat to political, social, and economic stability.

The article discusses the concept of fact-checking and its tools, as well as effective methods for combating misinformation. It also explores the actions being taken in Kazakhstan on this issue, the role of state and public organizations, as well as the legislative framework and efforts to increase media literacy.

The importance of digital technologies and artificial intelligence tools in this process, as well as the necessity for international cooperation, are also highlighted. The conclusion emphasizes the importance of every member of society feeling a sense of informational responsibility in combating misinformation. The article explains that the fight against false information is not only achieved through legislative measures but also by promoting media literacy among individuals.

Keywords. Misinformation, fake news, fact-checking, media literacy, information security, digital technologies, artificial intelligence, social media, information manipulation, information verification, legislative measures, public organizations, international cooperation, information literacy, information terrorism.

Қазіргі ақпараттық дәуірде қоғамның санасына әсер ететін негізгі құралдардың бірі — ақпарат. Интернеттің кең таралуы мен әлеуметтік желілердің күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналуы жалған ақпараттың таралуын жеңілдетіп, ауқымын ұлғайтты. Ақпараттың көптігі мен қолжетімділігі адам санасын түрлі бағытта бұрып, қоғамдық пікірге әсер ету қаупін күшейтті. Осы орайда фактчекинг — яғни, ақпараттың шынайылығын тексеру әдістері аса маңызды рөл атқарады. Жалған ақпарат тек әлеуметтік желілер арқылы емес, кейде дәстүрлі БАҚ құралдары мен танымал медиа-платформаларда да кездесіп жатады. Мұндай ақпарат қоғамдық тұрақтылыққа, азаматтардың қауіпсіздігіне, тіпті мемлекеттің саяси тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін. Сол себепті фейк жаңалықтармен күрес қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл ғылыми мақалада жалған ақпарат пен фактчекинг ұғымдарына талдау жасалып, олардың қоғамдағы рөлі мен маңыздылығы ашылады. Сонымен қатар фейк жаңалықтардың таралу себептері, олармен күрес тәсілдері мен Қазақстандағы қазіргі жағдай қарастырылады. Мақаланың басты мақсаты — ақпарат кеңістігіндегі қауіптерді түсіндіру және жалған ақпаратпен күресудің тиімді жолдарын көрсету.

Жалған ақпарат — шындыққа жанаспайтын, әдейі немесе байқаусызда таратылған ақпарат түрі. Бұл термин ақпараттық кеңістікте жалған мәліметтерді, жалған бейнематериалдарды немесе бұрмаланған деректерді сипаттау үшін қолданылады. Жалған ақпарат кейде әдейі (дезинформация), кейде білмей (мисинформация), тіпті кейде зиян келтіру мақсатымен (малинформация) таратылады.

Әлеуметтанушылар мен медиазерттеушілер жалған ақпаратты үш негізгі түрге бөледі:

Дезинформация — әдейі жалған немесе адастырушы ақпарат тарату (мысалы, саяси науқандар кезінде қарсыласын қаралау).

Мисинформация — қате немесе шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты білмей тарату.

Малинформация — шынайы ақпаратты, бірақ зиян келтіру мақсатымен тарату (мысалы, адамның жеке өмірін әшкерелеу) [1, 56 б.].

Жалған ақпарат тек XXI ғасырдың мәселесі емес. Оның тамыры тереңде жатыр. Орта ғасырларда патшалар мен дін өкілдері өз билігін нығайту үшін жалған мәліметтер мен қауесеттер таратқан. Кеңестік кезеңде де идеологиялық үгіт-насихат мақсатында жалған деректер жиі қолданылды. Алайда, цифрлық технологиялардың дамуы жалған ақпаратты бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен таратуға мүмкіндік берді.

Мысалы, 2016 жылғы АҚШ-тағы президенттік сайлау кезінде фейк жаңалықтар Facebook және Twitter платформаларында кеңінен таралып, қоғамдық пікірге елеулі әсер етті [2, 112 б.].

Жалған ақпарат көбінесе манипуляция элементтерін қамтиды: сенсациялық тақырыптар, эмоциялық мазмұн, жалған дереккөздерге сілтеме, жалған бейнематериалдар. Жаңалық формасында берілгенімен, оның мазмұны тексеруге келгенде шындықтан алыс болады.

Мысалы, жалған ақпарат мынадай форматтарда кездеседі:

Бұрмаланған дәйексөздер немесе статистика. Таныс адамдардың атымен таратылған хабарламалар («Медицина қызметкері айтты...») Бейнежазбалардың монтаж арқылы өзгертілуі. Фейк аккаунттардан таралған «жедел хабарлар».

Ақпараттық қоғамда әлеуметтік желілер адамдардың басты ақпарат көзіне айналды. Facebook, Instagram, TikTok, Telegram және басқа платформаларда жаңалықтар лезде таралады, ал оны таратушылар — қарапайым қолданушылар. Осындай ашықтық пен жылдамдық фейк ақпараттардың да оңай әрі кең таралуына себеп болды. Әлеуметтік желілер алгоритмдері пайдаланушылардың қызығушылығына қарай контентті іріктейді, бұл «ақпараттық көпіршіктерге» (filter bubble) әкеліп соғады. Яғни, адам тек өз көзқарасына сәйкес келетін жаңалықтарды ғана көреді. Бұл жағдай жалған ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, оның шынайылығына күмәнсіз сенуге итермелейді [3, 87 б.].

Көптеген адамдар ақпаратты сын тұрғысынан бағалауға дағдыланбаған. Мектепте немесе университетте ақпаратты талдау, тексеру, дереккөздермен жұмыс істеу дағдылары жеткіліксіз үйретіледі. Осыған байланысты адамдар фейк жаңалықтарды жиі байқамай бөліседі. Медиасауаттылық — жалған ақпаратпен күрестегі басты құралдардың бірі. Зерттеулер көрсеткендей, медиасауатты аудитория фейк жаңалықтарды тануға бейім келеді және оларды таратудан тартынады [4, 62 б.].

Фейк жаңалықтардың таралуына адамның психологиялық ерекшеліктері де әсер етеді. Мысалы: Когнитивті қисындар — адам өз сеніміне сәйкес келетін ақпаратты ғана дұрыс деп қабылдайды (confirmation bias). Қорқыныш пен үрей — пандемия немесе әскери қақтығыстар сияқты дағдарыс жағдайларында адамдар сенсациялық және қорқынышты жаңалықтарға сенуге бейім болады.

Әлеуметтік растау — егер таныстары немесе көпшілік бір ақпаратты бөліссе, адам да оны шын деп қабылдай бастайды. Сондай-ақ, эмоциялық реакциялар — ашу, қорқыныш, үміт — фейк ақпараттың вирусша таралуына ықпал етеді [5, 44 б.].

Фактчекинг (ағылш. fact-checking) — бұл ақпараттың шынайылығын тексеру процесі. Яғни, жарияланған немесе таралған ақпараттың, мәлімдеменің, жаңалықтың, фотосурет пен видеолардың шындыққа сәйкестігін дәлелдеу немесе жоққа шығару. Бұл әдіс журналистикада, ғылымда, құқық саласында және жалпы қоғамдық коммуникацияда қолданылады. Фактчекингтің басты мақсаты — қоғамға нақты, расталған және сенімді ақпарат ұсыну. Сонымен қатар, бұл әдіс ақпарат кеңістігін тазартуға, адастырудан сақтануға және жалған ақпаратпен күреске бағытталған [6, 29 б.].

Әлемде фактчекингпен айналысатын тәуелсіз ұйымдар мен медиаплатформалар көп. Мысалы, PolitiFact (АҚШ), Full Fact (Ұлыбритания), Snopes, FactCheck.org сынды жобалар қоғамдағы ақпаратты бақылауға бағытталған. Бұл ұйымдар халықаралық фактчекинг желілерінің мүшесі болып табылады (International Fact-Checking Network — IFCN).

Қазақстанда да соңғы жылдары фактчекинг мәдениеті қалыптасып келеді. Атап айтқанда:

Factcheck.kz — Қазақстандағы алғашқы кәсіби фактчекинг платформасы. Ол саясат, медицина, әлеуметтік желідегі ақпараттарды тексеріп, зерттеу жүргізеді.

StopFake.kz — жалған ақпаратты әшкерелейтін мультимедиялық жоба.

Kazfactcheck.kz — қазақстандық контентке бағытталған тағы бір фактчекинг ресурсы [7]. Бұл платформалар ресми дереккөздерге сүйене отырып, деректерді сараптап, қоғамға нақты қорытындылар ұсынады.

Фактчекинг нақты әдістерге сүйенеді. Олар:

Дереккөзді тексеру — ақпараттың кім тарапынан шыққанын анықтау, оның беделі мен сенімділігін бағалау. Кері іздеу (reverse search) — сурет немесе видеоның түпнұсқасын іздеу үшін Google Reverse Image Search, TinEye сияқты құралдарды қолдану. Кросс-сілтеме — бірнеше сенімді дереккөзден ақпаратты салыстырып тексеру. Мәтін талдауы — манипуляциялық, сенсациялық элементтердің бар-жоғын анықтау (мысалы, айқайлап жазылған тақырыптар, нақты емес дерек). Фактчек боттар мен алгоритмдер — жасанды интеллект көмегімен фейк ақпаратты автоматты түрде анықтау (мысалы, Full Fact-тың құралдары) [8].

Қазақстанда жалған ақпаратпен күрес мәселесі соңғы жылдары ерекше өзектілікке ие болды. 2018 жылы Қазақстанда «Ақпараттандыру туралы» заң қабылданып, оның аясында ақпараттық қауіпсіздікті

қамтамасыз ету шаралары қарастырылды. Осы заңға сәйкес, ақпараттың шынайылығын тексеру және жалған ақпаратты таратушыларға қатысты жауапкершілік мәселелері көтерілді. 2020 жылы Қазақстанда «Жалған ақпарат таратуға қарсы тұру туралы» заң жобасы ұсынылып, онда әлеуметтік желілерде таралатын жалған ақпарат үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделді. Заң жобасының мақсаты — ақпараттық терроризмге қарсы күресу және қоғамдық тәртіпті сақтау. Алайда, бұл заңның кейбір ережелері жеке тұлғалардың пікірлерін цензуралау мақсатында қолданылуы мүмкін деген алаңдаушылық туғызды [9, 78 б.].

Қазақстанда жалған ақпаратпен күреске бағытталған бірнеше нақты бастамалар іске асырылды. Мысалы, 2020 жылы әлеуметтік желілерде коронавирус туралы жалған ақпараттар көбейген кезде Қазақстан Үкіметі «StopFake.kz» жобасын кеңейтуді қолға алды. Бұл жоба арқылы азаматтар фейк жаңалықтар мен қауесеттерді тексеруге мүмкіндік алды. Сонымен қатар, қазақстандық БАҚ-тар мен тәуелсіз ұйымдар фейк ақпаратпен күресудің тиімді жолдарын іздестіруде. Көптеген газеттер мен жаңалық сайттары арнайы бөлімдер ашып, оқырмандарды жалған ақпараттан қорғауға бағытталған материалдар жариялады [10, 124 б.].

Қоғамдық ұйымдар мен БАҚ Қазақстанда жалған ақпаратпен күресуде маңызды рөл атқарады. Әсіресе, жастарға медиасауаттылықты арттыру үшін түрлі жобалар мен тренингтер ұйымдастырылуда. Қазақстандағы үздік медиасауаттылық бағдарламаларының бірі — «Медиасауаттылық бойынша ұлттық кампания» жобасы. Бұл жоба аясында жастар мен студенттер үшін арнайы тренингтер мен онлайн курстар ұйымдастырылуда. БАҚ, әсіресе онлайн басылымдар, жалған ақпаратпен күресуде азаматтық міндет атқарады. Журналистер мен редакторлар өз материалдарын тексеріп, ақпараттың шынайылығын анықтауға тырысады. Әрине, мұндай жұмыс тек журналистердің ғана емес, қоғамның әрбір мүшесінің жауапкершілігі болуы тиіс [11, 56 б.].

Жалған ақпаратпен күресудің ең тиімді әдістерінің бірі — медиасауаттылық деңгейін арттыру. Медиасауаттылық — бұл ақпаратты дұрыс қабылдау, түсіну және бағалау қабілеті. Әрбір адам ақпаратты тексеріп, оның шынайылығын анықтау үшін белгілі бір дағдыларға ие болуы тиіс.

Қазақстанда медиасауаттылық бойынша арнайы курстар мен бағдарламалар іске асырылуда. Мектептер мен университеттерде ақпараттық сауаттылықты арттыру бағытында пәндер енгізілуде. Мысалы, мектептерде «Медиасауаттылық және ақпараттық технологиялар» деген пәнді енгізу, студенттерге дереккөздерді тексеру әдістерін үйрету жалған ақпараттың таралуын азайтуға ықпал етеді. Бұдан басқа, медиасауаттылықты арттыру үшін әлеуметтік желілерде арнайы ақпараттық кампаниялар ұйымдастыру маңызды. Тек жастар ғана емес, ересектер де медиасауаттылықты арттыру керек. Бұл мақсатта түрлі БАҚ пен үкіметтік емес ұйымдар бірлесіп ақпараттық жобалар ұйымдастыруда [12, 65 б.].

Цифрлық технологиялардың дамуы жалған ақпаратпен күресуде жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Жасанды интеллект (ЖИ) және алгоритмдер арқылы жалған ақпараттарды автоматты түрде анықтауға болады. Мысалы, бірнеше платформада автоматты фактчекинг құралдары жұмыс істейді, олар ақпараттың шынайылығын тексеру үшін арнайы алгоритмдер мен дерекқорларды қолданады. Жасанды интеллекттің көмегімен суреттер мен видеолардың түпнұсқалығы анықталуы мүмкін. Бейнемазмұнның манипуляция жасалғанын немесе редакцияланғанын автоматты түрде анықтайтын бағдарламалар дамуда. Бұл технологиялар жалған ақпаратты жедел анықтауға және таралуына жол бермеуге мүмкіндік береді. Қазақстанда да цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қолдану бойынша зерттеулер жүргізілуде [13, 98 б.].

Жалған ақпаратпен күресу тек жеке бір елдің ғана емес, халықаралық деңгейде де жүзеге асырылуы тиіс. Әлемдегі көптеген елдер жалған ақпаратпен күресу үшін бірлескен жобалар мен платформалар құрып, өз тәжірибелерімен бөлісуде. Қазақстан үшін халықаралық ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Әсіресе, Еуразия аймағында және халықаралық ұйымдарда жалған ақпаратпен күреске бағытталған жобаларға қатысу тиімділікті арттырады. Бұл ұйымдар бір-бірімен ақпарат алмасып, бірлескен зерттеулер жүргізіп, жалған ақпараттың таралуын бақылауға көмектеседі.

Сонымен қатар, мемлекет жалған ақпаратпен күресу үшін халықаралық тәжірибені зерделеп, өз заңнамасын жетілдіріп отыруы керек. Қазақстандағы құқық қорғау органдары мен мемлекет тарапынан интернет платформаларымен жұмыс істейтін заңнамалық бастамалар халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді [14, 72 б.].

Қорытындылай келе, жалған ақпарат — бұл қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның өзекті мәселелерінің бірі. Әлеуметтік желілер мен интернеттің қарқынды дамуы арқылы жалған ақпараттың таралу жылдамдығы артып, ол қоғамдық пікірге теріс әсер ете алады. Жалған ақпараттың таралуы тек жеке адамдарға ғана емес, мемлекеттердің қауіпсіздігіне, экономикаға және әлеуметтік тұрақтылыққа да қатер төндіреді. Фактчекинг — бұл жалған ақпаратпен күресудің тиімді әдісі. Дегенмен, ақпараттың шынайылығын тексеру тек кәсіби мамандардың міндеті емес. Әрбір азамат ақпаратты сын көзбен қарап, тексеріп, тарату кезінде жауапкершілікті сезінуі қажет. Бұл үшін медиасауаттылықты арттыру, цифрлық технологияларды пайдалану және халықаралық ынтымақтастықты нығайту өте маңызды.

Қазақстанда жалған ақпаратпен күресу үшін құқықтық және білім беру саласында бірқатар жұмыстар жасалуда. Заңнамалық база жетілдірілуде, бірақ мұндай күрестің тиімділігі тек қоғамның санасы мен медиасауаттылығының жоғары болуына байланысты. Сондай-ақ, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарының дамуы жалған ақпаратты анықтауға мүмкіндік беріп, күресті жедел әрі тиімді етуге жол ашады.

Қорыта айтқанда, жалған ақпаратқа қарсы тұру тек заңдар мен технологиялармен шектелмей, қоғамның әрбір мүшесінің ақпараттық жауапкершілігін сезінуі арқылы жүзеге асырылады. Бұл күрес тек бір мемлекеттің ғана емес, әлемдік қауымдастықтың ортақ міндеті болып табылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ:

1. Бенжамен, М. А. (2019). Жалған ақпарат және манипуляция: заманауи медиа кеңістігі. Алматы: Ғылым. [1, 56 б.]
2. Тлеубердина, А. Ж. (2020). Ақпараттық қауіпсіздік және медиасауаттылық. Алматы: ҚазҰУ баспасы. [2, 112 б.]
3. Құдайбергенова, Г. Ә. (2021). Әлеуметтік желілерде таралатын жалған ақпарат: факторлары мен күресу жолдары. Қазақ журналистикасы журналы, 3(7), 87-95 б. [3, 87 б.]
4. Ахметов, Б. К. (2018). Медиасауаттылық және ақпараттық манипуляцияның психологиясы. Қоғам және мәдениет, 1(5), 60-65 б. [4, 62 б.]
5. Шакиров, Т. Б. (2020). Ақпараттық тероризм және оның қоғамға әсері. Астана: Болашақ. [5, 44 б.]
6. Қарақұлов, Е. О. (2019). Цифрлық дәуірдегі фактчекинг: ақпаратты тексеру әдістері мен құралдары. Ақпараттық зерттеулер журналы, 2(9), 29-35 б. [6, 29 б.]
7. Махмудова, Ә. С. (2021). Қазақстандағы фактчекинг және әлеуметтік желілерде жалған ақпаратты анықтау тәжірибесі. ҚазҰУ хабаршысы, 4(12), 123-130 б. [7]
8. Ержанова, Ж. С. (2020). Жалған ақпарат және оның таралуын анықтау әдістері. Интернет және қоғам, 8(3), 44-50 б. [8]
9. Үсіпбекова, А. А. (2020). Қазақстандағы ақпараттық қауіпсіздік пен медиасауаттылық мәселелері. Журналистика әлемі, 5(10), 78-82 б. [9, 78 б.]
10. Нұрпейісова, Р. Т. (2021). Жалған ақпараттың таралуы және оған қарсы заңнамалық шаралар. Қазақстанның құқықтық жүйесі, 3(11), 124-130 б. [10, 124 б.]
11. Сүлейменова, Г. С. (2021). Қоғамдық ұйымдардың рөлі және ақпараттық қауіпсіздік. Алматы: Қазақ университеті. [11, 56 б.]
12. Керімбай, М. Қ. (2021). Медиасауаттылықты арттырудағы мемлекеттік бағдарламалар. Қазақстанның білім беру жүйесі, 4(8), 65-70 б. [12, 65 б.]
13. Досымбекова, А. Б. (2020). Жасанды интеллект пен ақпараттық қауіпсіздік. Ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік, 2(4), 98-103 б. [13, 98 б.]
14. Мухамеджанов, Қ. Т. (2021). Әлемдік тәжірибе және Қазақстандағы жалған ақпаратпен күрес тәсілдері. Қоғамдық саясат, 6(2), 72-78 б. [14, 72 б.]

УДК 338.48

Бердыгулова А.Д.
«Ақпараттық коммуникациялық
Технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы
Абылай Хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: berdygulova.a@ablaikhan.kz
Зекенқызы А.,
3-курс студенті, «6В11101-Туризм»
Абылай Хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ
Алматы, Қазақстан, e-mail: zekenkyzy05@inbox.ru

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ КАРТАЛАР МЕН НАВИГАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР. МАРШРУТТАРДЫ ЖОСПАРЛАУ ҮШІН ОНЛАЙН КАРТАЛАР МЕН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ

Түйін: Бұл мақалада туризм саласында цифрлық карталар мен навигациялық қызметтердің маңызы қарастырылады. Онлайн карталар мен мобильді қосымшалар туристерге маршруттарды тиімді жоспарлауға, уақыт пен шығынды үнемдеуге, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектеседі. Google Maps, 2GIS, Maps.me, Waze және Komoot сияқты платформалар арқылы туристер навигацияны жеңілдетіп, қоғамдық көлік бағыттарын анықтай алады. Сонымен қатар, офлайн карталар интернетке қосылу мүмкіндігі шектеулі аймақтарда бағыттан жаңылмауға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялардың дамуы туризм индустриясын жаңа деңгейге көтеріп, саяхатшылардың тәжірибесін анағұрлым ыңғайлы әрі қауіпсіз етеді.

Тірек сөздер: туризм, цифрлық карталар, навигация, онлайн карталар, мобильді қосымшалар, маршрут жоспарлау, Google Maps, 2GIS, Maps.me, Waze, Komoot, офлайн карталар, туристік навигация, қоғамдық көлік, туристік технологиялар, қауіпсіздік, цифрлық туризм.

Berdygulova A.D
senior lecturer of the Department
"Information and communication" technologies"
Ablaikhan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: berdygulova.a@ablaikhan.kz
Zekenkyzy A.,
3rd year student «6B11101-Tourism»
Ablaikhan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: zekenkyzy05@inbox.ru

DIGITAL MAPS AND NAVIGATION SERVICES IN THE FIELD OF TOURISM. USING ONLINE MAPS AND MOBILE APPS TO PLAN ROUTES

Abstract: This article examines the importance of digital maps and navigation services in the tourism industry. Online maps and mobile applications help tourists efficiently plan routes, save time and costs, and ensure safety. Platforms such as Google Maps, 2GIS, Maps.me, Waze, and Komoot simplify navigation and provide information on public transport routes. Additionally, offline maps allow travelers to stay on course in areas with limited internet access. The development of digital technologies is taking the tourism industry to a new level, making travel experiences more convenient and secure.

Keywords:tourism, digital maps, navigation, online maps, mobile applications, route planning, Google Maps, 2GIS, Maps.me, Waze, Komoot, offline maps, tourist navigation, public transport, travel technologies, safety, digital tourism.

Туризм саласында цифрлық карталар мен навигациялық қызметтер саяхатшылар үшін ажырамас құралға айналды. Заманауи технологиялардың дамуы маршруттарды жоспарлауды жеңілдетіп қана қоймай, туристік тәжірибені анағұрлым ыңғайлы әрі қауіпсіз етеді. Онлайн карталар мен мобильді қосымшалар геолокация деректерін пайдалана отырып, ең тиімді бағыттарды ұсынуға, жолдағы тосын жағдайлардан хабардар етуге және маңызды туристік нысандар туралы толық ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде Жаңа технологиялар икемді және ұйымдасқан, бәсекеге қабілетті демалыс өткізуге мүмкіндік береді. Стандартты және кешенді туризмнін орнына жаппай сұранысқа сүйене отырып жасалған оның жаңа түрлері келеді, яғни, цифрлы туризм.

Қазақстанның үлкен туристік әлеуетіне қарамастан, еліміз халықаралық туристік елдерінің тізбегіне қосыла алар емес. Мұның бір себебі заманауи құралдар негізіндегі жеткіліксіз дәреже- дегі ақпараттық ресурстар болып отыр. Толық ақпаратпен қамтылған нарықты біз жоғарғы деңгейлі нарыққа жатқыза алмаймыз. Турист пен туристік агенттіктің арасындағы делдал ақпараттық құралдар болып табылады. Ол тек ақпараттар ағыны ретінде ғана емес, қызметтер мен төлемдер ретінде де көрініс табады. Мысалы мынадай қызметтер: қонақүйде қону, автокөлік жалдау, комплексті турлар, ұшақ орындары және т.б.

Google Maps, Yandex Maps, Maps.me және Waze сияқты танымал платформалар туристерге тек картографиялық мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар кептелістер, жол жөндеу жұмыстары, ауа райы жағдайлары және қоғамдық көлік қозғалысы туралы деректерді ұсынады. Бұл қосымшалар нақты уақыт режимінде жаңартылып отырады, сондықтан туристер сапар барысында жағдайға бейімделе алады. Сонымен қатар, кейбір сервистер офлайн карталарды жүктеп алуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе интернетке қолжетімділік шектеулі аймақтарда өте пайдалы.

Туризм саласында цифрлық карталар мен навигациялық қызметтер саяхатшылар үшін қажетті құралға айналды. Заманауи технологиялар маршруттарды жоспарлауды жеңілдетіп, уақыт пен шығынды үнемдеуге, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектеседі. Онлайн карталар мен мобильді қосымшалар геолокация деректерін пайдаланып, ең тиімді бағыттарды ұсынуға, жолдағы жағдайлардан хабардар етуге және маңызды туристік нысандар туралы толық ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Мысалы, Google Maps – туристер арасында ең кең таралған навигациялық құралдардың бірі. Ол туристік нысандарды іздеуге, маршрут құруға және қоғамдық көлік қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді. Парижге саяхат жасаған турист Google Maps арқылы Лувр музейіне ең қысқа жолды жоспарлап, жақын маңдағы мейрамханалар мен дәмханалар туралы пікірлерді оқып, тіпті брондау жасай алады. Бұл сервис туристердің уақытын үнемдеп қана қоймай, сапарларын ыңғайлы етеді.

Ал Maps.me қосымшасы интернетке қосылу мүмкіндігі шектеулі аймақтарға сапар шегетін туристер үшін таптырмас құрал. Мысалы, Қазақстанның Катон-Қарағай ұлттық паркіне барған туристер Maps.me-дің офлайн картасын алдын ала жүктеп алып, таулы аймақта байланыс болмаған жағдайда да өз бағытын таба алады. Бұл сервис жолсыз аймақтарда да жұмыс істейтіндіктен, альпинистер мен треккинг әуесқойлары үшін өте пайдалы.

Еуропада автосаяхат жасағысы келетін туристер үшін Waze қосымшасы тиімді шешім болып табылады. Ол нақты уақыт режимінде кептелістер, жол апаттары мен жол жөндеу жұмыстары туралы хабарлап, ең жылдам маршрутты ұсынады. Мысалы, Италияда автокөлік жалдаған турист Венециядан Флоренцияға бара жатқанда Waze қосымшасы арқылы ең жылдам бағытты таңдап, уақытын үнемдей алады.

Komoot қосымшасы белсенді демалысты жақсы көретіндер үшін өте ыңғайлы. Бұл сервис велосипедшілер мен жаяу жүргіншілерге арналған бағыттарды ұсынумен ерекшеленеді. Мысалы, Швейцариядағы Альпі тауларына жаяу серуендеуді жоспарлаған турист Komoot арқылы маршрут құрып, жолдың бедерін, ауа райы жағдайын және қажетті құрал-жабдықтар туралы ақпаратты ала алады.

Қазақстанда да цифрлық карталар мен навигациялық сервистер туризмді дамытуға ықпал етуде. Туристер үшін қалада еркін қозғалу, қажетті мекемелерді табу және бағытты дұрыс жоспарлау өте маңызды. Осы тұрғыда 2GIS қосымшасы саяхатшыларға үлкен көмек көрсетеді. Ол картографиялық қызметтермен қатар, ұйымдар мен мекемелер туралы толық мәлімет беріп, қоғамдық көлік бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл қосымша әсіресе интернеті шектеулі немесе бейтаныс қалаға келген туристер үшін таптырмас құрал.

2GIS қосымшасы туристерге баратын жерлерді тез әрі оңай табуға көмектеседі. Мысалы, Алматыға келген турист “2GIS” арқылы жақын маңдағы қонақүйлерді, мейрамханаларды, банкоматтарды, дәріханаларды немесе туристік агенттіктерді тауып, олардың жұмыс кестесі мен байланыс нөмірлерін көре алады. Бұдан бөлек, мекемелер туралы пікірлерді оқып, ең жақсы нұсқаны таңдау мүмкіндігіне ие.

Туристер үшін қоғамдық көлікті пайдалану – шығындарды үнемдеудің тиімді жолы. 2GIS қосымшасы Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент және басқа да қалаларда автобустардың, троллейбустардың және метроның қозғалыс бағыттарын толықтай көрсетеді. Мысалы, қалаға алғаш рет келген турист әуежайдан қонақүйге жетудің ең жылдам әрі арзан жолын 2GIS арқылы оңай анықтай алады. Сонымен қатар, қосымшада нақты уақыт режимінде қоғамдық көліктің қай жерде келе жатқанын бақылауға болады.

Көптеген туристер саяхат барысында интернетке қолжетімділік мәселесіне тап болады. Осы жағдайда 2GIS-тің офлайн карталары үлкен көмек көрсетеді. Турист алдын ала қажетті қаланың картасын жүктеп алып, интернетсіз-ақ навигацияны пайдалана алады. Бұл әсіресе шетелге шыққан саяхатшылар үшін өте ыңғайлы, себебі роуминг қызметі қымбат болуы мүмкін.

2GIS қосымшасы кейбір қызметтер мен жеңілдіктер туралы ақпарат бере алады. Мысалы, турист белгілі бір мейрамханалар мен кафелерде арнайы акциялар жүріп жатқанын біліп, арзан бағамен тамақтану мүмкіндігін пайдалана алады. Сонымен қатар, қосымшада такси қызметтерінің бағасын салыстыруға болады, бұл саяхатшыға ең тиімді нұсқаны таңдауға көмектеседі.

Қалада жаяу серуендегенді ұнататын туристер үшін 2GIS жаяу жүргіншілер маршруттарын ұсынады. Бұл әсіресе тарихи орындар мен көрнекі жерлерді аралағысы келетін саяхатшылар үшін пайдалы. Мысалы, турист Алматының орталығында орналасқан 28 панфиловшылар саябағы, Орталық мешіт, “Арбат” жаяу жүргіншілер көшесі сияқты көрікті жерлерді өз бетінше аралай алады.

Туристер үшін қауіпсіздік мәселесі маңызды болғандықтан, 2GIS қосымшасы жақын маңдағы ауруханалар, полиция бөлімдері, елшіліктер мен дәріханалардың орналасқан жерін көрсетеді. Бұл шетелден келген туристер үшін өте маңызды, себебі олар төтенше жағдай орын алғанда қайда жүгіну керектігін алдын ала біле алады.

2GIS қосымшасы туристер үшін қаланы зерттеуді жеңілдететін маңызды құралға айналды. Оның көмегімен саяхатшылар қажетті нысандарды оңай таба алады, қоғамдық көліктің бағытын анықтайды, офлайн карталарды пайдаланып интернетсіз де маршрут құрады. Сонымен қатар, қосымша қызмет көрсету орындары туралы пікірлерді оқуға, бағаларды салыстыруға және ең тиімді нұсқаларды таңдауға мүмкіндік береді. Осылайша, 2GIS – туристердің уақытын, қаржысын үнемдейтін және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді көмекші.

Экологиялық туризм саласында цифрлық навигация ерекше рөл атқарады. Мысалы, АҚШ-тағы National Park Service мобильді қосымшасы елдің ұлттық парктерінде қауіпсіз әрі экологиялық таза маршруттарды таңдауға көмектеседі. Қазақстанда осыған ұқсас “Qazaq Geography” қосымшасы ұлттық парктер мен қорықтар туралы ақпарат ұсынып, экотуризмді дамытуға үлес қосады.

Цифрлық карталар мен навигациялық қызметтердің дамуы туристік тәжірибені жаңа деңгейге көтеруде. Олардың көмегімен саяхатшылар сапарларын тиімді жоспарлап, уақыт пен ресурстарды үнемдейді. Сонымен қатар, бұл технологиялар туристік компанияларға клиенттерге сапалы қызмет көрсетіп, ыңғайлы маршруттар ұсынуға мүмкіндік береді. Болашақта жасанды интеллект пен толықтырылған шындық элементтері енгізілген навигациялық шешімдер саяхат тәжірибесін одан әрі жетілдіретіні сөзсіз.

Цифрлық навигация жүйелері жеке туристер үшін ғана емес, туризм компаниялары мен гидтер үшін де таптырмас құралға айналды. Тур ұйымдастырушылары клиенттеріне дайын маршруттарды ұсынып, бағыт бойындағы маңызды көрнекі орындар, қонақүйлер мен мейрамханалар туралы ақпаратты алдын ала енгізе алады. Кейбір платформалар туристік бағыттар мен экскурсияларды толықтырылған шындық элементтерімен байытып, тарихи немесе мәдени нысандар жайлы интерактивті мәліметтер береді.

Соңғы жылдары жасанды интеллект пен Big Data технологияларын қолдану навигация қызметтерінің сапасын арттырды. Туристердің жүріп өткен жолдарын талдау арқылы қосымшалар олардың мүдделеріне сәйкес жаңа ұсыныстар жасай алады. Мысалы, саяхатшы тарихи орындарға жиі барса, жүйе оған ұқсас басқа нысандарды ұсынуы мүмкін. Сондай-ақ, туристік платформалар әлеуметтік желілермен интеграцияланып, пайдаланушыларға өз әсерлерімен бөлісуге және басқа саяхатшылардың пікірлерін оқуға мүмкіндік береді.

Цифрлық карталар мен мобильді қосымшалар экологиялық туризмді дамытуға да ықпал етуде. Ұлттық парктер мен табиғи қорықтар арнайы мобильді қосымшалар арқылы туристерге экожүйені сақтауға

бағытталған ұсыныстар беріп, қауіпсіз маршруттар бойынша бағыттай алады. Кейбір платформалар сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік ету орталарын көрсетіп, экотуризм әуесқойларына табиғатты қорғау ережелерімен танысуға көмектеседі.

Цифрлық карталар мен навигациялық қызметтердің дамуы туризм индустриясын жаңа деңгейге көтерді. Олардың көмегімен туристер саяхаттарын оңай жоспарлап, уақыт пен қаражатты үнемдей алады. Сонымен қатар, бұл технологиялар туристік компаниялардың қызмет көрсету сапасын жақсартып, клиенттерге ыңғайлы және қауіпсіз маршруттар ұсынуға мүмкіндік береді. Болашақта жасанды интеллект пен кеңейтілген шындық элементтері одан әрі жетіліп, саяхат тәжірибесін одан да қызықты әрі тиімді етеді.

Қорытындылай келе, цифрлық карталар мен навигациялық қызметтер қазіргі заманғы туризм индустриясының ажырамас бөлігіне айналды. Олар саяхатшыларға бағытты оңай анықтауға, сапарларын тиімді жоспарлауға және уақыт пен қаржыны үнемдеуге көмектеседі. Google Maps, 2GIS, Maps.me, Waze, Komoot сияқты қосымшалар туристерге қала ішінде және алыс аймақтарда еркін қозғалуға мүмкіндік береді. Олардың арқасында саяхатшылар қоғамдық көлік бағыттарын біліп, жаяу немесе автокөлікпен жүру үшін ең тиімді маршруттарды таңдай алады.

Сонымен қатар, офлайн карталардың болуы интернет байланысы шектеулі немесе мүлдем жоқ жерлерде де туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе экотуризммен айналысатындар мен табиғи саябақтар мен қорықтарға баратын саяхатшылар үшін маңызды. Одан бөлек, навигациялық қосымшалар туристік орындар туралы пікірлерді оқуға, қызметтердің бағасын салыстыруға және ең ыңғайлы нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялардың дамуы болашақта туризм индустриясына жаңа мүмкіндіктер ашады. Жасанды интеллект пен толықтырылған шындықты пайдалану арқылы туристерге одан да ыңғайлы және интерактивті қызметтер ұсынылады. Мысалы, кеңейтілген навигациялық жүйелер мен смарт-гидтер тарихи және мәдени орындар туралы толық ақпарат беріп, туристік тәжірибені байытады.

Жалпы, онлайн карталар мен мобильді қосымшаларды пайдалану саяхатшыларға ыңғайлылық пен қауіпсіздік қамтамасыз етіп қана қоймай, туризмді дамытудың тиімді құралына айналуда. Сондықтан, туристік компаниялар мен мемлекеттер осы технологияларды белсенді түрде енгізіп, туристерге сапалы қызмет ұсынуы қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010–2014 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 958 // «Казахстанская правда» от 31 марта 2010 г.
2. Ердавлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. -Алматы: Былым, 2000.
3. Маркетинг туризма: учебное пособие / И.В. Гончарова, Т.П. Розанова, М.А. Морозов, Н.С. Морозова. – М.: Федеральное агентство по туризму, 2014. – 224 с
4. Егорова Л.И. Экология туризма и сервиса: учеб, пособие для студ. вузов по географии, экол. специальностям. -М.: Финансы и статистика, 2003. -203с.
5. Кирсанова Е.А. Qr-коды и туризм. К опыту создания цифрового контента об историко-культурных объектах в контексте развития туристических порталов // Вестник Кемеровского государственного университета.- 2015. - № 2 (62), Т. 7. - С. 8-10 5.
6. Кацко С.Ю. Исследование компьют- ерных картографических изображений и их реализация в геоинформационном картографировании: автореф. дис. канд. техн. наук. - Новосибирск.: ред.- изд. отдел ГОУ ВПО СГГА, 2008. - 25 с.

УДК 338.48

Бердыгулова А.Д.,
«Ақпараттық коммуникациялық
Технологиялар» кафедрасының
аға оқытушысы, Абылай Хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ
Алматы, Қазақстан, e-mail: berdygulova.a@ablaikhan.kz
Рысбек А.,
3-курс студенті, «6В11101-Туризм»
Абылай Хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ
Алматы, Қазақстан, e-mail: aluarysbek2005@mail.ru

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ФОТО ЖӘНЕ БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРДЫ ӨҢДЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАЛДАР. СУРЕТТЕРДІ РЕДАКЦИЯЛАУ, БЕЙНЕ РЕДАКЦИЯЛАУ, ВИРТУАЛДЫ ТУРЛАР ЖАСАУ

Түйін: Бұл зерттеу жұмысында туризм саласындағы фото және бейнематериалдарды өңдеуге арналған құралдардың маңыздылығы мен қолданылу ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі таңда туристік

индустрияда сапалы визуалды контент маркетингтің негізгі құралдарының біріне айналды. Саяхатшылар белгілі бір бағытты таңдау барысында суреттер мен бейнематериалдарға сүйенетіндіктен, туроператорлар, қонақ үйлер, мейрамханалар және туристік нысандар визуалды контентті тиімді пайдалануға тырысады.Зерттеу жұмысы үш негізгі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде туристік фотосуреттерді өңдеуге арналған Adobe Photoshop, Lightroom, Canva сияқты танымал құралдар қарастырылады. Бұл бағдарламалар жарық, контраст, түстерді түзету, қажетсіз элементтерді жою және суреттерді жарнамалық мақсатта өңдеу үшін қолданылады. Екінші бөлімде бейнематериалдарды өңдеуге арналған Adobe Premiere Pro, Final Cut Pro, DaVinci Resolve, CapCut сияқты кәсіби және мобильді құралдар сипатталады. Туристік бейне контент – әлеуметтік желілерде, жарнамалық науқандарда және саяхатшылардың жеке блогтарында кеңінен қолданылады.Үшінші бөлім виртуалды турлар жасау технологияларына арналған. Google Street View, Matterport, 3DVista сияқты құралдар туристік орындарды қашықтан зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар қонақ үйлер, мұражайлар, тарихи ескерткіштер мен табиғи қорықтарды виртуалды түрде аралауға жағдай жасайды. Виртуалды турлар туристерге алдын ала зерттеу жүргізуге көмектесіп, олардың сенімді шешім қабылдауына ықпал етеді.Сонымен қатар, зерттеу барысында заманауи трендтер, соның ішінде VR (виртуалды шындық) және AR (толықтырылған шындық) технологияларының туризмге ықпалы талқыланады. Бұл технологиялар туристерге жаңа әсер сыйлап, белгілі бір орынға бармас бұрын оны виртуалды түрде «аралап шығуға» мүмкіндік береді.Жұмыстың нәтижелері туристік агенттіктерге, контент жасаушыларға, маркетологтарға және туризм саласында қызмет көрсететін кәсіпкерлерге пайдалы болуы мүмкін. Сапалы фото және бейнематериалдарды өңдеу құралдарын тиімді пайдалану туристік өнімнің танымалдығын арттырып, туристердің сенімін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, зерттеу жұмысы болашақта туризм индустриясында цифрлық технологияларды дамытуға бағытталған ұсыныстарды қамтиды.

